



САЯСИ ЖҮЙЕ: ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТИЛЕР МЕН ҚАЗАҚСТАН ТӘЖІРИБЕСІ

ПАРТИЯ МҮШЕСІНІҢ КІТАП ҚОРЫ

АСТАНА-2016



СЯСИ ЖҮЙЕ: ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР МЕН ҚАЗАҚСТАН ТӘЖІРИБЕСІ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Астана
2016

ӘОЖ 323 (574)
ББК 66.3 (5 Қаз)
Б 90

«Нұр Отан» Партиясы Саяси менеджмент мектебінің
тапсырысымен дайындалды

Рецензенттер:

Алияров Е.К. – саяси ғылымдарының докторы

Жолдыбалина А.С. – PhD доктор

Б 90 Саяси жүйе: теориялық аспектілер мен Қазақстан тәжірибесі. Оқу құралы / Булуктаев Ю.О., Боқанова Ж.Қ., Иманбаева С.Е., Масатова Б.Б. – Астана: Саяси менеджмент мектебі, 2016. – 156 бет.

ISBN 978-601-7873-06-6

«Саяси жүйе: теориялық аспектілер және Қазақстан тәжірибесі» атты оқу құралында Қазақстандағы саяси жүйенің қалыптасуы барысындағы маңызды мәселелер мен даму тенденциялары қарастырылған. Әр тараудың соңында негізгі қорытындылар мен өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар берілген.

Оқу құралы партиялық қызметкерлерге, партия мүшелеріне, сондай-ақ әлеуметтік-саяси мәселелерге көңіл бөліп, қызығушыларға арналған.

ӘОЖ 323 (574)
ББК 66.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7873-06-6

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
I. Қоғамның саяси жүйесі.....	6
1.1. Саяси жүйе: түсінігі, құрылымы, функциялары.....	6
1.2. Саяси жүйе теориялары	28
1.3. Саяси жүйе типологиясы	50
II. Қазақстандағы саяси жүйенің реформалануы.....	66
2.1. Реформалаудың кезеңдері мен ерекшеліктері.....	66
2.2. Қазақстанның саяси жүйесіндегі саяси партиялардың орны.....	101
2.3. Қазақстан Республикасының саяси жүйесін демократияландырудағы «Нұр Отан» партиясының рөлі мен функциясы	121
Қорытынды.....	147
Дереккөздер мен пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	149
Глоссарий.....	155

КІРІСПЕ

«Саяси жүйе» түсінігі саяси биліктің және оның әрбір деңгейіндегі биліктік қатынастардың нақты шекарасын анықтауға мүмкіндік береді. Саяси жүйенің жалпы анықтамаларының оның ең басты сипаты жазалау, қысым көрсету, бағындыру, яғни адамдардың мінез-құлқын реттеу сынды заңды ерекшеліктерімен үнемі айқындалады.

Саяси жүйе – саяси қызметті ұйымдастыру мен оны жүзеге асыру тетігі. Саяси институттар мен құрылымдар арқасында ол қоғам өміріне тұтастай әсер ете алады. Саяси жүйе механизмінің әрекеті қоғам ішіндегі құндылықтар мен ресурстардың бөлінуіне билік ете отырып, көпшілікке арналған белгілі бір тәртіп пен стандарттарды орнатады.

Қазақстандық қоғамның саяси жүйесінің қалыптасуы мен дамуының теориялық аспектілері мен тәжірибесін зерттеу:

- саяси процестерді реттеу механизміне сараптама жасауға және жүйелік позиция тұрғысынан саяси билікті қалыптастыру және соған сәйкес қызмет етуге;
- саяси жүйелердің түрлі типтерін салыстыруға, бұл өз кезегінде әр түрлі елдердегі саяси жүйелердің даму ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді, әлеуметтік дағдарыстар мен саяси шиеленістердің себептерін анықтауға, оларды реттеудің тәжірибесін зерделеуге;
- қоғам өмірінің саяси және саяси емес салалары арасындағы айырмашылықтарды, сондай-ақ олардың өзара әрекеті формаларын зерделеуге жол ашады.

Тақырыпты түсіну саяси өмірді белгілі бір тұтастық пен тұрақтылықта қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте саясаттың құрылымдық, ұйымдастырушылық-институционалдық және функционалдық жақтарына ерекше назар аудару қажет. Мәселен, Қазақстан үшін кеңестік саяси жүйемен салыстырғанда саяси өзгерістердің нәтижесінде президенттік институт қалыптасты, ал парламентаризм саласында Кеңестердің «тежемелі билігінен» бірінші кезекте заң шығарушы функциялар жүктелген парламентке институционалдық ауысу жүзеге

асты.

Осы оқу құралында саяси жүйелердің теориялық тұжырымдамалары, түсініктері, құрылымдары және түрлері қарастырылады. Қазақстанның саяси жүйесінің қалыптасу тәжірибесі мен даму үрдістеріне жеке тарау арналған.

1 ТАРАУ.

Қоғамның саяси жүйесі

1.1. Саяси жүйе: түсінігі, құрылымы, функциялары

Саяси жүйе ғылыми әдебиетте көбіне «нақты бір қоғамның саяси, әлеуметтік, құқықтық, идеологиялық, мәдени нормалардың кодексіне, тарихи дәстүрлеріне және саяси режимнің мақсаттарына бағынған саяси институттардың, саяси рөлдердің, қоғамды саяси ұйымдастыру қатынастарының, процестерінің, қағидаларының біртұтас реттелген жиынтығы» ретінде анықталады.



Қоғамның саяси жүйесі – құқық пен басқа да әлеуметтік нормалардың негізінде реттелген мемлекеттік органдар, саяси партиялар, қозғалыстар, қоғамдық ұйымдар сынды институттардың жиынтығы, оның шеңберінде қоғамның саяси өмірі мен саяси билік жүзеге асырылады.

Саяси жүйені келесі сипаттамалармен де анықтайды:

- «саяси билік жүзеге асыратын түрлі саяси институттардың, әлеуметтік-саяси қауымдастықтардың, олардың арасындағы өзара әрекет пен қарым-қатынас формаларының күрделі әрі тармақталған жиынтығы»;
- «қоғамдық биліктің қолданылуын және мемлекетте азаматтардың байланысын ұйымдастыратын құндылықтар мен қоғамдық институттардың жүйесі»;
- «қоғамда билікті жүргізетін және өзара қарым-қатынастарды реттейтін әлеуметтік институттардың біріктірілген жиынтығы».¹

¹ Қараңыз: Категории политической науки. Учебник. – М.: Московский государственный институт международных отношений (Университет); «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2002. – С. 154; Ильин М.В. Понятийная омонимия: конституции и режимы // Полис, 2007. - №5. - С. 140-141; Булуктаев Ю.О. Политический режим: дефиниции и сущность // Адам әлемі / Мир человека. – 2007. - №3. – С. 22-27.

Саяси жүйе түсінігін ұғындыруға бағытталған тәсілдемелердің кейбіреуін қарастырайық.

«Саяси жүйе» термині саясаттануға ХХ ғасырдың 50-60-шы жылдары енгізілді. Бұған дейін билік қатынастарын сипаттау үшін «басқару типі», «басқару жүйесі» түсініктері қолданылған. Алайда қоғамның даму процестері қоғам мүшелерінің бекітілген нормалар мен қағидаларға бағынумен қатар партиялар, қозғалыстар, ассоциациялар және т.б. құру арқылы билік құрылымдарына ықпал ете бастауына әкелді.

Билік монополия болудан қалды, ал билік қатынастары күрделірек сипатқа ие болды, өйткені онда мемлекеттік емес ұйымдар қатыса бастады. Бұдан былай мемлекеттік құрылымдардың қызметіне сыймайтын билік қатынастарының күрделілігі мен көп өлшемділігін түсіну осыған дейін ғылымда саясатты түсіндіруде үстемдік еткен институционалдық және бихевиористік тәсілдемелерді қайта қарау қажеттілігін тудырды. Алайда жүйелі тәсілдемені енгізудің бұдан да маңызды себебі болды, атап айтқанда: қолайсыз сыртқы орта жағдайында қоғамға тұрақтылық пен өміршеңдікті қамтамасыз ететін әмбебап заңдылықтар мен тетіктерді іздеу қажет еді.

Австриялық-американдық биолог **Л. фон Берталанфи** жасуша мен сыртқы орта арасындағы заттар алмасуын сипаттау үшін ХХ ғасырдың 20-шы жылдары **«жүйе»** түсінігін ғылыми айналымға енгізді. Ол жүйені өзара байланысты элементтердің, өзара әрекетте болатын элементтерден тұратын біртұтастық ретінде қарастырды: өзара тәуелділік қатынастары егер бір жүйенің элементі өзгерсе онда ол тұтастай өзгереді. Жүйе сыртқы сигналдарға және өзінің ішкі элементтерінің талаптарына жауап беру арқылы дамиды.

Кез келген жүйе өзінің элементтерінің сапасына кірістірілмейтін жаңа сапа. Жүйелік тәсілдемеге сәйкес оның әр қайсысын қосалқы жүйе, яғни жоғары деңгей жүйесінің элементі ретінде қарастыруға болады, сонымен бірге элементтердің бір бөлігінің нақты сол жүйеге кездейсоқ немесе жанама қатысы болуы мүмкін.

Қоғамды зерттеуге «жүйе» түсінігін американдық әлеуметтанушы **Т. Парсонс** әкелген. Ол қоғамды төрт қосалқы жүйенің өзара қарым-қатынасы ретінде көрсетті, ол жүйелер экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани өзара тәуелділік мен өзара алмасу қатынастарында болады.

Қосалқы жүйенің әр қайсысы белгілі қызметтерді атқарады, іштен не сырттан келетін талаптарға жауап қатады, ал олар біріге отырып жалпы қоғамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етеді.

Осылайша, тұтынушылық тауарларға деген қажеттілікке бейімделуді экономикалық қосалқы жүйе жүзеге асырады.

Ұжымдық мақсаттарды анықтауды, ол мақсаттарға жету үшін ресурстарды жұмылдыруды, шешім қабылдау саяси қосалқы жүйенің қызметтеріне кіреді.

Әлеуметтік қосалқы жүйе қалыптасқан өмір салтын ұстап тұруды, тұлға мінез-құлқы мотивациясының маңызды факторларына айналатын нормаларды, қағидаларды және құндылықтарды беруді қамтамасыз етеді.

Қоғамды біріктіруді, олардың элементтері арасындағы ынтымақтастық байланыстарын орнату мен сақтауды рухани қосалқы жүйе жүзеге асырады.

Т. Парсонс санағандай, әлеуметтік жүйе дегеніміз – субъектілер арасындағы әлеуметтік өзара әрекеттің жағдайлары мен процестері тудыратын жүйелер.

Олардың құрылымдық компоненттерінің барлық негізгі элементтері (құндылықтар, нормалар, ұжымдар, рөлдер) бір-бірімен қатынаста тәуелсіз өзгермелілер болып табылады.²

Американдық саясаттанушы **Д. Истон** жүйелі әдістің көмегімен саяси жүйені индивидтер мен топтар өздері мойындаған әлеуметтік рөлдер шегінде жүзеге асыратын, ақырғы нәтижесінде қоғам мүшелері арасында қақтығыстарды болдырмауға септігі тиетін, қоғамдағы құндылықтарды (материалдық және рухани) сенімді бөлуге бағытталған өзара әрекет ретінде айқындайды. Саяси жүйенің аталмыш түсіндірмесінде билік оның негізгі

² Парсонс Т. Система современных обществ / Пер. с англ. Л.А. Седова и А.Д. Ковалева. Под ред. М.С. Ковалевой. — М.: Аспект Пресс, 1998. — С. 14-17.

атрибуты ретінде көрініс береді.

Американдық саясаттанушы **Г. Алмонд**, құрылымдық-функционалдық тәсілдеме тұрғысынан, саяси жүйені мемлекеттік институттар ғана емес, қоғамның барлық құрылымдары жүзеге асыратын рөлдер мен өзара іс-қимыл жиынтығы ретінде анықтайды.³

Американдық саясаттанушы **Р. Дальдің** пікірінше, саяси жүйені «билікті, басқаруды немесе беделді өз бойына негізгі компоненттер ретінде жинақтаған адами қатынастардың кез келген тұрақты түрі» ретінде қарастыруға болады.

Р. Дальдің көзқарасы бойынша, саяси жүйелер саяси институттану мен саяси қатынасу деңгейімен ерекшеленеді. Жанұя, шіркеу, кәсіподақ немесе коммерциялық ұйым сынды субсоциальдық топтардағы (яғни, бүтін ретіндегі қоғам деңгейінен төмен топтарда) шешімдер қабылдауды жүзеге асыратын топ ішілік құрылым саяси жүйе ретінде қарастырылады.⁴

Р. Даль, сонымен бірге, адамдардың бірде-бір бірлестігі барлық тұрғыдан саяси болмайды деп атап өтеді. Белгілі бір ел халқының өкілетті өкілдерінен және оның үкіметінен құралған саяси жүйе мемлекет болып табылады. Өз кезегінде, географиялық ұйымдастырылуы мен ұлттық қосалқы жүйелері бар халықаралық саяси жүйе туралы да айтуға болады. Саяси жүйені бұлай ұғынуды кеңейтілген деп аталады, алайда ол Д. Истонның тәсілдемесіне қайшы емес.

«Саяси жүйе» түсінігі саяси процестердің қалайша реттелетінін, саяси биліктің қалыптасуы мен қызмет етуін көрсетеді. Бұл түсінік мемлекет пен қоғам арасындағы, мемлекеттік емес деңгейдегі түрлі әлеуметтік субъектілер арасындағы өзара қарым-қатынастарды сипаттау үшін қолданылады.

Саяси институттар мен құрылымдардың іс-әрекетінің, адамдардың «басқарушылар мен басқарылушылардың»

³ Almond A.G., Verba S. The Civic Culture: Political Attitudes and Democracy in Five Nations. Boston, 1963. – P. 26.

⁴ Даль Р. О демократии / Пер. сангл. А.С. Богдановского; под ред. О.А. Алякринского. – М.: Аспект Пресс, 2000. – С. 90-94.

саяси рөлдерін орындауының арқасында саяси жүйе қоғам өмірінің түрлі жақтарына ықпал етеді.

Саяси жүйе құрылымында келесі компоненттерді бөліп көрсетуге болады:

1) саяси құрылым-саяси ұйымдардың, институттардың және де олардың арасындағы қатынастардың жиынтығы;

2) конституция, жарғылар және партиялардың бағдарламалары, саяси процестерді реттейтін саяси дәстүрлер мен процедуралар ретінде әрекет ететін саяси және құқықтық нормалар;

3) адамдар әрекетінің алуан түрін қамтитын қоғамда саяси билікті жүзеге асыру жүйесін, жұмыс жасауын, қайта жаңаруын және қорғауда болуын қамтамасыз ететін саяси іс-әрекет;

4) саяси сана, бірінші кезекте оның идеология және саяси психология сынды құрамдас бөліктері, олар әр саяси жүйеде айырықша сипаттарға ие болады.

Саяси жүйе-бұл күрделі, иерархиялық құрылым болғандықтан, оның қосалқы жүйелері және құрылымдық элементтері туралы сауал туындайды. Г. Алмонд оған жауап бере отырып, қосалқы жүйе ретінде **«объектілердің үш қомақты класын** бөліп көрсетеді:

1) заң шығару және атқарушы немесе бюрократия сынды арнайы рөлдер мен құрылымдар;

2) жеке монархтар, заң шығарушылар және әкімшілер сынды рөл орындаушылар;

3) нақты қоғамдық іс-шаралар, шешімдер немесе шешімдерді орындау».

Бұл құрылымдар, рөл орындаушылар және шешімдер, өз кезегінде, олардың саяси процеске, яғни «кіріске» немесе әкімшілік процеске, яғни «шығысқа» араласу не араласпауына байланысты нақтырақ жіктелген. Оның үстіне, саяси жүйенің ішкі құрылысын талдай отырып,

Г. Алмонд назарға алдымен құрылымдарды емес, олардың арасындағы өзара іс-қимылды, сондай-ақ саяси жүйеде олардың атқаратын рөлдерін шығарады.

Саяси жүйе бір-бірімен тікелей байланысқан қосалқы жүйелерден тұрады және де көпшілік биліктің жұмыс

жасауын қамтамасыз етеді. Әр зерттеуші қосалқы жүйелер сандарын әр түрлі көрсетеді. Алайда, оларды анықтау үшін осы әрбір элементтің орындайтын қызметін алатын болсақ, онда институционалдық, нормативтік, коммуникативтік, мәдени және идеологиялық қосалқы саяси жүйелерді бөліп шығаруға болады (1-сурет).⁵

Институционалдық, нормативтік, коммуникативтік, мәдени және идеологиялық қосалқы саяси жүйелердің функционалдық мәнін қарастырайық.

Институционалдық қосалқы жүйе саяси институттардың мынандай кешенінен тұрады: мемлекет, саяси партиялар, бұқаралық қоғамдық ұйымдар, қозғалыстар, мүдделі топтары. Институттардың осы жиынтығы саяси биліктің жұмыс жасауымен байланысты.

Саяси қауымдастықтың жоғары ұйымдасқан формасы болып табылатын және биліктің әлеуметтік қатынастары мен қоғамдағы бақылауды қалыптастыратын мемлекет олардың ішінде орталық рөл атқарады. Мемлекет өз қолында билік пен ресурстарды барынша шоғырландырады, құндылықтарды бөледі, халықты өз шешімдерін міндетті орындауға итермелейді. (2-сурет).⁶

Саяси жүйенің қызметінде қоғамның белсендірек бөлігін біріктіретін және мемлекеттік билікке ықпал етуге қабілетті саяси партияларға қомақты рөл тиесілі. Саяси партиялар мен мүдделі топтар мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуына ықпал етеді, саяси мақсаттардың реттелуін жүзеге асырады, саяси дамуды бағыттайды.

Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар (кәсіби, шығармашылық, жастардың, қорғаныс саласының және т.б.) өз мүшелерінің саяси, әлеуметтік, еңбек белсенділіктерінің дамуына, олардың қажеттіліктері мен мүдделерін қорғау мен қанағаттандыруға септігін тигізеді.

⁵ Қараңыз: 23 тематических занятия по политологии. Уч. пособие. Авт.- сост. Булуқтаев Ю.О., Капанов К.Х. – Алматы: Юнитекс, 1996.С.120-125; История и теория политических институтов в определениях, логических схемах и таблицах: учебно-методическое пособие / Г.Я. Козлов; Ряз. гос. ун-т им. С.А. Есенина. – Рязань, 2006. – С. 15-17.

⁶ Е.В. Макаренков, В.И. Сушков. Политология: Альбом схем. – М.: Юристъ, 1998. – схема

1-сурет.
Саяси жүйенің қосалқы жүйелері

САЯСИ ЖҮЙЕНІҢ ҚОСАЛҚЫ ЖҮЙЕЛЕРІ

ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ

МЕМЛЕКЕТ, ПАРТИЯЛАР, ҚЫСЫМ
ТОПТАРЫ, БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ Т.Б.

НОРМАТИВТІК

САЯСИ, ҚҰҚЫҚТЫҚ, МОРАЛЬДЫҚ
НОРМАЛАР; ӘДЕТ-ҒҰРЫП, ДӘСТҮРЛЕР,
РӘМІЗДЕР

КОММУНИКАТИВТІК

БИЛІКТІҢ, ҚОҒАМНЫҢ ЖӘНЕ ИНДИВИДТІҢ
ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ ФОРМАСЫ (БАСПАСӨЗ
МӘСЛИХАТЫ, ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУ, БАҚ-ДА
СӨЙЛЕУ ЖӘНЕ Т.Б.)

МӘДЕНИ


ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ, ДІН, ДІЛ (ҚОҒАМ
ТУРАЛЫ ТҰРАҚТЫ ТҮСІНІКТЕРДІҢ
ЖИЫНТЫҒЫ, ОЙЛАУ БЕЙНЕСІ, СИПАТЫ
ЖӘНЕ ӘДІСІ)

ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ

ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ӨМІРІНЕ
ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ТҮРЛІ САЯСИ
ИДЕЯЛАРЫНЫҢ, КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ,
ТҮСІНІКТЕРІНІҢ, НАНЫМДАРЫНЫҢ,
МҮДДЕЛЕРІНІҢ, СЕЗІМДЕРІНІҢ
ЖИЫНТЫҒЫ

2-сурет.

Саяси жүйенің институционалдық қосалқы жүйесі

**ҚОҒАМНЫҢ СЯСИ ЖҮЙЕСІНІҢ
ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ҚОСАЛҚЫ ЖҮЙЕСІ**СЯСИ ЖҮЙЕНІҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ
ИНСТИТУТТАРДЫҢ (МЕКЕМЕЛЕР, ҰЙЫМДАР) ЖИЫНТЫҒЫ

Міне осы жерде саяси жүйенің өзінің тұрақтылығын, басқа қоғамдық жүйелерді, сондай-ақ халықаралық саясатты дамытуға ықпал ету формалары қалыптасады.

Институционалдық қосалқы жүйе бүкіл саяси жүйенің мақсаттары мен жұмыс жасау бағыттарын айтарлықтай анықтап береді.

Өз рөлдерін орындау үшін институттар түрлі нормаларға (саяси, құқықтық, адамгершілік және т.б.) сүйенеді. Саяси қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы **нормативтік қосалқы жүйені** құрайды. Бекітілген түрдегі нормалар қоғамдық бірлестіктер мен институттардың іс-әрекет нормасының құқықтық негізін (конституция, заңдар, құқықтық актілер) құрайды. Бекітілмеген түрде: ұрпақтан ұрпаққа дәстүр, әдет-ғұрып, этикалық-моральдық принциптер мен нормалар түрінде беріле алады (3-сурет).⁷

Барлық мүмкін болған формалар адамдардың саяси өмірдегі әрекетін айқындайды. Осылайша, нормалар мен заңдар заң шығару процесін айқындайды, саяси процеске азаматтардың қатысуын регламенттейді, құқықтар мен бостандықтарын бекітеді (ұйымдар құру, дауыстар т.б.).

Саяси өмірді регламенттейтін заң-нормаларсыз тәртіпсіздік пен хаосты айналып өту мүмкін болмас еді.

Заң-нормалар дегенде көбіне нақты әлеуметтік және саяси тәжірибенің ықпалымен қалыптасқан дәстүрлі саяси қағидалар айтылады.

Саяси мәдениет қосалқы жүйенің элементі ретінде қызмет етеді, ол адамның қоршаған шындық пен саяси іс-әрекетке деген қатынасын қалыптастырады, мемлекет саясатының мақсаттары мен мазмұнын түсінуге, халықтың барлық қабаттарының бірігуіне (немесе бөлінуіне) септігін тигізеді, осылайша билікті қолдау үшін немесе оны тұрақсыздандыру үшін әлеуметтік база жасайды.

Жалғыз саяси-құқықтық нормалар ғана емес, сондай-ақ тарихи тұрғыда қалыптасқан әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер де, қоғамда үстемдік етуші саяси көзқарастар да бұл жүйе сүйенетін түпкі база ретінде саналады.

⁷ Е.В. Макаренко, В.И. Сушков. Политология: Альбом схем. – М.: Юристъ, 1998. – схема 83.

3-сурет.
Саяси жүйенің нормативтік қосалқы жүйесі



Коммуникативті қосалқы жүйе - бұл саясатты жасау мен оны жүзеге асыруға орай индивидтердің, әлеуметтік топтардың, институттардың билікке араласуы нәтижесінде қалыптасатын олардың арасындағы қатынастар мен өзара әрекет формаларының жиынтығы (4-сурет).⁸

⁸ Е.В. Макаренко, В.И. Сушков. Политология: Альбом схем. – М.: Юристъ, 1998. – схема

4-сурет.

Саяси жүйенің коммуникативті қосалқы жүйесі

КОММУНИКАТИВТІ ҚОСАЛҚЫ ЖҮЙЕ

- БҰЛ САЯСАТТЫ ЖАСАУ МЕН ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ОРАЙ ТАПТАРДЫҢ, ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТАРДЫҢ, ҰЛТТАРДЫҢ, ИНДИВИДТЕРДІҢ САЯСИ БИЛІКТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕН ДАМУТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА АРАЛАСУЫ НӘТИЖЕСІНДЕ ҚАЛЫПТАСАТЫН ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАР МЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ



Аталмыш қосалқы жүйе саяси жүйе институттары арасындағы байланыстарды орнатады, жүйе ішінде де және басқа да саяси жүйелермен өзара әрекет формаларын іске қосады. Мәселен, парламент комитеттерінің өзара әрекеті; партиялар мен мемлекеттік органдар арасында орын алатын өзара әрекет; биліктің атқарушы, заң шығарушы және сот тармақтары арасындағы қатынастар; билік органдары мен халық арасындағы қатынастар және т.б.

Бұл қосалқы жүйенің элементтеріне үкіметке ақпарат жеткізу арналарын (ашық отырыстарда істерді, тергеу жөніндегі комиссияны тыңдау процедурасы, мүдделі топтармен консультация жүргізу, мемлекеттік органдар жанындағы қоғамдық кеңес отырыстары және т.б.) жатқызуға болады.

Бұл қосалқы жүйенің белсенді элементтері – бұқаралық ақпарат құралдары (баспасөз, радио, телеарна, интернет). Виртуалды байланыстар уақыт өткен сайын ауқымды болып барады. 2015 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстанда 10.5 млн. интернет тұтынушы абонент болған. 2015 жылы мобильді байланыс абоненттерінің тығыздығы 100 адам үшін 166-дан 179 адамға өскен, ол 31,4 млн. номерді құрайды. Электронды әлеуметтік желілерге қосылған респонденттер үлесі үштен бірге жетіп, 40 %-ға серпінді түрде дамып келеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарын төртінші билік деп тектен-текке атамаса керек. Адамдар алуан түрлі шындықтың бейнеленуінің нәтижесі болып табылатын ақпарат туралы белгілі бір білімі болғанда ғана саяси әрекеттерді бағалай алады.

Идеологиялық қосалқы жүйе - қоғамның саяси өміріне қатысушылардың түрлі саяси идеяларының, көзқарастарының, түсініктерінің, сенімдерінің, мүдделерінің, сезімдерінің жиынтығы.

Саяси жүйенің идеологиялық компонентінде шартты түрде теориялық (саяси идеология түрінде) және эмпирикалық (саяси психология түрінде) деңгейлерді бөліп көрсетуге болады (5-сурет).⁹


Саяси идеология саяси көзқарастарды, қағидаларды, идеяларды, ұрандарды, идеалдарды, тұжырымдамаларды, теорияларды қамтитын саяси теорияға назарын шоғырландырған жоғарырақ деңгейді білдіреді.

Саяси-идеологиялық деңгейдің орталығы – саяси мәдениет (саяси білімдердің, құндылықтардың, мінез-құлық моделдерінің жиынтығы, сондай-ақ мемлекеттіліктің

⁹ Е.В. Макаренков, В.И. Сушков. Политология: Альбом схем. – М.: Юристъ, 1998. – схема 84

5-сурет.

Саяси жүйенің идеологиялық қосалқы жүйесі



саяси тілі, символдары және дәстүрлері).

Эмпирикалық деңгейде саяси психология маңызды рөл атқарады, ол көбіне саясаттың мінез-құлық (сезімдер, эмоциялар, көңіл-күйлер, пікірлер, мотивациялар, сенімдер, адасулар, соқыр нанымдар және т.б.) аспектілерін талдайды.

Саяси субъектілердің өзара іс-қимылы көбіне мәдени-діни ортаның ерекшеліктерімен анықталады. Осыған орай, саяси жүйелерді сипаттағанда кейбір зерттеушілер мәдени қосалқы жүйені де қарастырады.

Мәдени қосалқы жүйе – басым құндылықтар мен бағдарларды айқындайтын құндылықтар жүйесі, субмәдениеттер жиынтығы, конфессионалдық қатынастар кеңістігі, діл (қоғам туралы тұрақты түсініктердің жиынтығы; ойлаудың бейнесі, сипаты және әдісі).

Саяси жүйенің мәнін оның функциялары ашады. Олар:

- азаматтардың саяси санасының қалыптасуы;
- саяси әлеуметтену (азаматтарды саяси қатынасқа араластыру);
- мүдделер артикуляциясы (топтардың мүдделеріне сай келетін талаптардың қалыптасуы);
- мүдделерді біріктіру (талаптарды қорыту және оларды саяси платформаға, бағдарламаға айналдыру);
- саяси коммуникация (ақпарат пен сенімдерді тасымалдау процесі);
- заң-нормаларды жасау;
- нормаларды қолдану;
- қоғамда материалдық және рухани құндылықтарды бөлу;
- нормаларды ұстануды бақылау.

Қоғамның саяси жүйесінің басты функциясы – қоғамды басқару, мемлекетті басқарудың саяси функциясы. Ол қоғамдық дамудың стратегиялық мақсаттары мен перспективаларын анықтауда, саяси бағдарды құруда және жүзеге асыруда көрініс береді. Қоғамдық дамудың басты мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін саяси басшылық

саяси жүйенің барлық элементтерін жұмылдырады. Бұл функцияны **мақсатты тұжырымдау** деп атайды.

Қоғамды басқару мен оған басшылық ету қызметі көптеген күтпеген жағдайлармен бетпе-бет келіп бірнеше есе қиындай түсуде. Этносаралық және дінаралық қақтығыстар, табиғи апаттар, саяси оппозицияның үкіметке қарсы түрлі көтерілістері т.с.с. бұл қызметті орындауды тұрақсыздандырады. Сондықтан да қоғамды басқару-мақсатқа бағытталған жай ғана әрекет емес.

Саяси мақсатты дұрыс қою – бұл міндеттің бір бөлігі ғана. Оны орындауға оңтайлы шарттар табу, бұл мақсатты орындауда белсенді топ болатын қоғамдық күштерді көре білу аса маңызды. Жүргізілудегі саяси бағытқа қарсы болуы мүмкін күштерді қайта бағдарлау керек немесе бейтараптандыру керек.

Жалпы алғанда, саяси жүйе **функцияның** келесі үш тобын міндетті түрде орындауы тиіс:

- сыртқы ортамен өзара әрекеттесу қызметі;
- саяси сала ішінде өзара әрекет қызметі;
- жүйенің сақталуы мен бейімделуін қамтамасыз ететін қызметтер.

Тиісінше, келесідей **саяси жүйе функцияларын** бөліп көрсетуге болады:

- **Саяси элеуметтену функциясы.** Индивидті саяси құндылықтарға баулу, қоғамда қабылданған саяси мінез-құлық стандарттарды ұстану, билік институттарына лоялдылық таныту.

- **Бейімделу функциясы.** Өзекті проблемаларды неғұрлым тиімді шешу жолдарын тауып, оларды қоғамға ұсына алатын билік субъектілерін дайындау және іріктеу.

- **Жауап қату функциясы.** Іштен және сырттан келетін сигналдарға жауап қату. Бұл қызмет өзгермелі жағдайларға жүйенің тез бейімделуге мүмкіндік береді.

- **Экстракциялық функция.** Сыртқы және ішкі ортадан ресурстарды алу.

- **Дистрибутивті функция.** Қоғам ішінде топтар арасында

ресурстарды бөлу.

• **Реттеушілік функция.** Нормалар мен қағидаларды енгізу арқылы, сондай-ақ оларды бұзушыларға шаралар қолдану арқылы қоғамға ықпал ету, ол нормалар мен қағидалар негізінде индивидтер өзара әрекет етеді.

Жалпы мағынада дәл осы функциялар мәні мыналарда:

- қоғамды дамытудың мақсаттарын, міндеттерін, жолдарын анықтау;
- қабылданған мақсаттар мен бағдарламаларды орындау бойынша қоғам іс-әрекетін ұйымдастыру;
- материалдық және рухани құндылықтарды бөлу;
- мемлекет пен әлеуметтік қауымдастықтардың түрлі мүдделерін орайластыру;
- адамдар мен топтардың қоғамдағы мінез-құлқы қағидалары мен заңдарын жасау;
- саяси құрылыстың ішкі және сыртқы қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- саяси сананы қалыптастыру, қоғам мүшелерін саяси қатысуға және іс-әрекетке тарту;
- заңдар мен қағидаларды ұстануды қадағалау, саяси нормаларды бұзатын әрекеттердің алдын алу (6-сурет).¹⁰

Саяси жүйе функциясын үш деңгейде қарастыруға болады, бұл жайт түрлі саяси жүйелерді салыстыруға мүмкіндік береді.

Бірінші деңгей – жүйенің, биліктің қоғамға жүргізетін билігі, үкімет мақсаттарына қол жеткізу мүддесін орындау үшін адамдардың ақылы мен мінез-құлқына ықпал ету деңгейі ретінде түсіндірілетін мүмкіндіктері.

Г. Алмонд мүмкіндіктердің әр түрлі бес типін атап өтеді, олар кей жағдайда тым үлкен болуы мүмкін, ал кей жағдайдайларда тым кішкентай болуы мүмкін:

1) экстрактивті мүмкіндік - бұл белгілі бір мақсаттарда жүйенің адами және материалдық ресурстарын жинақтау қабілеті;

2) реттеуші мүмкіндік - қоғамдағы жекелеген адамдар

¹⁰ Е.В. Макаренко, В.И. Сушков. Политология: Альбом схем. – М.: Юристъ, 1998. – схема 88.

6-сурет.
Саяси жүйе функциялары



мен топтардың мінез-құлқын қадағалау және қоғамның қызметін реттеу қабілеті;

3) бөлу мүмкіндігі - қоғамдағы материалдық және материалдық емес құндылықтарды жасау, орналастыру және бөлу қабілеті;

4) жауап қатушы мүмкіндік - бұл тиісті саясаттың «шығысқа беру» талабына, түрлі топтардан түсетін алуан түрлі талаптарға жауап қату қабілеті;

5) нышан болушы мүмкіндік легитимділік пен қолдауға деген қажеттілікпен, жарқын, ұғынықты нышандар мен ұрандар жасай отырып жүйенің танылған сенімдерді, көзқарастарды, мифтерді дамыту мүмкіндігімен, өзінің мақсаттарын жүзеге асыруға қажетті легитимділікті ұстап тұру мақсатында оларды амал-айласын асыра қолданумен тығыз байланысты.

Жүйе функциясының **екінші деңгейі** оның өзінде болып жатқан дүниелерді бейнелейді, яғни конверсивті процесс туралы айтылуда. Конверсивті процесс (немесе функциялар) - кірістің шығыс факторларына айналу әдістері. Г. Алмондтың сызбасына сәйкес бір саяси жүйенің конверсивті процесін басқа жүйенің процесімен салыстырып, талдауға болады, ол сызбада 6 негізгі функциясын көрсетеді:

1) талаптар қалай қалыптасуда (мүдделер артикуляциясы);

2) талаптарды әрекет етудің балама бағдарламасына іріктеу қалай жүргізіледі (мүдделерді жинақтау);

3) нормалар қалай қалыптасады (норма шығару);

4) бұл нормалар қалайша жүзеге асырылуда (нормаларды жүзеге асыру);

5) олар қалай бақыланады және реттеледі (нормаларға бақылау жасау);

6) соншалықты деңгейде алуан түрлі іс-әрекеттер осы жүйе ішінде, сондай-ақ жүйенің қоршаған ортамен өзара әрекет кезінде қалайша бір-бірімен қатынасады (коммуникация).

Саяси жүйе функциясының **үшінші деңгейін** қарастыра отырып, Г. Алмонд моделді қолдау мен бейімдеу қызметтерін меңзейді, оларға ол, бірінші кезекте

әлеуметтену мен қатарды толықтыру процесін жатқызады, соңғы айтылғанның барысында жаңа рөлдер жасалып, жаңа адамдар саяси өмірге «лап қояды».

Сонымен қатар, ол бөліп көрсетеді:

• **«кірістің» төрт функциясын**

- 1) саяси әлеуметтендіру және қатысуға тарту (рекруттау);
- 2) мүдделер артикуляциясы;
- 3) мүдделерді жинақтау;
- 4) саяси коммуникация

• **«шығыстың» үш функциясын**

- 1) заң-нормаларды жасау;
- 2) нормаларды қолдану;
- 3) нормалардың орындалуын бақылау

«Кіріс» қызметтерін көбіне үкіметтік емес ұйымдар жүзеге асырады, ал «шығыс» - үкіметтің айрықша құзіретінде.

Қоғам мүшелері арасында «қатысу рухының» таралуына септігі тиетін «саяси әлеуметтендіру және қатысуға тарту» қызметі қазіргі заманғы саяси жүйелердің барлығына тән.

Мүдделер артикуляциясы - саяси конверсия барысында мүдделі топтары жүзеге асыратын алғашқы функционалдық қадам.

Қоғамдық пікірге ресми құрмет көрсету және ассоциациялар еркіндігін ұстанушылық тән демократиялық режимдегі елдерде мүдделер топтарын азаматтар мен мемлекет арасындағы байланыстырушы буындар ретінде қарастыруға болады.

Мүдделерді артикуляциялай алатын саяси жүйе оларды қорыта да алады, яғни талаптарды мемлекеттік саясаттың баламасына айналдыра алады. Заманауи саяси жүйеде саяси партия мамандандырылған қорыту жүйесі болып табылады.

Саяси коммуникация – ақпарат пен сенімдерді тасымалдау процесі. Американдық саясаттанушы **Г. Лассуэл** коммуникация актісінің өзін келесідей сипаттайды: «Кім? Нені хабарлады? Кімге? Қандай нәтижемен?». Осы қызметтің көмегімен саяси жүйенің түрлі құрылымдары арасында байланыс жүзеге асырылады. Әдетте саясатты басқару мен жүзеге асыру үшін халықтан үкіметке және

үкіметтен халыққа бағытталған ақпараттың тікелей ағымы қажет. Сонымен қатар, билік деңгейлері мен органдары арасында ақпараттың көлденең ағымы қажет. Коммуникациялық процестің арқасында билікті иеленуге бағытталған стихиялы әрекеттер адамдар арасындағы қарым-қатынастың белгілі формасына айналдырылады, билікке құрмет орнығады, мемлекеттілік қалыптасады.

Норма шығару нәтижесінде қоғамдағы азаматтардың мінез-құлқын анықтайтын заңдар жасалады. Әдетте норма шығару келесі бірқатар кезеңдерді қамтиды: саясатты қалыптастыру мен ортақ мақсаттарды таңдау, мақсаттарға жету үшін шешімдер мен нақты қағидаларды жасау.

Аталған қызметті заң шығарушы, сондай-ақ атқарушы және сот органдары орындайды. Мемлекеттік саясат заң шығарумен ғана шектелмейді. «Нормаларды қолдану» қызметі саясат пен шешім қабылдау процесінің маңызды аспектісі болып табылады, ол қызметті атқарушы органдар мен әкімшілік бюрократия ғана емес, заң шығарушы және құқықтық құрылымдар да жиі атқарады.

Нормаларды сақтауды қадағалау - бұл заңдарды түсіндіру және аталған заңды бұзу фактілерін анықтау және тиісті жаза қолдану мақсатында әрекет ету. Қадағалау – бұл, негізінен, сот органдарының құзыреті, алайда атқарушы және заң шығарушы органдар сот процестерінде кейде қомақты рөл атқарады.¹¹

Саяси жүйе функциялары жетіле түссе, олардың мазмұны да күрделенеді. Мәселен, біріктіруші функция қоғамдық-саяси құрылысты нығайту, жалпы қоғамның және оны құраушы жүйелердің серпінді тұрақтылығына қол жеткізу мақсатын көздейді. Саяси жүйенің реттеуші функциясы мемлекеттегі саяси мінез-құлық пен саяси қатынастарды тәртіпке келтіруге және регламенттеуге бағытталған. Ол адамдардың қоғам қабылдайтын мінез-құлқы эталонын жасаумен және негіздеумен байланысты.¹²

¹¹ Автономов А.С. Правовая онтология политики: к построению системы категорий. М.: ООО «Инфограф», 1999. - С. 248.

¹² Қараңыз: Кадыржанов Р. // Консолидация политической системы Казахстана: проблемы и перспективы. Алматы. Институт философии и политологии МН ВО РК, 1999. - С. 21.

Қорытынды

«Саяси жүйе» түсінігі саясаттың екі жағын: ұйымдастыру мен іс-әрекет, әрекет пен құрылым бірлігін білдіреді. Жүйелі тәсілдемеден енген рәсімдеу, саяси өмірдің түрлі типтерін, моделдерін салыстырмалы түрде талдауға, оларды салыстыру мен талдаудың бірыңғай критерийлерін анықтауға мүмкіндік тудырады.

Саяси жүйе алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін түрлі саяси субъектілердің іс-әрекетінің үздіксіздігін, байланысын және үйлестірілуін қамтамасыз етеді. Ол қоғамдық қатынастарды үндестіреді, әлеуметтік қақтығыстарды шешу жолдарын анықтайды, қоғамдық дамудың негізгі мақсатына жету үшін түрлі күштердің бірігуіне септігін тигізеді.

1.2. Саяси жүйе теориялары

Саяси жүйе теориясын ХХ ғасырдың 50-60-шы жылдары американдық саясаттанушылар Д. Истон, Г. Алмонд, Р. Даль, К. Дойч және т.б. (7-сурет) қалыптастырды.¹³ Г. Алмонд атап өткендей **«жүйелер парадигмасы»** «XVIII-XIX ғғ. саяси ғылымда үстемдік құрған биліктің бөлінуі парадигмасының орнына келді».¹⁴

Экономикадан, әлеуметтанудан және кибернетикадан алынған жүйелі тәсілдеме идеялары саяси жүйе тұжырымдамасының негізін құрады. **«Саяси жүйе» түсінігін** кеңірек теориялық тұрғыдан жалпылау қажеттілігі осындай тұжырымдаманың пайда болуы мен таралуының негізгі себептерінің біріне айналды. «Саяси жүйе» түсінігін енгізу саясатты институттандырудың формальды (ресми) құрылымдары көзқарасы тұрғысынан ғана емес, олардың өзара ара қатынасы көзқарасы тұрғысынан да талдап, саясаттың дербес сала ретіндегі біртұтастығын түсінуге жол ашты. Осы сынды тәсілдеме жүйенің тұрақтылығы мен өзгермелілігін қамтамасыз ететін факторларды анықтауға көмектесті.

Саяси саладағы үрдістер, оның бейсаяси сипаттағы әлеммен өзара қарым-қатынастары туралы (құндылықтар, құрылымдар арасындағы процестер, олардың өзара қарым-қатынас ерекшеліктері) біртұтас түсінікті қалыптастыру саяси ғылымдағы жүйелі тәсілдеменің дамуын айқындады.

Т. Парсонс теориясы. Қарастырып отырған жүйеде Т. Парсонстың жүйелі тәсілдемесі үшін төрт негізгі функционалды талаптарды постулаттау іргелі болып табылады, олар кез келген жүйенің сақталып, аман қалуын қамтамасыз етеді:

- бейімделу;

¹³ Г.Я. Козлов. История и теория политических институтов в определениях, логических схемах и таблицах : учебно-методическое пособие. – Рязань, 2006. – С. 10-11.

¹⁴ Қараңыз: Анохин М.Г. Политические системы: адаптация, динамика, устойчивость. М., 1996; Политология. Под ред. Ачкасова В.А., Гуторова В.А. СПб.: Питер, 2005; <http://all-politologija.ru/knigi/politologiya-uchebnoe-posobie-dlyavuzov-krajterman/teorii-politicheskoy-sistemy-obshestva>. 15.04.2016.

7-сурет.

Қоғамның саяси жүйесінің теориялары
(Парсонс, Истон, Алмонд, Дойч)

Т. ПАРСОНС ТЕОРИЯСЫ

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қоғам төрт қосалқы жүйе (экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани) ретінде өзара әрекет етеді. Қосалқы жүйелердің әр қайсысы белгілі бір қызметтерді атқарады, іштен не сырттан келіп түсетін талаптарға жауап береді. Олар біріге отырып, жалпы алғанда қоғамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етеді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОСАЛҚЫ ЖҮЙЕ адамдардың тұтынушылық тауарларға деген қажеттіліктерін жүзеге асыруға жауап береді.

САЯСИ ҚОСАЛҚЫ ЖҮЙЕ ұжымдық мүдделерді айқындап, оған жету бағытында ресурстарды жұмылдырады.

РУХАНИ ҚОСАЛҚЫ ЖҮЙЕ қоғамды біріктіреді, оның элементтері арасындағы ынтымақ байланыстарын орнатып, сақтайды.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОСАЛҚЫ ЖҮЙЕ қалыптасқан өмір салтын ұстап тұруды, қоғамның жаңа мүшелеріне олардың жүріс-тұрысы мотивациясының маңызды факторларына айналатын нормалардың, қағидалардың және құндылықтардың берілуін қамтамасыз етеді.

Д. ИСТОН ТЕОРИЯСЫ

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Теория саяси жүйені ресурстар мен құндылықтарды бөлетін қоғамдағы биліктің қалыптасу және қызмет ету тетіктері ретінде қарастырады.

Жүйелі тәсілдеме қоғам өмірінде саясаттың орнын нақты айқындауға және оның ішіндегі әлеуметтік өзгерістердің тетігін анықтауға мүмкіндік тудырды. Саясат – салыстырмалы түрде алғанда дербес сала, оның негізгі мәні ресурстарды бөлу және осы құндылықтарды индивидтер, топтар арасында бөлуді қабылдауға итермелеу.

Г. АЛМОНД ТЕОРИЯСЫ

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Саяси жүйе, бір жағынан алғанда тұрақтылықты сақтай отырып қоғамда қайта құруларды жүзеге асыру қабілеті ретінде сипатталса; екінші жағынан өзара тәуелді элементтердің жиынтығы ретінде айқындалады, бұл ретте тұтас (мемлекеттің, партияның, элитаның) әр элементі бүкіл жүйе үшін өмірлік маңызы бар қызметтерді орындайды.

Саяси жүйе, саяси жүріс-тұрыстың нақты көрінісіне сүйенген жағдайда, рөлдердің және олардың үкіметтік институттар ғана емес, қоғамның саяси мәселелер жөніндегі құрылымдары да жүзеге асыратын өзара қарым-қатынасының жиынтығы ретінде қарастырылады.

К. ДОЙЧ ТЕОРИЯСЫ (КИБЕРНЕТИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ)

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Саяси жүйе кибернетикалық жүйе ретінде қарастырылады, онда саясат адамдардың мақсатқа жету жөніндегі күш-жігерін басқару және үйлестіру процесі ретінде түсіндіріледі.

Қоғамның жағдайы және оның осы мақсаттарға деген қатынасы туралы ақпарат негізінде саяси жүйе мақсаттардың қойылуын және олардың реттелуін жүзеге асырады: нысанаға жетуге қалған қашықтық туралы, алдыңғы әрекеттердің нәтижелері.

Саяси жүйенің қызмет жасауы сыртқы ортадан келетін тұрақты ақпарат ағымының және оның өзінің қозғалысы жөніндегі ақпараттың сапасына байланысты.

- мақсатқа жету;
- бірігу (интеграция);
- модельді ұстап тұру.

Әлеуметтік жүйе деңгейінде:

- бейімделу қызметін экономикалық қосалқы жүйе қамтамасыз етеді;
- мақсатқа жету қызметін – саяси;
- бірігу қызметін – құқықтық институттар мен әдет-ғұрып;
- модельді ұстап тұру қызметін — нанымдар жүйесі, мораль және әлеуметтену органдары (жанұя, білім беру институттары және т.б.).

Осылайша, Т. Парсонстың теориясына сәйкес саясатты және қоғамның басқа да қосалқы жүйелерін осы негізгі

қызметтер контекстінде қарастыру қажет.¹⁵

Саясат теориясына жүйелік талдауды Д. Истон енгізді. Ол жаратылыстануда қабылданған жүйелік талдаудың негізгі қағидалары мен әдістерін саяси өмірді зерттеуге бейімдеді және саясаттанудағы жүйелік талдаудың түсініктік аппаратын қалыптастырды.¹⁶

Д. Истон саяси жүйені ресурстар мен құндылықтарды бөлу жөнінде қоғамдағы билікті қалыптастыратын және қызмет ететін тетік ретінде қарастыра отырып, саяси жүйенің негізгі екі қызметін бөліп көрсетеді:

1) саяси жүйе қоғамда құндылықтарды бөліп беретін жағдайда болуы тиіс;

2) саяси жүйе өз азаматтарын осы бөлуді міндетті ретінде қабылдауға сендіруі қажет.

Бұл екі функция саяси жүйені әлеуметтік жүйенің басқа түрлерінен ажыртуға мүмкіндік береді.

Саяси жүйенің басты мақсаты - орта талаптарына бейімделу және оған белсенді түрде ықпал ету арқылы өзін-өзі сақтап қалу. Саяси жүйенің әлеуметтік ортамен



¹⁵ Парсонс Т. Система современных обществ/Пер, с англ. Л.А. Седова и А.Д. Ковалева. Под ред. М.С. Ковалевой. — М.: Аспект Пресс, 1998. - С. 15-22.

¹⁶ Истон Д. Категории системного анализа политики// В кн.: Антология мировой политической мысли. В 5 т. Т. I. Зарубежная политическая мысль. XX в./ Нац. Обществ.-науч. Фонд Акад. Полит. Науки; Руководитель проекта Г. Ю. Семигин и др. — М.: Мысль, 1997. - С. 632-643.

алмасуы мен өзара әрекеті **«кіріс»** - **«шығыс»** қағидасы бойынша жүзеге асырылады (түсініктер кибернетикадан алынған) (8-сурет).

Кез келген жүйе жұмыс процесінің схемасына сүйене отырып, Д. Истон **«кіріс»**, **«конверсия»** айтарлықтай қайта құру, **«шығыс»** деп бөліп көрсетеді.

Өзара әрекет процестері үш циклға бөлінеді:

- 1) кіріс (енгізу);
- 2) конверсия (қайта құру);
- 3) шығыс.

«Кіріс» факторларына мыналар жатады:

- талаптар (игіліктер мен қызметтерді бөлу, коммуникация саласындағы мінез-құлықты реттеу, халықтың билік органдарына жүгінуі, қоғамдық кеңестердің ұсыныстары және т.б.);

- қолдау (материалдық, заңдар мен директиваларды сақтау, саяси өмірге қатысу және т.б.).

«Шығысқа»:

- шешімдер;
- әрекеттер.

КІРІС: қоршаған ортаның жүйеге әсері. Жүйеге қатынасы жағынан сыртқы болып табылатын және оған ықпал ететін кез келген оқиға. Орта саяси жүйеге оған қойылатын **талаптар мен қолдаулар** арқылы (саясатты мақұлдау, саяси қатынасу, салық төлеу, сайлауда дауыс беру және т.б.) немесе **наразылық** (қарсылық білдіру, күрес және т.б.) және **енжарлық** арқылы әсер етеді.

Д. Истон **«талаптарды»** билік субъектілері тарапынан бөлуге міндеттейтін заңға сыйымдылық туралы пікір білдіру формасы ретінде айқындайды.

Ол талаптарды ортадан туындайтын сыртқы және жүйенің өзінен туындайтын ішкі деп бөледі.

Талаптар мәні тұрғысынан өзіндік, қарапайым болып, нақты әрекеттер мен құбылыстар арқылы ренішті немесе наразылықты тікелей білдіруі мүмкін. Мәселен, елде қылмыс пен сыбайлас жемқорлықтың өршуі осы жағымсыз құбылыстармен күресті күшейту талабын ынталандыруы мүмкін.

Талап түрлері:

а) үлестіруші (еңбекақысы мен жұмыс уақыты туралы, білім, медициналық және басқа да қызметтерді алу шарттары туралы);

б) реттеуші (қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, өндіруші мен нарыққа бақылау жасау және т.б. туралы);

в) коммуникативті (саяси ақпаратты жеткізу, саяси күшті пайдалану және т.б. туралы).

Талаптардан саяси жүйені әлсірету үрдісі байқалады.

Саяси жүйені жұмысқа қабілетті, тұрақты күйде сақтау үшін қолдау қажет.

Д. Истон **«қолдауды»** жүйені қоршаған ортамен байланыстыратын ауыспалылардың басты қосындысы деп санайды.

Қолдау формалары түрлі болуы мүмкін:

- салық және т.б. салымдар сынды материалдық қолдау;
- жүйеге қызмет көрсету;
- заңдар мен директиваларды ұстану;
- саяси өмірге қатысу;
- ресми ақпарат пен билікке назар аудару және құрметпен қарау;
- әскери борышты өтеу;
- билік құрушы басшылыққа берілгендік;
- режимді қолдауға арналған шерулер өткізу;
- патриотизм және т.б.

«Қолдау» саяси жүйенің күшеюіне апарады. Ол жүйеге жағымды барлық позициялар мен мінез-құлықтың барлық нұсқаларын қамтиды.

Қолдау ортаның талаптарын тиісті шешімдерге айналдыратын билік органдарының салыстырмалы түрдегі тұрақтылығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ қайта құруларды жүзеге асыру мақсатымен практикалық шараларды орындау үшін қажетті жағдай жасайды.

Қолдаудың саяси қауымдастық мүшелері арасында келісімді қамтамасыз ету ісінде үлкен маңызы бар.

Д. Истон саяси қауымдастықты, саяси режимді және басқаруды (билік) саяси жүйеде қолдаудың негізгі объектілері деп санайды:

1) «саяси қауымдастық» — саясатта қызметті бөлудің арқасында бір құрылымда бір-бірімен байланысқан адамдар тобы;

2) «режим», оның негізгі компоненттері құндылықтар (мақсаттар мен қағидалар), нормалар мен билік құрылымы;

3) «басқару» - саяси жүйенің күнделікті істеріне қатысатын және қоғам азаматтарының басым бөлігі өз қызметтерінде жауапты деп мойындалған адамдар.

Объектілерге сәйкес қолдаудың үш түрі айқындалады:

1) саяси жүйе, нормалар (конституциялық, құқықтық және т.б.) және билік құрылымы сүйенетін еркіндік, плюрализм, жеке меншік және т.б. сынды құндылықтарды қоса алғанда тұрақты болжамдар жиынтығы ретінде түсінетін режимді қолдау;

2) билікті қолдау, яғни ресми және бейресми саяси институттардың барлығын, мәселен, билік қызметін атқарып жүрген харизматикалық көсемдерді қолдау;

3) саяси қауымдастықты қолдау, саяси еңбектің бөлінуі тұрғысынан бір-бірімен байланысты тұлғалар тобын қолдау.

«Кіріс» нәтижесінде қоршаған ортаның ықпал ету процесі жүзеге асады, соның салдарынан онда **«шығыс»** реакциясы туындайды, яғни құндылықтарды бөлу жөніндегі **негізгі шешімдер**.

Сырттан алынатын импульстарға деген жүйенің жауабы шешімдер мен әрекеттер түрінде жүзеге асырылады, олардың қатарында жаңа заңдар, мәлімдемелер, регламенттер, субсидиялар және т.б. бар.

ІШКІ ИМПУЛЬСТАР:

Саяси жүйе конверсия процесінде **талаптарды шешімдерге «өңдейді»** де **тиісті әрекеттерді** ұйымдастырады.

Шешімдердің орындалуы заң күшімен қамтамасыз етіледі. Саяси әрекеттер осы сынды мәжбүрлі сипаты жоқ, алайда қоғамдық өмірдің түрлі жақтарына айтарлықтай ықпал етеді. Олар қоғам тыныс-тіршілігінің түрлі салаларында өзекті проблемаларды реттеу және шешу жөніндегі шаралар жүйесі түрінде жүзеге асырылып,

экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және т.б. саясатты құрайды.

Демек, саяси жүйе сыртқы ортамен жан-жақты өзара тәуелділікте болады. Ол келіп түсіп жатқан талаптар мен қолдауларды тиісті шешімдермен әрекеттерге айналдырып, сонымен қатар өз-өзін реттеуге қабілетті болуы тиіс.

Онда жүріп жатқан саяси процестер ақпаратты қайта қалыптастыру, оны «кірістен» «шығысқа» ауыстыратын процестер болып табылады.

Қоршаған ортаның белгілеріне жауап қата отырып, саяси жүйе бір мезгілде қоғамда өзгерістерді жүзеге асырады, тұрақтылықты сақтайды.

Сонымен бірге, жүйе қызметіндегі өзгермелілік оның жеке сипаттамасы ретінде шығатын болса, онда аман қалу мен өзін-өзі сақтап қалу - оның қағидатты маңызды кескіндері болып табылады.

Саяси өмірдің жүйелі талдауы «ортаға батқан» және сырттан келген ықпалға түскен жүйенің түсінігіне негізделген. Д. Истонның пікірінше, мұндай талдау «аман қалу үшін жүйе жауап қату қабілетіне ие болуы керек».

Табиғат, экономика, мәдениет, әлеуметтік құрылым компоненттері бола алатын сыртқы ортамен үнемі байланыс сақтай отырып саяси жүйе реттеуші тетіктердің көмегімен келіп жатқан импульстарға жауап реакциясын тудырады, қызмет етудің сыртқы жағдайларына бейімделеді.

Д. Истон **кері байланысты** қоғамдағы шиеленісті жоюдың негізгі тетігі ретінде санайды.

Д. Истон моделінде сыртқа шығатын факторлар жүйенің қоршаған ортаға және жанама түрде өзіне жауап қайтару әдістерін тұжырымдауға қызмет етеді, сонымен бір мезгілде талаптар мен қолдаудың сыртқы факторларының, көбіне табысты түрде, түр-сипатын өзгертеді. Сондықтан да «шығысты» ақырғы нүкте деп санамаған абзал.

«Шығыс» — бұл әрекеттердің үздіксіз циклінің фрагменті, Д. Истон бұны **«кері байланыс ілмегі»** деп атайды. Бұл ұғымды қайта оралатын ақпаратты және оның артықшылықтарын пайдалану әдістерін белгілеу үшін ұсынған.

Мұнда тұйық цикл құраушы қос процесс туралы айтылып

отыр:

- біріншіден, сыртқа шығушы жүйелер және олардың салдары (яғни, белгілі бір жағдайларда биліктің бейімделуі);
- екіншіден, ақпараттың өзі (яғни, жүйе жағдайы және билік қызметінің жауап қату салдары туралы кері мәліметтердің ағымы).

Жүйеге келіп түсіп жатқан импульстарға жауап қату қабілетінің арқасында ғана кері байланыс тұрақтандырушы қызметін орындай алады. Егер де билік қоғам өкілдерінің талаптарына енжар қарап, өзінің ғана талаптары мен идеяларына көңіл бөлсе, онда оның шешімдері мен әрекеттері қолдау таппайды.

Жүйеге деген қолдаудың минималды деңгейін сақтауға ұмтылып қана қоймай, қолдаудың жаңа базасын іздесе немесе өзге режимді құрғысы келсе бұл жайт ерекше ескеруді қажет етеді. Өзгерістер, бейімделу, өзін-өзі сақтау, күш-жігерді қайта бағдарлау, мақсаттарды өзгерту – Д. Истон мұның бәрін саяси жүйедегі шиеленістермен немесе күйзелістерді еңсеруде көмекші ретінде санайды.

Саяси жүйеде туындайтын күйзелісті жағдайларды еңсеру үшін ол қоршаған ортадан болып жатқан қысымды әлсіретуі керек, шиеленіс тумауы үшін өзін өзі және сыртқы айналасын өзгертуі тиіс. Егерде оның иелігінде **«жүйені ұстап тұру қабілеттері»** болмаса, қоршаған ортаның күйретуші әсерінің алдын алу үшін шаралар қолданбаса, оның ішіндегі қысым үлкен болғаны соншалық, билік өз шешімдерін міндетті ретінде жүзеге асыра алмаса, саяси жүйе күйреуі мүмкін. Демек, кез келген саяси жүйенің өміршеңдігі өзгеру және қоршаған жағдайға бейімделу қабілетіне, басқаша айтқанда тұрақтылықты қалпына келтіру қабілетіне байланысты.

Осылайша, Д. Истонның көзқарасы бойынша саяси жүйе – бұл оның құрылымдарының өзара әрекеттестігі жүйесі ғана емес, үнемі өзгеріп, қызмет етіп отыратын, динамикалық жүйе.

Салыстырмалы түрде қарағанда саясаттану жүйелі тәсілдемені игергеніне көп уақыт болмаған (XX ғ. 50-60-шы жылдары). Алайда ол оң нәтижелер беріп үлгерді. Осы тәсілдемеге сәйкес саяси жүйе өзінің ұйымдастырылуында

біртұтас және өзін-өзі реттеуші ретінде қарастырылады.

Қоғамның саяси жүйесі:

біріншіден, өзінің құрамында жүйекұраушы қатынасы (ядро) – саяси билік бар ретінде зерттеледі;

екіншіден, көпфункционалдығымен сипатталады;

үшіншіден, үнемі қоғамдық қоршаған ортамен және қоғамның барлық жүйелерімен өзара әрекетте болады;

Жүйелі тәсілдеменің жақтаушылары қоғамдағы жоғарғы билік саяси жүйенің қолында екендігінен алдыға тартады. Жүйелі талдаудың теориясы бойынша кез келген жүйе, оның ішінде саяси жүйе, келесі сипаттамаларға ие:

- жүйе көптеген бөліктерден тұрады;
- бөліктер бір тұтастықты құрайды;
- жүйенің шекаралары бар.

Антропологиялық (Малиновский, Браун) және әлеуметтік мектеп өкілдерінің еңбектері арқасында **құрылымдық-функционалды тәсілдеме** саяси ғылымда қазіргі таңдағы түрінде және жүйелі формасында қолданылып келеді. Әлеуметтік мектеп өкілдері, өз теорияларының өзгешеліктеріне қарамастан, әңгіме жүйелерде қызмет атқарушы ретіндегі әлеуметтік құрылымдар мен институттар туралы болғанда ғана әлеуметтік ғылымда белгілі бір дүниені түсіндіруге немесе болжауға болады деп баса айтқан (9-сурет).¹⁷

Тәсілдеменің **«құрылымдық»** элементі адамдардың – жанұя, қоғамдық бірлестіктер, сот, түрлі комиссиялар, заң шығарушы органдар және т.б. сынды қоғамдық өмірінің кез келген түріне жатады.

«Функционалды» элемент ұйым қызметімен және оның ықпалының сыртқы эффектісімен өзара қатынасады.

Егер де жүйелі тәсілдеме салыстырмалы түрдегі тұрақтылық, біртұтастық, тепе-теңдік жағдайында тұрған саяси жүйені талдаумен байланысты болса, функционалды тәсілдемеде саяси жүйеге өзін-өзі сақтауға және қоғамдық қоршаған ортаға бейімделуге мүмкіндік беретін нақты тетіктер талданады.

¹⁷ Е.В. Макаренков, В.И. Сушков. Политология: Альбом схем. – М.: Юристъ, 1998. – схема 81.

9-сурет.
Саяси жүйе құрылымы


ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ

САЯСИ БИЛІК ЖҮЗЕГЕ АСАТЫН ТҮРЛІ САЯСИ ИНСТИТУТТАРДЫҢ, САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДЫҢ, ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ПЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР ФОРМАЛАРЫНЫҢ ТАРМАҚТАЛҒАН, КҮРДЕЛІ ЖИЫНТЫҒЫ


ҚҰРЫЛЫМЫ

ЖҮЙЕЛІ ТӘСІЛДЕМЕ (Д. ИСТОН)

СЫРТҚЫ ОРТА



ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТӘСІЛДЕМЕ (Т. ПАРСОНС)



Саяси құбылыстар мен әлеуметтік-экономикалық процестер арасында белгілі бір функционалды байланыс бар екендігі анықталған.

Аталған әдістің көмегімен, мәселен, саяси режим түрімен қоғамның әл-ауқат деңгейі арасындағы тәуелділік зерттеледі.

Сондай-ақ осы тәсілдеме тұрғысынан саяси жүйенің өзінің тұрақтылығы мен өзін-өзі сақтауын қамтамасыз ететін тетіктер де қарастырылады.

Қоғам саяси жүйесінің әрбір элементінде қоғам саяси өмірінің тұрақтануын қамтамасыз ету (өз мүмкіндіктері шеңберінде) қызметінің үлесі бар.

Структурализм мен функционализм сынды қос әдіс негізінде **құрылымдық-функционалдық талдаудың әдістемесін** жасауға 1930-50 жж. бірінші кезекте әлеуметтанушылар, лингвисттер және антропологтар еңбек сіңірген.¹⁸

Структурализм әдісі әмбебап сипатқа ие, қарапайым ғана емес өрекеніетті қоғамды зерттеуде қолданылады. Ол антропологияда ғана емес, басқа да ғылымдарда, соның ішінде саясаттануда да қолданыс тапты.

Француз антропологы **Клод Леви-Стросс** Амазонка бассейніндегі алғашқы қауым тайпаларын зерттей жүріп, құрылымдық әдісті жасап шықты, оның мәні - ойлау мен әлеуметтік қатынастар құрылымын, соның ішінде билік жөніндегі қатынастарды талдау.

Американдық әлеуметтанушы **Роберт Мертон** функционализмнің үш постулатын түйіндеді:

1. Бірінші қоғамның функционалды бірлігінің постулаты, ол оның барлық бөліктері қызметінің үйлесімділігін білдіреді.

2. Екінші әмбебап функционализм постулаты, ол қоғамда болып жатқан әлеуметтік құбылыстар мен процестер өзі үшін пайдалы дегенді білдіреді.

3. Функционалды қажеттілік постулаты, ол қоғамда өзіне қажетті ғана әлеуметтік фактілер болады дегенді білдіреді.

¹⁸ Қараңыз Теория политики: Учебное пособие // Под ред. Б. А. Исаева. — СПб.: Питер, 2008. - С. 78-81; http://nicbar.ru/tp_06.htm 23.04.2016

Қорытынды. Қоғамда болып жатқан барлық құбылыстар мен процестер функционалды болуы тиіс, яғни оның:

- аман қалуына;
- қоршаған ортаға бейімделуіне;
- дамуына ықпал етуі керек.

Функционалды немесе дисфункционалдының бәрі бірте-бірте жойылады. Қарастырылып отырған феноменнің функцияларын анықтау мен сипаттау функционалды талдаудың басты міндетіне айналады.

Жүйелі тәсілдеме қоғам өміріндегі саясаттың орнын анығырақ анықтап, ондағы әлеуметтік өзгерістердің тетігін көрсетуге мүмкіндік берді. Функционалды тәсілдеме шеңберінде саясат - салыстырмалы түрде алғанда дербес сала, ондағы оның негізгі мәні - ресурстарды бөлу және құндылықтардың бұл бөлінісін индивидтер, топтар арасында қабылдануына итермелеу Г. Алмонд саясаттануды қарастырғанда құрылымдық-функционалдық тәсілдеме ұстанудың неғұрлым бірізді өкілі ретінде саналады.

Г. Алмонд саяси жүйені азды көпті легитимді физикалық мәжбүрлеуді қолдану арқылы немесе қолдану мүмкіндігімен қорқыту арқылы бірігу мен бейімделу функцияларын орындайтын (қоғам ішінде, одан тыс және қоғамдар арасында) барлық дербес қоғамдарда бар өзара әрекет жүйесі ретінде анықтайды.¹⁹

Оның пікірінше, саяси жүйе қоғамдағы легитимді, тәртіпті сақтаушы және қайта құрушы жүйе болып табылады. Бұл қоғамның «кіріс» және «шығыс» факторларының бәрін қамтитын және оған айырықша қасиеттер мен мағына беретін, жүйе ретінде оның тұтастығын қамтамасыз ететін заңдастырылған күш.

Г. Алмондты болып жатқан процестерді талдау ғана емес, саяси жүйенің тұрақты құрылымдарының айқындаушы мәні қаншалықты екені қызықтырды. Сол себепті оның талдауында **«құрылым»** термині **«мәдениет»** терминімен қатар басты орынды алады.

¹⁹ Almond A.G., Verba S. The Civic Culture: Political Attitudes and Democracy in Five Nations. Boston, 1963; Политология. Под ред. Ачкасова В.А., Гуторова В.А. СПб.: Питер, 2005. - С. 109-112.

«Құрылым» дегенде саяси жүйені қалыптастыратын қызмет айтылуда. Адамдар қызметінің саяси процеске қатысатын нақты бөлігі рөл деп аталады.

Рөлдер – бұл, саяси жүйені қоса санағанда, барлық әлеуметтік жүйелер жасақталатын бірліктер болып саналады. Осыған орай саяси жүйенің негізгі компоненттерінің бірі – саяси рөл. Өзара байланысты рөлдердің нақты жиынтығы құрылымды құрайды. Мәселен, сот қызметкері (судья) – рөл, сот – рөлдер құрылымы.

Жүйеге деген функционалды талаптарды постулаттау тұтас тәсілдеме үшін іргелі болып табылады. Баламалардың шектеулі санынан таңдалған және қоғам өміріне қажетті мақсаттардың қандай да бір көлемі бар. Бұл мақсаттар нақты әрекеттерге айналу үшін жүйе белгілі бір қызметтерді орындауы тиіс.

Қоғамдық ғылымдарда функциялар – мақсатқа сәйкес қызмет. Мақсатқа сәйкестік жүйенің шеңберімен анықталады. Бағытталған немесе мақсатты қызметтер «айқындар» деп, басқалары «жасырындар» аталады, әрекеттер мен құрылымдарды туындатушылардың бәрін терең түсіну үшін ескерілуі қажет.

Құрылымдық-функционалды әдістің артықшылығы саяси акторлар мен топтардың, әсіресе жасырын қызметінің маңыздылығын түсінуге септігін тигізуінде.

Г. Алмондтың пікірінше саяси жүйенің кіріс және шығыс факторларын сол жүйенің негізіндегі қызметтер тұрғысынан талдау қажет. Ол мынадай сұрақтар қояды:

- кім? (яғни, қандай құрылымдар);
- қандай қызметтер атқарады?;
- қандай жолмен?

Саяси жүйе деп «саяси шешімдер қабылдауға қатысы бар әрекеттің барлық түрлерін» түсінуді ұсына отырып, ол нақты саяси қызметтер мен рөлдер атқаратын институттарды саяси жүйе құрамына кіргізеді.

Д. Истонның жолымен жүре отырып Г. Алмонд та «кіріс» және «шығыс» функцияларын бөліп көрсетті, сонымен бірге әр саяси институтқа белгілі бір саяси рөл бекітті.

«Кірісте» саяси әлеуметтену қызметтерін белгілі бір

дәрежеде саяси жүйенің барлық элементтері, оның барлық институттары жүзеге асырады, «кірістің» басқа қызметтері нақты саяси институттар арасында таралады.

Осылайша мүдделерді біріктіру функциясы саяси партиялар құзырына жатады, ал мүдделі топтар мүдделерді білдіру қызметін орындаулары керек, сол екі арада бұқаралық ақпарат құралдары бұқаралық коммуникация қызметін атқарады, басқаша айтқанда халық пен билік институттары арасында өзара байланысты қамтамасыз етеді.

«Шығыста» мемлекеттік биліктің әр тармағы да белгілі бір қызметтерді атқарады.

Заң шығарушы билік институттары барлық азаматтар үшін міндетті сипатқа ие өзара қарым-қатынас қағидалары мен нормаларын жасайды.

Бұл қағидаларды қолдану қызметі атқарушы билік органдарына жүктелген.

Сот органдары қағидаларды сақталуын қадағалау қызметін жүзеге асырады.

Осылайша, саяси рөлдер мен қызметтердің нақтылануы мен бөлінуі арқылы саяси жүйенің өзінің ғана емес, қоғамның да тұрақтылығы, өзгерген жағдайда оның бейімделу қабілеті қамтамасыз етіледі.

Жалпы алғанда, **Г. Алмонд** саяси жүйені:

- бір жағынан, тұрақтылықты сақтай отырып қоғамда қайта құрулар жасауға қабілеттілік ретінде;
- екінші жағынан, өзара тәуелді элементтер жиынтығы ретінде сипаттайды, сонымен бірге біртұтастың (мемлекеттің, партияның, элитаның) әрбір элементі жүйе үшін өмірлік маңызы бар қызметтерді орындайды.

Саяси жүйенің **коммуникативті моделін** шыққан тегі австро-венгр американдық теоретик **Карл Дойч** жасады. Ол саяси жүйені қоғамның қойылған мақсаттарға жету жөніндегі күш-жігерін басқару және үйлестіру процесі ретінде, коммуникациялар мен ақпараттық ағымдардың желісі ретінде түсінген.²⁰

²⁰ Қараңыз: https://ru.wikipedia.org/wiki/Дойч_Карл; http://nicbar.ru/tp_06.htm. 24.04.2016

К. Дойч саяси жүйенің ақпараттық-кибернетикалық моделін ұсынады, оның аясында ақпараттық-коммуникативті ағымдар қозғалысының түрлі фазаларымен байланысты төрт блокты бөліп көрсетеді:

- жүйе «кірісте» ақпаратты қабылдау және іріктеу (ішкі және сыртқы рецепторлар арқылы);
- ақпаратты өңдеу және бағалау;
- шешім қабылдау;
- шешімді жүзеге асыру және жүйе «шығыстан» «кіріске» кері байланыс.

Бірінші фазада саяси жүйе ішкі саяси және сыртқы саяси «рецепторлар» арқылы ақпарат алады, ол «рецепторларға» ақпараттық қызметтер (мемлекеттік және жекеменшік), қоғамдық пікірді зерттеу орталықтары және т.б. Бұл блокта келіп түсіп жатқан мәліметтерді іріктеу, жүйелеу және бастапқы талдау жүргізіледі.

Екінші фазада саяси жүйе іріктелген ақпараттың өңделуін қамтамасыз етеді, ақпарат «жады мен құндылықтар» блогына түседі, онда ол, бір жағынан бұған дейін жиналған мәліметтермен салыстырылады, екінші жағынан, осы саяси жүйеде үстемдік еткен нормалар, стереотиптер және құндылықтар көзқарасы тұрғысынан бағаланады.

Үшінші фазада үкімет «шешім қабылдаушы орталық» ретінде жүйенің ағымдағы жағдайын реттеу жөнінде тиісті шешім қабылдайды. Саяси жүйенің негізгі басымдықтары мен мақсаттарына ағымдағы саяси жағдайдың сәйкестігі дәрежесін берілген қорытынды бағалауды алғаннан кейін шешім қабылданады.

Төртінші фазада «эффекторлар» деп аталатындар (ішкі саяси және сыртқы саяси атқарушы органдар) үкімет қабылдаған шешімдерді жүзеге асырады.

Осы ретте «эффекторлар» қызметінің нәтижелері жүйеден «шығыс» кезінде жаңа ақпаратты тудырады (ішкі саяси және сыртқы саяси), ол ақпарат кері байланыс арқылы қайтадан «кіріске» түседі де бүкіл жүйені қызмет етудің жаңа циклына алып шығады.

Басқа интерпетацияда («процессуалды») К. Дойч процесті бір бірінің ізімен орналасқан төрт блокқа –

қоғамды басқарудың бірыңғай ақпараттық-коммуникативті процесін құрайтын субпроцестерге бөлді.

Бірінші блокта көптеген қабылдаушы элементтер орналасқан, аталған элементтерге түрлі қайнар көздерден сыртқы және ішкі ортадан ақпараттың үздіксіз ағындары келіп түседі:

- мемлекеттік және қоғамдық;
- ресми және бейресми;
- ашық және жабық.

Бұл блокта қажетті мәліметтерді іріктеу және оларды кодтау жүргізіледі.

Екінші блокта алынған ақпарат мемлекетте үстемдік еткен құндылықтармен, дәстүрлермен, нормалармен салыстырылады, көзделген мақсаттарға сәйкес іріктеледі, жинақталып, сақталады.

Процестердің ықтимал даму нұсқалары және олар тудырған өзгерістер үшінші блокқа немесе шешім қабылдау орталығына беріледі.

Дайын шешімдер жүзеге асырылуы үшін орындау блогына беріледі, онда орындаушылар шешімдерді орындап қана қоймай, жүйенің өзінің жағдайы туралы ақпарат береді - жүйенің «кіріске» кері байланыс белгісін жеткізеді.

Саяси жүйенің эффективтілігі:

- келіп түсіп жатқан ақпараттың саны мен сапасына;
- оның коммуникациялық желілерінің жағдайына байланысты.

Саяси жүйеге:

- басқару үшін қажетті қоғам мен бүкіл қоршаған ортаның жағдайы туралы дәйектердің көлемі - сыртқы ақпарат;
- жүйенің өзінің жағдайы мен динамикасы туралы ішкі ақпарат түсіп тұруы керек.

К. Дойчтың пікірінше, саяси жүйенің мақсаты - тұрақты дамуды және барлық саяси топтар мүдделері арасындағы динамикалық тепе-теңдікті қамтамасыз.

К. Дойч саяси жүйеде жүзеге асырылатын коммуникацияның үш негізгі түрін бөліп көрсетеді:

- жеке бейресми коммуникациялар, мәселен,

депутатыққа кандидаттың сайлаушылармен еркін жағдайдағы дербес қатынастары;

- ұйымдар мен қысым топтары арқылы жасалатын коммуникация, мәселен, үкіметпен байланыс саяси партиялар арқылы, кәсіподақтар және т.б. арқылы жасалғанда;

- бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жасалған коммуникация (баспа және электронды).

Саяси жүйеге келесі қозғаушы күштер әсер етеді:

- жүйеге деген ақпараттық жүктеме (үкіметтік бағдарламалар көлемі, осы бағдарламаларда көзделген өзгерістер жылдамдығы);

- жүйенің қойылған мақсаттарға және қызмет етудің өзгеріп жатқан жағдайларына қатысты реакциясының кешеуілдеуі;

- өзгерістерге деген жүйенің өзінің реакциясы өсімінің үлкендігі: жүйенің жаңа нәрсеге қатысты реакциясы неғұрлым көп болған сайын, жүйе соғұрлым қойылған мақсаттан ауытқиды;

- жүйенің алдын ала әрекет етуге, алдын алуға қабілеті, яғни жаңа проблемаларды шешуге дайындығы.

К. Дойч үш заңдылықты бөліп шығарды:

1. Мақсатқа жеткенде табыс мүмкіндігі ақпараттық жүктемеге және жүйе реакциясының кешеуілдеуіне кері пропорционалды.

2. Жүйенің қызмет ету табыстылығы жүйе реакциясы өсімінің үлкендігіне байланысты, алайда өзгерістердің шекті мәніне жеткенде бұл заңдылық керіге айналады.

3. Жүйенің табысты жұмыс жасауы оның алдын ала әрекет ету, алдын алу, үкіметтің болашақты көре білу және мақсатқа жетуге қауіп төнген жағдайда қажетті әрекеттерді қолға алу қабілеттеріне байланысты.

Осылайша, К. Дойч саяси жүйені кибернетикалық жүйе ретінде қарастырды, онда саясат қойылған мақсаттарға жету жолында адамдардың күш-жігерін басқару және үйлестіру процесі ретінде ұғылады.

Саяси жүйе мақсаттарды түйіндеу мен оларды түзетуді қоғамның жағдайы және оның аталған мақсаттарға деген

қатынасы жайлы: мақсатқа дейін қалған қашықтық жайлы; бұған дейінгі әрекеттердің нәтижесі жайлы ақпараттың негізінде жасайды.

Саяси жүйенің қызмет етуі сыртқы ортадан келіп түсетін толассыз ақпарат ағымының сапасына және оның өзінің қозғалысы жөніндегі ақпаратқа байланысты.

Саяси жүйелерді зерттеудегі мәдениеттанулық тәсілдеме. Мұндай тәсілдемеде саясатты түсінудің негізінде адамдардың мінез-құлқын және бүкіл саяси жүйенің мекемелері мен ұйымдарының жұмыс жасауын айқындайтын келесі мәдени сипаттамалар жатыр,

- анықталған нормалар;
- құндылықтар;
- әрекеттер үлгілері.

Ч. Эндрейннің пікірінше, саяси жүйе құрылымдық жағынан үш бөліктен тұрады:

1. Саяси міндеттерді қалыптастыратын мәдени құндылықтар.

2. Билік құрылымдары (үкімет, партиялар, осы саяси жүйеге ықпал ететін ел ішіндегі әлеуметтік бірлестіктер және шетелдік институттар).

3. Үкіметтік шешімдерді қабылдауға аса белсенді ат салыспайтын қоғам саясаткерлері мен қатардағы өкілдерінің мінез-құлқы.

4. Эндрейннің теориясында саяси жүйе түрін саяси мәдениет қалыптастырушы рөл атқаратын құрылым айқындайды.²¹

Міне осы мәдени құндылықтар «саясат өндірісінде», яғни қоғамға әсер ететін шешімдер дайындау мен оларды жүзеге асыруда айқындаушы рөл ойнайды, яғни бұл дегеніміз бүкіл саяси жүйенің басты функциясы болып табылады.

Қорытынды

Жалпы алғанда, саяси жүйе тұжырымдамалары, саяси өмірді талдауға ортақжүйелік, құрылымдық-функционалды

²¹Чарльз Ф.Эндрейн. Сравнительный анализ политических систем. Пер. с англ. М.: Издательский дом «ИНФРА-М», Издательство «Весь Мир», 2000. - С. 19.

және кибернетикалық тәсілдемелерді бейімдеп, азаматтық қауымдастықпен мемлекет институттарының белсенді өзара әрекеті жиынтығын зерттеуге функционалды-динамикалық сипат берді.

1.3. Саяси жүйе типологиясы

Саяси жүйе типі дегеніміз – саяси жүйелердің белгілі бір топтарына тән ортақ белгілердің жиынтығы. Аталған категория, ең алдымен, зерттелудегі құбылыстың өзгергіштік, даму сәтін суреттейді (10-сурет).²²

Саяси жүйелер типологиясы олардың дифференциациясының (бөлінуінің) түрлі критерийлері мен белгілерін (негіздері) есепке алу негізінде жүзеге асырылады.²³

Саяси ғылымда жүйенің төрт негізгі **белгісін** бөліп көрсетеді:

- жүйе элементтерден (қарапайым жүйе) не компоненттерден (күрделі жүйе) тұрады, олар өз кезегінде, дәл осылай элементтерден не компоненттерден тұрады;
- жүйенің барлық элементтері өзара байланысты (қатынастармен, коммуникациялармен, бірігулердің басқа да түрлерімен) және өзара ыңғайласқан, басқаша айтқанда аталған жүйеде әрқайсысының өз мәртебесі мен рөлі бар, иерархияға қосылған;
- жүйенің оның құрайтын элементтердің қасиеттеріне жатқызылмайтын өзінің жүйелік қасиеттері бар, басқаша айтқанда жүйе бөліктер сомасынан «үлкен», жүйе консумматорлы;
- жүйе қоршаған ортамен өзара әрекеттеседі (ашық жүйе). Қоршаған ортамен өзара әрекеттеспейтін жүйе (жабық жүйе) сирек кездесетін жағдай және теориялық жағынан алғанда ол жүйе бола алмайды.


Осы белгілерге сүйене отырып жүйенің жалпылама **классификациясын** жасауға болады:

- қарапайым және күрделі;
- статикалық және динамикалық (уақыт аясында өзгертіндер);

²² Е.В. Макаренков, В.И. Сушков. Политология: Альбом схем. – М.: Юристъ, 1998. – схема 80.

²³ Қараңыз: Ильин М. В. Основные методологические проблемы сравнительной политологии // Полис. 2001. № 6. - С. 1 52-154; Политология / Под ред. А. С. Тургаева, А. Е. Хренова. СПб., 2005. - С. 260; Теория политики: Учебное пособие // Под ред. Б. А. Исаева. — СПб.: Питер, 2008. - С. 78-81; http://nicbar.ru/tp_06.htm 23.04.2016

10-сурет.
Саяси жүйе классификациясы



- қаттылар мен икемділер;
- механикалықтар (тірі емес материядан тұратындар) және органикалықтар (тірілер).

Басқарылу критерийлері жөнінен жүйелер:

- басқарылмайтын;
- басқарылатын;
- өзін-өзі басқаратын (автоматты басқару жүйелері) болып бөлінеді.

Өзін-өзі басқаратындар:

- қатты және икемді,
- оң және теріс кері байланысы бар жүйелер болып бөлінеді.

Жүйелі талдауды қолдану аясы критерийі бойынша жүйелер:

- экономикалық;
- саяси;
- әлеуметтік;
- мәдени болып бөлінеді.

Осылайша, саяси жүйені ашық, күрделі, динамикалық, органикалық, айтарлықтай икемді кері байланысы бар деп сипаттауға болады. Бұл өзін-өзі басқаратын жүйе, оның өзі қоғамның басқарушы қосалқы жүйесі қызметін атқара алады.

Марксисттік тәсілдеме қоғамдық-экономикалық құрылымның түрі, қоғамның экономикалық базисі және әлеуметтік-экономикалық мәдениеттің сипаты сынды түсініктерге сүйенеді. Осыған сәйкес марксисттік типологияда саяси жүйелер:

- құл иеленуші;
- феодалдық;
- буржуазиялық;
- социалистік.

Саяси жүйенің әрбір анықтамасында жүйенің формациялық түріне ғана назар аударылмайды, сонымен қатар құл иеленушілер, феодалдар, буржуазия, пролетариат сияқты басқарушы тапқа көңіл бөлінеді. Бұл типологияның айырықша ерекшелігі жүйелердің бөліп көрсетілген түрлері тарихи уақытта бір-бірінің ізінен ілесіп отырған.

Саяси жүйелерді саяси режим бойынша, билік, тұлға

және қоғамның өзара әрекеттесуінің сипаты мен әдістері бойынша жіктеу айтарлықтай кең тараған.²⁴

Бұл критерий бойынша мынадай жүйелерді бөліп көрсетуге болады:

- тоталитарлық;
- авторитарлық;
- демократиялық (11-сурет).²⁵

11-сурет.

Тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық саяси жүйелер



²⁴ Қараңыз: Арендт Х. Истоки тоталитаризма. М., 1996; Арон Р. Демократия и тоталитаризм. Пер. с франц. – М.: Текст, 1993; Лейпхарт А. Демократия в многосоставных обществах: сравнительное исследование/ Пер. с англ. Под ред. А. М. Салмина, Г. В. Каменской. – М.: Аспект Пресс, 1997. – С. 35-88; Булуктаев Ю.О. Политический режим и посткоммунистическая трансформация: Теория. Методология. Практика: Монография. – ИМЭП при Фонде первого Президента РК, 2008. – С. 36-58.

²⁵ Г.Я. Козлов. История и теория политических институтов в определениях, логических схемах и таблицах : учебно-методическое пособие. – Рязань, 2006. – С. 15-16.

АВТОРИТАРЛЫҚ САЯСИ ЖҮЙЕ

СИПАТТЫ БЕЛГІЛЕРІ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ МӘСЕЛЕНІ ШЕШКЕНДЕ КҮШТІ, ҚАТАҢ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ, БИЛІК ҚЫЗМЕТІНДЕ РЕПРЕССИВТІ ОРГАНДАРҒА ИЕК АРТУ

АЗАМАТТАРДЫҢ САЯСИ ЕРКІНДІКТЕРІН ШЕКТЕУ, ОППОЗИЦИЯНЫ БАСЫП-ШАНШУ

БАСҚАРУДЫ ОРТАЛЫҚТАНДЫРУ, АЙМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛЫҚ АВТОНОМИЯЛАРДЫ ЖАНШУ

ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ ФУНКЦИЯСЫНЫҢ БІР ТҰЛҒАНЫҢ НЕМЕСЕ ТАР ӘЛЕУМЕТТІК ҚАБАТТЫҢ ҚОЛЫНДА ШОҒЫРЛАНУЫ, ДЕРБЕС ТҰЛҒАНЫҢ БАСТАМАСЫН АСЫРА ШЕКТЕУ, БАРЛЫҚ ДЕРЛІК САЯСИ МӘСЕЛЕНІ ШЕШУДЕ ДЕРБЕС ТҰЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК МАШИНАҒА БАСЫ БҮТІН ТӘУЕЛДІЛІГІ.

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ САЯСИ ЖҮЙЕ

СИПАТТЫ БЕЛГІЛЕРІ

КӨПШІЛІКТІҢ БАСҚАРУЫ

ОППОЗИЦИЯНЫҢ ҮКІМЕТТІ СЫНАУ ЕРКІНДІГІ

АЗШЫЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЯСИ ҚАУЫМДАСТЫҚҚА АДАЛДЫҒЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ІСТЕРДІ ШЕШУГЕ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҒЫ, АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚҰРМЕТТЕУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ

Тұлға мен қоғамның билікке толықтай тәуелділігі, мемлекет тарапынан адамдар өмірінің барлық салаларын регламенттеу және бақылау орнату тоталитарлық саяси жүйеге тән.

Тоталитарлық жүйелердің белгілері – тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын теріске шығару (немесе айтарлықтай шектеу); жеке мен қоғамдықтың, дербес пен көпшіліктің арасындағы шекараны жою; дербес тұлғаның бастамасын асыра шектеу, барлық дерлік саяси проблемаларды шешуде дербес тұлғаның мемлекеттік машинаға басы бүтін тәуелділігі.

Азаматтар үшін кейбір ғана экономикалық азаматтық, рухани еркіндіктердің сақталғаны болмаса, **авторитарлық саяси жүйе** бір тұлғаның немесе тұлғалар тобының шексіз билігіне негізделген.

Авторитарлық саяси жүйенің белгілері – әлеуметтік және саяси проблемаларды шешкенде күшті, қатаң құралдарды қолдану, билік қызметінде репрессивті органдарға иек арту; азаматтардың саяси еркіндіктерін шектеу, оппозицияны басып-шаншу; басқаруды орталықтандыру, аймақтық және жеке тұлғалық автономияларды жаншу; қоғамды басқару функциясының бір тұлғаның немесе тар әлеуметтік қабаттың қолында шоғырлануы.

Демократиялық саяси жүйе құқықтардың басымдығын, биліктің қоғам бақылауында болуын меңзейді.

Демократиялық саяси жүйелер белгілері – көпшіліктің басқаруы; үкіметті сынау мен оппозицияның еркіндігі; азшылықты қорғау және оның саяси қауымдастыққа адалдығы; мемлекеттік істерді шешуге халықтың қатысу құқығы, адам құқықтарын құрметтеу және қорғау.

Қазіргі заманғы саяси ғылымда саяси жүйелердің басқа да түрлері бар: дәстүрлі және заманауи (жаңғыртылған), либералды демократиялар және радикалды-авторитарлық; ағылшын-американдық және құрлықтық-еуропалық; индустриалды дәуірге дейін және жартылай индустриалды және т.б.²⁶

Г. Алмондтың түрге бөлу жүйесінің негізіне кешенді, интеграциялық критерий алынған, оған сәйкес билікті

²⁶ Общая и прикладная политология. Учебное пособие. Под общей редакцией В. И. Жукова, Б. И. Краснова. М.: МГСУ: Изд-во «Союз», 1997. - С. 304-305; Булуктаев Ю. О. Концептуальные интерпретации понятия «политический режим»// Аль-Фараби. - 2007. - №3. - С. 71-77.

орталықтандыру (орталықсыздандыру) дәрежелерін немесе формаларын есепке алу ғана емес, мемлекеттер мен қоғамдарда тараған құндылықтар мен саяси мәдениет түрі де кіреді.

Осының негізінде ол келесі саяси жүйелерді бөліп шығарды:

- ағылшын-американдық тип (АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Австрия);
- құрлықтық-еуропалық тип (Франция, Германия, Италия);
- индустриалды дәуірге дейінгі және жартылай индустриалды елдер (Мексика, Бразилия);
- тоталитарлық саяси жүйелер (Италия мен Германиядағы фашистік режимдер, Солтүстік Корея);

Ағылшын-американдық типтегі саяси жүйелер:

- саяси мәдениеттің нормалары мен құндылықтарын (тұлға еркіндігі, әл-ауқаттын өсуі, дербес қауіпсіздік) қоғамның және мемлекеттік институттардың басым бөлігі қабылдайды;
- топтар арасындағы қарама-қайшылықтар ашық түрде айтылады, ал биліктің әрекеттерімен оның қарсыластары келіспейді;
- партиялар мен мүдде топтар, элитарлық және элитарлық емес қабаттардың саяси рөлдерінің айқын дифференциациясы бар;
- саяси күрестің заңды формаларының үстемдігі қамтамасыз етілген, бұл жайт, жалпы алғанда, режим мен саяси тәртіптердің жоғары деңгейдегі тұрақтылығын алдын ала айқындалады.

Ағылшын-американдық жүйе (АҚШ, Англия, Канада, Аустралия) гомогенді саяси мәдениетпен сипатталады, мұндай жағдайда саяси мақсаттар мен оған жету жолдарын барлығы дерлік қолдайды.

Саяси мәдениеттің бұл түрі үшін айырықша қызметтерді орындауға саяси қатынастарды (партиялардың, топтардың, мүдделердің және т.б.) арнайы бағытқа салу тән. Саяси жүйе ішіндегі билік пен ықпал бөлінген, саяси жүйелердің бұл тобындағы рөлдер құрылымы терең түрде

бөлектенген (дифференциацияланған), нақты көрсетілген, ұйымдастырылған және бюрократтанған. Жүйе жоғары дәрежедегі тұрақтылықпен ерекшеленеді.

Құрлықтық-еуропалық типтегі саяси жүйелер:

- өз бойына қазіргі заманғы демократиялық бағдарларды ғана емес, көне нанымдардың, дәстүрлердің, стереотиптердің элементтерінде сіңірген аса біртекті емес саяси мәдениеттің болуы;

- қоғам жақсырақ сегменттелген, оларда заңның толық үстемдігі орнағанына қарамастан, қуатты азаматтық дәстүрлердің әрекеті сезіледі, идеологиялық күрес, партияаралық бәсеке, билікке деген саяси қарсылықтық процестері күштірек түрде жүреді;

- коалициялық үкіметтер, интенсивті түрдегі блокаралық бәсекелестік мемлекеттік құрылыстың әдеттегі формасы болып табылады;

- саяси тұрақтылыққа субъектілердің біршама өткір және күрделі өзара іс-қимылы жолымен қол жеткізіледі.

Құрлықтық-еуропалық жүйелер (Франция, Германия, Италия) саяси мәдениеттің фрагменттілігімен ерекшеленеді, ал жалпы алғанда бұл саяси мәдениет тамырлары мен мұрасы ортақ. Олар үшін ескі және жаңа мәдениеттердің қатар тіршілік етуі, түрлі идеология мен көне дәстүрлер ұстанған, қоғамда айтарлықтай ықпалы бар көп партиялардың болуы тән. Осы типтегі саяси жүйелер Францияда, Германияда, Италияда бар.

Скандинавия мен Бенилюкс елдері құрлықтық-еуропалық және ағылшын-американдық жүйелер арасында аралық позицияға орналасқан.

Индустриалдық дәуірге дейінгі және жартылай индустриалдық типтегі саяси жүйелер:

- саяси мәдениеттің жоғары деңгейдегі эклектикалығы (дәстүрлер кейде кездері тікелей қарама-қайшы болып жатады, бұл жайт саяси процеске аса қарама-қайшылықты сипат береді);

- азаматтардың үкіметтің бағдарламалық мақсаттарына емес, көшбасшыға бағдар ұстануы;

- биліктің атқарушы органдары өкілеттіліктерін үнемі

асыра пайдаланады, тіпті заң шығарушы функцияларды да өз бақылауына алады, сот процестеріне ашық түрде араласады;

- азаматтардың құқықтары мен бостандықтары айтарлықтай шектелген;
- билікті ұйымдастырудың авторитарлық формасы, көп ретте бұл формада қоғамдық қатынастарды реттеудің қатаң, күш қолдану әдістері жолға қойылған болады.

Индустриалдық дәуірге дейінгі және жартылай индустриалдық (Азияның, Африканың, Латын Америкасының көптеген елдері) саяси жүйелерде батыс құндылықтарың, этникалық және діни дәстүрлердің қосындысынан құралған аралас саяси жүйе болып табылады.

Коммуникация мен үйлестіру қиындығы, аса қатты алшақ саяси бағдарлар, жүйенің барлық буындарының рөлдері диверсификациясың әлжуаз дәрежесі күш қолдану қажеттілігін тудырады.

Аталған жүйелерде міндеттер нақты бөлінбеген. Әскер мен бюрократтық аппарат заң шығарушылық функцияларды өзіне жиі алады; заң шығару органдар сот процестеріне араласады. Бұл жүйелерге – жеке авторитаризм, бір партияның билігі, күш қолданудың жоғары деңгейі тән. Саяси қатысу (ең жақсы жағдайда) жергілікті деңгеймен шектелген.

Тоталитарлық саяси жүйелер (қатаң гегемония):

- биліктің қоғам үстінен орнатқан идеологиялық және әкімшілік монополиясы;
- билік барынша орталықтанған, саяси рөлдер мәжбүрлі, күш қолдану мемлекет пен қоғам арасындағы өзара әрекеттестіктің негізгі әдісі болып табылады;
- азаматтардың саяси қатысуы ритуалды және «жасанды» сипатта;
- саяси тәртіптердің осылайша қол жеткізілген тұрақтылығы билік құрушы қабаттардың мүддесіне ғана қызмет етеді.

Тоталитарлық типтегі саяси жүйелер (фашистік Италия мен Германия). Тоталитарлық саяси мәдениет

саяси белсенділіктің мәжбүрлі түрін жасайды. Онда ерікті түрде құрылған бірлестіктер жоқ, ал саяси өмір монолитті партияның бақылауында.

Бұл типтегі жүйеде мүдделердің тәуелсіз топтары жоқ. Саяси қатысу «жасанды». Мемлекет қатаң түрде саяси коммуникацияны бақылауда ұстайды. Саяси «өзіндік әрекет етуге» тыйым салынған. Тоталитарлық жүйелерге шектен тыс орталықтану мен күш қолданудың жоғары деңгейі тән.²⁷

Француз саясаттанушысы **Жан Блондель** саяси жүйелерді мазмұны мен формасына қарап жіктейді де олардың бес негізгі түрін бөліп көрсетеді:

1) либералды демократтар саяси шешімдер қабылдағанда индивидуализм, еркіндік, жеке меншік құндылықтарына бағдар ұстанады;

2) коммунистік, немесе авторитарлық - радикалдық жүйелер, теңдік, әлеуметтік әділеттілік құндылықтарына бағдар ұстанады;

3) дәстүрлі саяси жүйелер басқарудың олигархиялық формасына сүйенеді, экономикалық ресурстар мен әлеуметтік мәртебелердің теңдей бөлінбеуіне бағдар ұстанады;

4) популистік саяси жүйелер дамушы елдерде басым көрініс табады, басқарудың авторитарлық әдістерін қолданады, игіліктерді бөлуде көбірек теңдікке ұмтылады;

5) авторитарлық-консервативтік саяси жүйелер әлеуметтік және экономикалық теңсіздікті сақтау, халықтың саяси қатысуын шектеу мақсаттарын көздейді.

Американдық саясаттанушы **С. Хантингтонның** 1990-шы жылдардың орта тұсында айтқан пікіріне орай, қазіргі заманғы күрделену үстіндегі әлемде саяси қақтығыстардың басты қайнар көзі әлеуметтік (таптық, этникалық) топтық қақтығыстарды көрсететін идеология емес, мәдени компоненттер болып табылады.

Оның үстіне, «жаһандық саясаттың ең қомақты қақтығыстары түрлі өркениетке жататын ұлттар мен топтар

²⁷ Қараңыз: Almond A. G., Verba S. The Civic Culture: Political Attitudes and Democracy in Five Nations. Boston, 1963; Сидельникова Т. Т., Темников Д. А., Шарагин И. А. Политология: комментарии, схемы, афоризмы. М.: ВЛАДОС, 1999. - С. 75.

арасында тұтанатын болады».

Басқаша айтқанда, өркениеттік құрылымдар арасында қылаң беріп келе жатқан немесе пайда болып үлгерген «сызат» жолағы саяси жүйелерді ажырату жолағы болады. Осы сынды салыстырмалы түрде автономды және дербес саяси жүйелер ретінде келесі өркениеттерді бөліп көрсетеді:

- батыстық;
- конфуциандық;
- жапондық;
- исламдық;
- индуистық;
- славяндық-православтық;
- латынамерикалық;
- африкалық.

Адамзат қауымының ең кең деңгейін көрсететін бұл өркениеттер, сөзсіз белгілі бітұтастыққа қана емес, белгілі бір әртектілікке ие. Мәселен, Жапония жағдайын алсақ, өркениет бір елді қамтып тұр, алайда басқа нұсқалардың көбінде мұндай саяси жүйелерге түрлі ұлт-мемлекеттер қосылуы мүмкін.

Бұл саяси жүйелер қарым-қатынасының ерекше сипаты олардың арасындағы қарама-қайшылықтарды еріксіз түрде күшейте береді, жекелей алғанда мемлекетаралық теке-тірестің аймақтық сипаты, мемлекеттік шекаралармен бөлінген халықтардың территориялық арыз-талаптарының кеңеюі т.б.²⁸

Ч. Эндрейн саяси жүйелерді түрлерге бөлу әдісі үшін үш критерийді енгізді:

- 1) саяси міндеттер мен мақсаттарды қалыптастыратын адамгершілік құндылықтар мен материалдық мүдделер;
- 2) мемлекеттің әлеуметтік топтардың үстінен орнатқан билігі, ал кең мағынада - үкіметтің саяси процеске ықпалы;
- 3) басқарушылар мен басқарылушылар арасындағы қашықтық, саясаткерлер мен қоғамның қарапайым

²⁸ Хантингтон С. Столкновение цивилизаций? // Полис. 1994. № 1. - С. 33—48; Хантингтон С. Третья волна. Демократизация в конце XX века/ Пер. с англ. - М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2003. - С. 17-20; Хантингтон С. Политический порядок в меняющихся обществах. - М.: Прогресс-Традиция, 2004. - С. 179.

мүшелерінің жүріс-тұрысы.

Нәтижесінде ол жүйелерді (режимді) келесі түрлерге жіктеді:

- халықтық (тайпалық);
- бюрократиялық авторитарлық;
- элитистік мобилизациялық;
- келістірушілік.²⁹

Халықтық(тайпалық) режимдердің терімшілік, егін жинау сынды материалдық қызметтері рухани-адамгершілік құндылықтармен, мәселен, құдайларды құрмет тұтумен тығыз байланысты. Басқарушылар мен бағыныштылар арасындағы қашықтық болмашы ғана.

Бюрократтық авторитарлық режимде мемлекет барлық әлеуметтік топтарды қатаң бақылауда ұстайды, жекелеген тұлғалар билікке қарсы тұруға мүлдем дерлік мүмкіндігі жоқ. Материалдық мүдделер мен адамгершілік құндылықтар күрт бөлінген.

Мобилизациялық (жұмылғыш) режимдегі биліктері күшті мемлекетті басқарады; әлеуметтік топтар күшті мемлекеттерден аз ғана дербестік алады; басқарушылар мен басқарылушылар арасындағы қашықтық үлкен.

Келісімпаз режим плюралистикалық моделді жүзеге асырады. Мемлекеттің мүмкіндіктері шектеледі.

Ч. Эндрейн бөліп көрсетілген режимнің ішінде демократия жағдайындағы ең тиімдісі келісімпаз тип деп қорытынды жасайды. Оның көшбасшылары түрлі топтар мүдделерінің қақтығысын, ұйымдық плюрализмді және азаматтардың саясатқа ерікті түрде қатысуын легитимді деп таниды. Көшбасшылар өз қарсыластарымен компромиске бейім. Консенсусқа бағытталған стратегиялар икемді саяси жолдар жасауға септігін тигізеді.

Мобилизациялық режимдер социализмге жақын болады. Популист-мобилизаторлар саяси-экономикалық теңдік орнатып, қалың бұқараның саясатқа кеңінен араласуына қол жеткізуге ұмтылады.

Ч. Эндрейн «ұйымдаспағандарды ұйымдастыру»,

²⁹ Чарльз Ф. Эндрейн. Сравнительный анализ политических систем. Пер. с англ. М.: Издательский дом «ИНФРА-М», Издательство «Весь Мир», 2000. - С. 19.

әлсіздерге күш беру, кедейлерді бай қылу өте қиын екенін атап өтеді. Идеологияның қасиетті мұратына деген сенім жоғалған кезде, мемлекеттік бюрократия социалистік қайта құрулардан гөрі ағымдағы режимді қорғауға ұмтылады.

Саяси ғылымда саяси жүйелерді жіктеудің басқа да түрі бар.

Саяси биліктің қайнар көзінің негізінде демократиялық және автократиялық саяси режимдерді бөліп көрсетеді. Мұнда билік, тұлға және қоғам арасындағы қатынастар және осыған байланысты қолданылатын басқару әдістері қарастырылады.

Тұлғаның қоғамдағы орнына (азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің болуы және жариялануы не болмауы), биліктің орталықтану дәрежесіне және оны жүзеге асыру әдістеріне қарай саяси жүйелердің екі түрі бөліп көрсетіледі.

Болмыстық қатынасына орай: консервативті және реформаторлық саяси жүйелер бар. Бірінші жүйелер саяси институттардың салыстырмалы түрдегі тұрақтылығымен сипатталады. Ал екінші жүйелерде қандай да бір саяси институттар қалыптасады немесе дамиды. Даму бағытына орай саяси жүйелердің прогрессивті және реакциялық түрлерін айқындайды.

Саяси партиялардың қоғамдағы қызметі негізінде келесі саяси партияларды бөліп көрсетеді:

- бірпартиялық;
- біржарым партиялық;
- қос партиялық;
- көппартиялық.

Саяси биліктің негізгі институттарының басқару формасы мен құрылысы жөнінен:

- монархиялық (абсолютті және конституциялық);
- республикалық (парламенттік, президенттік және аралас).

Елдің әкімшілік-аумақтық құрылысы жағынан:

- унитарлық;
- федерациялық ;
- конфедерация.

Саяси жүйелерді:

- дәстүрлі;
- модернизацияланған деп жіктеу кеңінен тараған.

Дәстүрлі жүйелердің негізінде дамымаған азаматтық қоғамды, саяси рөлдердің болмашы саралануын, билікті негіздеудің харизматикалық әдісін бөліп көрсетеді.

Модернизацияланған жүйелерде дамыған азаматтық қоғам, саяси рөлдердің диверсификациясы, билікті негіздеудің рационалды әдісі орын алған.

Саяси даму процесі дәстүрлі жүйеден модернизацияланған жүйеге өту ретінде көрсетіледі.

Тұрақтылық дәрежесіне қарай жүйелер келесідей бөлінеді:

- консервативті, орнатылған тәртіпті қолдап, ұстап тұрады;

- өзгермелі (трансформацияланушы), реформалар жүргізуге деген серпінділігімен, бағдарымен ерекшеленеді.

Сыртқы ортамен өзара қарым-қатынасы сипатына қарай саяси жүйелер:

- ашық;
- жабық деп те жіктелуі мүмкін.

Ашық саяси жүйелер сыртқы ортамен ресурстармен белсенді алмасады, өзге жүйелердің озық құндылықтарын табысты түрде орнатады, ширақ әрі серпінді (батыстың дамыған демократиялық елдері).

Жабық саяси жүйелердің сырты ортамен байланысы шектеулі, басқа жүйелердің құндылықтарын қабылдауға құлықсыз және өзіне өзі жеткілікті, яғни даму ресурстары жүйенің өз ішінде (КХДР, Куба, Иран).

Үстемдік еткен басқару әдістері мен саяси қарама-қайшылықтарды шешу әдістері бойынша жүйелер:

- командалық (басқарудың мәжбүрлеу әдістерін қолдануға сүйенген);
- жарыстық (басқару міндеттері түрлі саяси күштердің өзара күресі барысында шешіледі);
- социотабыстырушы (әлеуметтік келісімді сақтауға және қақтығыстарды еңсеруге бағытталған).

Қорытынды

Саяси жүйелерді типологиялауда түрлі парадигмалық және идеологиялық тәсілдемелердің үлесі бар. Бұл жайт ғалымдардың саяси процестің мәнін, қоғамдық дамудың негізгі проблемаларын талдау сипатын және т.б. ұғынуын айқындайды.

Саяси жүйелерді жіктеудің тәжірибелік мәні саяси институттарға оңтайлы түрде жұмыс жасап, өзінің саяси рөлдерін орындауға мүмкіндік беретін жағдайлардың жеткіліктілігін анықтауда жатыр.

Саяси жүйелердің алуан түрлілігі әмбебап тетіктердің және олардың қызмет ету заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Дэвид Истон теориясының мәні: саяси жүйенің «кіріс» және «шығыс» ұғымдарын түсіндіріп беріңіз?
2. Талкотт Парсонстың тұжырымдамасында қоғамның төрт қосалқы жүйелері қалай өзара әрекет етеді?
3. Карл Дойч ұсынған саяси жүйенің кибернетикалық моделінің ерекшелігі неде?
4. Саяси жүйенің құрылымдық элементтерін атаңыз. Олардың сипаттамаларын айтып беріңіз?
5. Қоғамның саяси жүйесінің негізгі қосалқы жүйелерін атап беріңіз?
6. Қоғамның саяси жүйесінің институционалды қосалқы жүйесінің рөлі қандай?
7. Қоғамның саяси жүйесінің нормативті қосалқы жүйесінің рөлі қандай?
8. Қоғамның саяси жүйесінің идеологиялық қосалқы жүйесінің рөлі қандай?
9. Қоғамның саяси жүйесінің коммуникативті қосалқы жүйесінің рөлі қандай?
10. Қоғамның саяси жүйесінің мәдени қосалқы жүйесінің рөлі қандай?
11. Саяси жүйенің негізгі қызметтерінің мазмұнын ашып беріңіз?
12. Саяси ғылымда саяси жүйелердің қандай түрлерін бөліп көрсетеді?

2 ТАРАУ.

Қазақстанның саяси жүйесін реформалау

2.1. Реформалаудың кезеңдері мен ерекшеліктері

Реформалау дегеніміз қандай да бір нәрсені реформа арқылы өзгерту. Отандық саяси ғылымда саяси жүйені реформалаудың түрлі нұсқалары бар, бұл «қолданыстағы жіктеу критерийлерінің және концептуалды-методологиялық негіздердің түрлі болуымен» түсіндіріледі, ол негіздер төмендегідей сипатталады:

- 1) қозғаушы күштердің және даму парадигмасының доминантының ауысуы;
- 2) саяси жүйе қызмет ету тетігінің сапалы өзгерісі;
- 3) басқару жүйесінің критеріі;
- 4) «қоғам либерализациясының және саяси жүйенің демократиялануға ұмтылу» деңгейі критерийі.³⁰

Мәселен, «қоғам либерализациясының және саяси жүйенің демократиялануға ұмтылу» деңгейі және «саяси жүйе қызмет ету тетігінің сапалы өзгерісі» критерийлері негізінде саяси жүйені реформалаудың келесі кезеңдерін бөліп көрсетуге болады (12-сурет).³¹

Саяси жүйені реформалаудың негізін тарихи-бағдарлы тәсілдеме құраған кезеңге бөлу әдісін қарастырғанда Қазақстанның саяси жүйесінің трансформациялануының келесі кезеңдерін бөліп көрсетіп, олар тарихи процестің жүйелілігі мен біртұтастығын сипаттайды:

- **Бірінші кезең** (1995-2001 жж. аралығы) – шынайы

³⁰ Қараңыз: Назарбаев Н.А. «Новый этап демократизации Казахстана – ускоренное развитие свободного демократического общества». Выступление на совместном заседании Палат Парламента Республики Казахстан 16 мая 2007 г. // <http://www.akorda.kz>; Рахимжанов А.М., Нурмагамбетов А.А. К вопросу о периодизации и содержании реформирования политической системы Казахстана // Казахстанский путь политического реформирования: Сб. мат-лов «круглого стола» (12 декабря 2007г.). – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2008. – С. 44-55.

³¹ Қараңыз: Машан М.С. Политическая система Казахстана: трансформация, адаптация, целедостижение. Алматы: Центр политических исследований Казакстан даму институты. 2000. - С. 155; Ашимбаев М.С. Политический транзит: от глобального к национальному измерению. Астана: Елорда, 2002. - С. 186-187.

12-сурет.
Қазақстанның саяси жүйесін реформалау кезеңдері

КЕЗЕҢГЕ БӨЛІНУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРДІҢ
ЖӘНЕ ДАМУ
ПАРАДИГМАСЫНЫҢ
ДОМИНАНТЫНЫҢ АУЫСУЫ

СЯСИ ЖҮЙЕ
ҚЫЗМЕТ ЕТУ
ТЕТИГІНІҢ САПАЛЫҚ
ӨЗГЕРІСІ

1 КЕЗЕҢ
(1990-1993)

ЕГЕМЕНДІ СЯСИ-БИЛІК ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ
БЕЛГІСІМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҮЙЕЛІК ЛИБЕРАЛДАНУ
КЕЗЕҢІ

2 КЕЗЕҢ
(1993-1995)

БІРІНШІ КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚАБЫЛДАУМЕН
БАЙЛАНЫСТЫ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТЫ
ЛИБЕРАЛДАНДЫРУ КЕЗЕҢІ

3 КЕЗЕҢ
(1995-2001)

СЯСИ БИЛІКТІҢ ӨЗЕГІН ЖАСАУ ПРОЦЕСІМЕН
БАЙЛАНЫСТЫ БІРЖАҚТЫ ЛИБЕРАЛДАНДЫРУ КЕЗЕҢІ

4 КЕЗЕҢ
(2001-2007)

ҚОҒАМНЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ
ТРАНСФОРМАЦИЯЛАРҒА ДЕГЕН ҚАЖЕТТІЛІГІНІҢ
ӨСУІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ БЕЛСЕНДІ
ЛИБЕРАЛДАНДЫРУУ МЕН ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ
КЕЗЕҢІ

5 КЕЗЕҢ
(2007-2012)

СЯСИ ЖҮЙЕНІҢ ҚОСАЛҚЫ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ БЕЛСЕНДІ
ТҮРДЕ ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ КЕЗЕҢІ, АТАП
АЙТҚАНДА, ҚР САЙЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ
ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН КҮШЕЙТУ, БІРҚАТАР
НОРМАТИВТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРГЕ ӨЗГЕРІСТЕР
ЕНГІЗУ, «ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ
ҚАБЫЛДАНУЫ

6 КЕЗЕҢ
(2012 ж. – ҚАЗІРГІ
УАҚЫТҚА ДЕЙІН)

ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ТЕРЕҢДЕУ,
КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУ, МЕМЛЕКЕТ ПЕН
АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ӨЗАРА
ӘРЕКЕТІ ФОРМАТТАРЫН ЖЕТІЛДІРУ КЕЗЕҢІ

тәуелсіздіктен 1995 жылы Қазақстанның Конституциясының қабылдануына дейін - қазақстандық мемлекеттіліктің іргетасының қалыптасуы.

• **Екінші кезең** (2002-2011 жж. аралығы) – Конституциясының қабылдануынан бастап 1999 жылы ҚР Парламенті Мәжілісіне сайлаудың қорытындыларын жасағанға дейін – қазіргі заманғы демократиялық институттарды құру және нығайту; 1998 жылғы конституциялық түзетулер; дауыс берудің аралас жүйесі бойынша сайланған Парламенттің төменгі палатасының жаңа құрамын жасақтау.

• **Үшінші кезең** (2002-2006 жж. аралығы) – 2002 жылы «Саяси партиялар туралы» ҚР Заңының қабылдануынан бастап кезекті конституциялық реформаға дейін – мемлекеттілікті бекіту; партиялық жүйенің трансформациясы; 2004 жылғы парламенттік сайлау; партиялық алаңды қайта құрылымдау: «Нұр Отан» ХДП-ның құрылуы.

• **Төртінші кезең** (2007-2011 жж. аралығы) – 2007 жылғы конституциялық реформадан 2012 жылғы парламенттік сайлауға дейін – конституциялық түзетулердің мәні; 2007 жылы дауыс берудің пропорционалдық жүйесі бойынша өткен Мәжіліс сайлауы.

• **Бесінші кезең** (2012 жылдан қазіргі уақытқа дейін) – 2012 жылғы Мәжіліс сайлауы; Парламенттің үшпартиялық палатасының қалыптасуы; 2016 жылғы Мәжіліс сайлауы; саяси жүйені одан әрі дамыту перспективалары.³²

1. Қазақстандық қоғамның модернизациялық өзгерістері тәуелсіздік алумен байланысты.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Қазақ КСР мемлекеттік егемендік туралы» Декларациясының қабылдануы Қазақстан үшін саяси-құқықтық тарихтағы жаңа белес болды.

Декларация мемлекеттің ұлттық заңнамасының және жаңа Конституциясының қалыптасуына негіз бола білді. Сонымен бірге Декларация жаңа саяси жүйенің

³² Джунусова Ж.Х. Республика Казахстан: Президент. Институты демократии: Монография. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996. - С. 218; Сейлеханов Е.Т. Политическая система Республики Казахстан: опыт развития и перспективы: Монография. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2009. – С. 124-139.

институционалдық негіздерін қалаудың алғышарты мен бастаушысы қызметін атқарды. Бұл процесс тәуелсіздік жылдарында дами түсті.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық заң мемлекеттік тәуелсіздікті жариялаған ресми құжат еді. Онда тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының өз аумағы бар және онда толық билікке ие.

Қазақстандағы пост-коммунистік ауысу саяси жүйені өзгертуден басталды.

Саяси салада, ең алдымен, кеңестік саяси мұраның қалдықтарынан арылу қажет болды. Бұл процестің негізгі құраушылары:

- биліктердің бөліну принципін жүзеге асыру;
- саяси плюрализмді енгізу;
- көппартиялы саяси жүйені қалыптастыру.

Қазақстанның жаңа конституциялық заңнамасының қалыптасу тарихы өз бастауын Қазақ КСР-ның «Президент лауазымын енгізу туралы» 1990 жылғы 24 сәуірдегі Заңымен Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер енгізген кезден бастау алады. Президент лауазымы республикада жүзеге асырылатын терең саяси және экономикалық қайта құруларды, конституциялық құрылысты нығайтуды қамтамасыз ету мақсатында енгізілді.

1990 жылғы 24 сәуірде Жоғарғы Кеңес ҚазКСР Компартиясының ОК Бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаевты ҚазКСР Президенті ретінде сайлады (318 дауыс «қолдаған», 18 дауыс «қарсы болған»).

1991 жылы тамыз бүлігі күйрегеннен кейін және де КСРО-да қоғамдық-саяси өмірдің күрт өзгеруіне орай Қазақ КСР Президентін бүкілхалықтық сайлау қажеттілігі туды, бұл оны кең легитимді негізбен қамтамасыз ету үшін де жасалған болатын.

Депутаттық корпустың бастамасы бойынша 1991 жылғы 1 желтоқсан сайлау күні ретінде таңдалды. Алғашқы бүкілхалықтық сайлауда Нұрсұлтан Назарбаев 98,7 % дауыс жинады.

Президенті тікелей сайлау мемлекет басшысы билігін легитимді ету жүйесін өзгертіп қана қоймай, республикада президенттік биліктің қалыптасу процесінде де үлкен рөл ойнады. Президентке сенім вотумы жоғары өкілетті органның еркіне тәуелді болуын тоқтатты.

Конституциялық заңнаманың екінші кезеңі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Қазақ КСР-ның 1991 жылғы 10 желтоқсандағы Заңын қабылдаған уақыттан басталады. Алайда бұл Заң конституциялық деп аталмаса да, ол іс жүзінде сондай болды, себебі Қазақ КСР-ның Конституциясының өзгерістер енгізді.

Заңда алғаш рет тәуелсіздік жарияланды, онда тәуелсіз мемлекетке тән элементтер бекітілді:

- бірыңғай азаматтық;
- территориялық дербестік;
- мемлекеттік органдардың дербес жүйесі;
- тәуелсіз мемлекеттің мәртебесіне сай дербес экономикалық жүйе;
- өзінің қарулы күштерінің болуы.

Осылайша Қазақстан әлемдік қауымдастық қатарына дербес мемлекет ретінде қосылды.

«Кеңестік мұраны демонтаждау» процесінде биліктің заң шығарушы тармағының трансформациясы маңызды орын алды.

КСРО-ның саяси негізін Халық депутаттарының кеңестері құрағандықтан мемлекеттік биліктің демократиялық қайта құрулары міне соларды реформалаудан басталды. 1989 жылғы 22 қыркүйектегі Қазақ КСР Конституциясына жасалған түзету арқылы түрлі деңгейдегі - Жоғарғыдан ауылдықтарға дейінгі Кеңестердің мәртебесі өзгертілді. Осыдан кейін олар мемлекеттік биліктің өкілетті органдарының біртұтас жүйесіне айналды (мемлекеттік билік органдарының біртұтас жүйесінен гөрі).

Республика Президенті лауазымын енгізу ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақ КСР атынан әрекет ететін

Жоғарғы Кеңес Төрағасының өкілеттіліктеріне ықпал етті.³³

Саяси жүйені одан әрі қарай реформалау Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияда мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушы және сот билігі болып бөліну принциптерін бекіту арқылы көрініс тапты. Жекелей алғанда, Декларацияда заң шығарушы билікті Жоғарғы Кеңес атқарады, Президент республика басшысы болып табылды және жоғары ұйғарымдық-атқару билігін иемденген, ал жоғарғы сот билігі Қазақ КСР-ның Жоғарғы Сотына тиесілі болды. Аталған қағида нормативті тұрғыда 1990 жылғы қарашада бекітілді.³⁴

1992 жылғы мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде құрылуы мен даму стратегиясы» деп аталатын құжатты жариялады. Бұл маңызды құжатта Қазақстанның егемен мемлекет ретінде стратегиялық мақсаттары мен дамудың концептуалды моделдері айқындалды.

1993 жылғы 10 желтоқсанда Жоғарғы Кеңес «Қазақстан Республикасының Халықтық депутаттар жергілікті кеңестерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» Заң қабылдады. Дәл осы күні Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының Президентіне және жергілікті әкімдіктер басшыларына қосымша өкілеттіктерді беру туралы» Заң қабылдады, Жоғарғы Кеңестің 360 депутатының 200-де астамы өз өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатты, соның нәтижесінде 1993 жылғы 10 желтоқсанда Жоғарғы Кеңес өзін-өзі тарату жөнінде шешім қабылдады.

Заң жаңа сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясы жұмысының басталу уақытына дейін Президентке Конституцияның негізінде және оны

³³ Об учреждении поста Президента Казахской ССР и внесении изменений и дополнений в Конституцию (Основной Закон) Казахской ССР. Закон Казахской Советской Социалистической Республики от 24 апреля 1990г. П.1. 8-10

³⁴ Декларация о государственном суверенитете Казахской Советской Социалистической Республики от 25 октября 1990г. П.7. // Казахстан: этапы государственности. - С. 371; О совершенствовании структуры государственной власти и управления в Казахской ССР и внесении изменений и дополнений в Конституцию (Основной Закон) Казахской ССР. Закон Казахской ССР от 20 ноября 1990г. П.1.1 // Казахстан: этапы государственности. - С. 374.

орындау үшін актілер шығаруға құқық берді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тиісті заңдары қабылданға дейін бұл актілер жұмыс жасайды деп бекітті.

1993 жылғы 10 желтоқсанда ҚР Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының жергілікті және атқарушы органдары туралы» Заң күшіне енді, оған сәйкес республикада билік жүйесі түпкілікті өзгерді.

Қабылданған Заң Қазақстан Республикасында жергілікті басқарудың жаңа жүйесін, жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың құзыреттерін, оларды ұйымдасуы мен қызмет ету тәртібін айқындады.

Заңның мәні келесіде болды:

1) Облыс, аудан, қала (аудандық бағыныстағы қаладан және қаладағы ауданнан, кенттен, ауылдан, аулдық аймақтан басқа) аумағында халықтың өкілетті органы мәслихат болды. Мәслихат - халық бес жылға сайлайтын депутаттардың жиналысы.

2) Облыс, аудан, қала, қаладағы ауданда атқарушы орган – жергілікті әкімшілік басшысы, ол Қазақстан Республикасы Президентінің тікелей өкілі ретінде әрекет етті.

3) Жергілікті әкімшілік басшысы дара басшылық қағидасы негізінде әрекет етеді, тиісті аумақта мемлекеттік басқарудың қызметтерін атқарады.

4) Кент аумағында атқарушы орган – кент әкімшілігі басшысы, ал ауыл мен ауылдық аймақ аумағында атқарушы орган – әкімшілігінің басшысы.


1993 жылғы 17 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі жарияланды, оған сәйкес 177 депутатты сайлауда жаңа (мажоритарлық) жүйе ұсынылды. Қоғамдық бірлестіктердің, азаматтардың (өзін-өзі ұсыну арқылы), және президенттің депутаттыққа кандидаттар ұсыну құқықтарын беру сайлау практикасындағы жаңа құбылыс болды. Кодекс бойынша 135 кандидатты территориялық аймақтар бойынша, 42 кандидатты президенттік тізім бойынша сайлау белгіленген. Жаңа парламенттік сайлаулар 1994 жылғы 7 наурызға белгіленді.

1994 жылғы 7 наурызда егемен Қазақстанның тұңғыш

парламентіне сайлау өтті. XIII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес 1994 жылғы сәуірден 1995 жылғы наурызға дейін жұмыс жасады. Жалпыға ортақ сайлау өткізілгеннен кейін парламентке саяси партиялардың, экономиканың мемлекеттік емес секторының өкілдері келді. 176 депутат сайланды, олардың ішінде: президенттік тізім бойынша: – 42; қоғамдық бірлестіктерден – 75; өзін-өзі ұсынғандар – 59 (1-диаграмма).

1-диаграмма.

Жоғарғы Кеңес XIII шақырылым (құрамы)



Оппозицияның қалыптасуы жаңа парламенттің ерекшелігі болды. Жоғарғы Кеңес пен атқарушы орган арасында теке-тірестер көрініс берді. Бұл теке-тірес жаңа парламенттік дағдарысқа алып келді. Нәтижесінде Қазақстан Республикасының Конституциялық сотының 1994 жылғы 7 наурызда өткізілген парламенттік сайлаудың Конституцияға сәйкес келмейтіні туралы қаулысынан кейін, (1995 жылғы 6 наурыз) Жоғарғы Кеңес сайлауының нәтижелері де, жоғары өкілетті орган депутаттарының қызметінің заңдылығы да күмәнді болды. Сондықтан XIII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес таратылды. 1995 жылдың наурызы мен желтоқсаны аралағында елде парламент

болған жоқ.

Осы кезең аралығында Мемлекет басшысы 511 жарлық шығарды, оның 132-сі заң күші бар жарлықтар болды, бұр жарлықтар дені жаңа нормативті база құру арқылы экономиканы ширақтандыруға, сондай-ақ мемлекеттік құрылыстың өмірлік маңызды мәселелерін шешуге бағытталған болатын. Міне дәл осы кезеңде, саяси демократия мен нарықтық экономиканың құқықтық базасын құру басты мақсатқа айналған сондай жағдайда басқарудың президенттік жүйесі өзінің анағұрлым эффективтілігін көрсетті.

Екі парламенттің сәтсіз тәжірибесіне қарамастан, XII және XIII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес билікті легитимді етудің маңызды институты болды. Сондықтан да Қазақстан Республикасының алғашқы парламенттерінің жұмыс жасауын демократияның маңызды жеңістері деп санауға болады.

Қазақстан Республикасының конституциялық заңнамасы қалыптасуының үшінші кезеңі Жоғарғы Кеңестің 1993 жылғы 28 қаңтарда жаңа Конституцияны қабылдаған уақытымен басталады. Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы тәуелсіз мемлекеттің конституциялық негіздері болған тарихи-құқықтық құжат рөлін атқара білді. Конституцияның кіріспесінде (преамбулада) Қазақстан әлемдік қауымдастықтың мүшесі және өзін-өзі анықтаған қазақ ұлтының мемлекеттілігі формасы ретінде өзінің барлық азаматтарына тең құқықтар қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы президенттік билікті орнатты.

1993 жылғы Ата заңда келесі жайттар анықталып бекітілді:

- адамның іргелі құқықтары мен еркіндіктері;
- мемлекеттік құрылыстың негіздері – халық билігі, унитарлық, аумақтық бөліндеу мен тұтастық;
- биліктің үш тармаққа бөлінуі: 1) заң шығарушы 2) атқарушы – Министрлер кабинеті 3) Сот – Конституциялық, Жоғары және Жоғары арбитражды сот.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл.

Бүкілхалықтық талқылаудан өткеннен кейін, тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1990-шы жж. басында қоғамдық өмірдің барлық саласында реформаларды жүргізуге қажетті заңнамалық негіздің рөлін табысты түрде атқарды.

1995 жылғы 25 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғам бірлігін сақтау және елдегі саяси және әлеуметтік жағдайдың күрт нашарлауын болдырмау үшін ҚР Президентінің өкілеттілігін 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін созу бойынша республикалық референдум өткізу қажеттілігі туралы қарар қабылдады. Қазақстан халқы Ассамблеясы Президент жанындағы кеңесші орган ретінде құрылып, жаңа мемлекет құру жолында елді демократияландыруға қомақты үлес қосты.

1995 жылғы 29 сәуірде ҚР Президентінің өкілеттілігін 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін созу бойынша республикалық референдум өткізілді. Ресми деректер бойынша, дауыс беруге құқығы бар азаматтардың 91% дауыс беруге қатысып, олардың 95% ҚР Президентінің өкілеттілігін созыруды қолдап дауыс берді.

Осылайша, Қазақстан мемлекеттілігін қалыптастыру процесі бейбіт-эволюциялық сипатта болды, міне осы жайт егемендік алудың қазақстандық нұсқасының айырықша белгісі. Республика егемендігінің бастапқы кезеңінде (1991-1994 жж.) оның даму жолын анықтау мәселелері басымдыққа айналды. Мемлекеттік құрылыс процесі басқарудың ескі әкімшілік жүйесіне сүйеніп жүргізілді, реформаларбарысындаолбіртіндептрансформацияланып, ауыстырылды.

2. Қоғамның саяси өміріндегі модернизациялық өзгерістерді жеделдетумен байланысты мәселелерді ағымдағы Конституцияға өзгерістер енгізу арқылы шешу мүкін еді, сол себепті жаңа Конституция қабылдау қажет болатын.

1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда жаңа Конституция қабылданды. Жаңа Конституция жобасының мәтіні Қазақстан халқы Ассамблеясының

қарауына ұсынылды. Оның қолдауымен және бүкілхалықтық талқылаудан кейін 1995 жылғы 30 тамызда референдумда Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Нәтижесінде Қазақстан биліктің үш тармағының өкілеттіктері нақты көрсетілген және Парламенті жаңа құрылымға ие болған президенттік республикаға айналды.

Қазақстан Республикасы 1995 жылғы Конституциясында мемлекет түсінігі түрлі позицияда қарастырылады: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары (1 бап)».

ҚР жаңа Конституциясын қабылдау және оны іске қосу кеңестік саяси мұрамен түпкілікті түрде қош айтысуды білдірді.

Ұлт құру және егемендікті нығайту процесі мемлекетке одан ары қарай даму жолын таңдауға мүмкіндік берді. Бұл таңдау демократияның пайдасына жасалды. Қазақстанда қалыптасқан саяси алғышарттар жиынтығы модернизациялық қайта құрулар жасауды бастауға мүмкіндік берді. Жекелей алғанда, басқарудың республикалық формасы енгізілді.

Басқарудың мұндай формасын таңдауға келесі конституциялық қағидалар заңды заңды негіздер қызметін атқарды:

- мемлекеттік биліктің бірден бір қайнар көзі - халық;
- парламентаризм;
- мемлекеттік билікті үш тармаққа бөлу: заң шығарушы, атқарушы және сот;
- халық қабылдаған Конституцияның өктемдігі және жоғары заң күші.

1995 жылғы Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасында басқарудың президенттік жүйесі бекітілді. Мемлекеттік құрылыстың міндеттерін шешу қуатты атқарушы үкіметке сүйенген шоғырландырылған мемлекеттік ерік-жігер болғанда ғана мүмкін еді.

Мемлекеттің ішкі жағдайын сипаттаған саяси-әлеуметтік

және экономикалық белгісіздік жағдайында басқарудың президенттік түрін таңдау сол кездегі объективті шындыққа адекватты жауап болды.

Біріншіден, президенті бүкілхалықтық сайлау арқылы таңдау биліктің сайлаушылар алдындағы жауапкершілігінің демократиялық нормасын жүзеге асыруға септігін тигізді.

Екіншіден, президенті бүкілхалықтық сайлау саяси жүйенің демократиялық легитимділігін жоғарылатады, өйткені президент сайлаушылардың көпшілігінің атынан шығады.³⁵

Сонымен бірге, Сенатқа 7 депутатты Республика Президенті тағайындайды. Төменгі палата (Мәжіліс) 67 депутаттан құралған, олар тікелей сайлау арқылы сайланды (Конституцияға енгізілген 1998 жылғы өзгерістерден кейін төменгі палата депутаттарының саны 77 дейін көбейтілді).

Қазақстанды президенттік республика деп жариялаған 1995 жылғы Конституция, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Сот жүйесі және соттар мәртебесі туралы» конституциялық заңдар биліктің әр тармағының мәртебесі мен қызметтерін реттеуге септігін тигізді.

1998 жылғы 7 қазанда Қазақстан Республикасының Парламенті Ата Заңға конституциялық түзетулер енгізді, ол түзетулер Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімін - 5 жылға, Сенат депутаттары өкілеттіктері мерзімін - 6 жылға өзгертті.

1998 жылғы 8 қазанда Парламенттің қос палатасының бірлескен сессиясында қаулы қабылданды, оған сәйкес

³⁵ Қараңыз: О положении в стране и основных направлениях внутренней и внешней политики: Демократизация общества, экономическая и политическая реформа в новом столетии. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана // Казахстанская правда. - 1 октября 1998; Касымбеков М.Б. Институт президентства как инструмент политической модернизации.- Астана: Елорда., 2002; Майлыбаев Б.А. Становление и эволюция института Президента Республики Казахстан: проблемы, тенденции, перспективы (опыт политико-правового исследования): Монография. – Алматы: Издательство «Арыс», 2001; Малиновский В.А. ЛИДЕР: президентская власть в Казахстане на рубеже эпох: Монография. – Астана: ТОО «Изд-во «Норма-К», 2012.

Қазақстан Республикасы Президентінің мерзімінен бұрын сайлау 1999 жылғы 10 қаңтарға белгіленді.

2-диаграмма.
ҚР Парламенті Мәжіліс (құрамы)
(1995 жылғы 9 желтоқсанда сайланған)



Сонымен бірге, Сенатқа 7 депутатты Республика Президенті тағайындайды. Төменгі палата (Мәжіліс) 67 депутаттан құралған, олар тікелей сайлау арқылы сайланды (Конституцияға енгізілген 1998 жылғы өзгерістерден кейін төменгі палата депутаттарының саны 77 дейін көбейтілді).

Қазақстанды президенттік республика деп жариялаған 1995 жылғы Конституция, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Сот жүйесі және соттар мәртебесі туралы» конституциялық заңдар биліктің әр тармағының мәртебесі мен қызметтерін реттеуге септігін тигізді.

1998 жылғы 7 қазанда Қазақстан Республикасының Парламенті Ата Заңға конституциялық түзетулер енгізді, ол түзетулер Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімін - 5 жылға, Сенат депутаттары өкілеттіктері мерзімін - 6 жылға өзгертті.

1998 жылғы 8 қазанда Парламенттің қос палатасының бірлескен сессиясында қаулы қабылданды, оған сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің мерзімінен бұрын


сайлау 1999 жылғы 10 қаңтарға белгіленді.

Барлық қоғамдық-саяси бірлестіктер, соның ішінде ресми саяси бағытқа берілгендер мен оған оппозициядағылар да саяси белсенділік танытты.

Әрекет етудің технократтық бағдарламасын және тұрақтылықты нығайту саясатын ұсынған Н. Назарбаевтан басқа тағы үш кандидат тіркелді. Олар: қазақстандық коммунистердің көшбасшысы және Парламент спикері болған, коммунистік балама бағдарма ұсынған – С. Әбділдин, халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік жөнінде парламенттік комиссияның мүшесі, демократиялық бағдар ұстанған электораттың қолдауына сенген – Э. Ғаббасов, Республиканың Кедендік комитетінің төрағасы, қатаң тәртіп орнатуға шақырған – Ғ. Қасымов.

Дауыс берудің нәтижесінде сайлаушылар дауысы келесідей бөлінді: Н. Назарбаев – 81,75 %; С. Әбділдин – 12,08 %; Ғ. Қасымов – 4,72 %; Э. Ғаббасов – 0,78 %. Сайлау сол кездегі ҚР Президентінің қызметіне көрсетілген халық қолдауының жоғары деңгейін көрсетті (3-диаграмма).

3-диаграмма.
ҚР Президенті сайлауы (1999 ж.)



1999 жылғы 10 қаңтардағы Президентік сайлау қоғамдық санада орын алған өзгерістердің индикаторы, Қазақстанның

саяси жүйесінің демократиялық трансформация процесінде маңызды кезең болды. Бұл сайлаудың маңызы посткеңестік кезеңде алғаш рет өткізілген баламалы президент сайлауы болды. Сонымен қатар, президенттік биліктің легитимді өрісін кеңейтіп, қуатты президенттік республика құру мақсатымен Қазақстанда саяси және конституциялық реформалардың кезекті циклын іс-жүзінде аяқтады.

1998 жылы басталған партиялық және қоғамдық қозғалыстардың дамуы саяси белсенділіктің күрт өсуімен ерекшеленді. Бұған бірнеше факторлардың септігі тиді:

біріншіден, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 1998 жылғы қыркүйектегі «Елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары: жаңа жүзжылдықта қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформа» атты Жолдауы, онда демократияландырудың негізгі жеті элементтерінің қатарында қоғамның саяси жүйесінде партияның рөлін күшейту белгіленді: «Саяси партиялар демократия ғимаратын соғуда қолданылатын негізгі «құрылыс материалы» болып табылады, және біз олардың дамуы мен бекуі үшін құқықтық және басқа да жағынан қолдан келгеннің бәрін жасап, олардың қоғамдағы орнын бекітуіміз керек»;

екіншіден, Парламентте партиялардың пропорционалды өкілеттілігін енгізу ұсынысы партиялық жүйенің одан әрі дамуы үшін маңызды ұсыныс болды, бұл 1998 жылғы 7 қазанда Конституцияға жасалған өзгерістер мен толықтыруларда өз көрінісін тапты. Осы түзетулерге сәйкес, Парламент Мәжілісінде партиялық тізім бойынша сайланатын депутаттар үшін қосымша он орын бөлінді.


Осылайша, алғаш рет саяси партиялар Парламенттің төменгі палатасындағы депутаттық мандаттар үшін таласқа жанама түрде емес, тікелей қатысуға мүмкіндік алды.

1999 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне өткізілген сайлау дауыс берудің аралас жүйесі бойынша депутаттық мандаттарға партияаралық таластың алғашқы тәжірибесі болды. 67 бірмандатты сайлау аймақтары бойынша Қазақстанның 595 азаматы

үміткер ретінде ұсынылды. Олардың ішінде қоғамдық бірлестіктерден – 74, саяси партиялардан – 127, өзін өзін ұсынғандар – 394 адам. Партиялық тізім бойынша 84 кандидат тіркелді. Сайлауға келесі тоғыз партия қатысты: Қазақстанның Халық конгресі партиясы, Қазақстанның қайта жаңғыруы партиясы, Еңбектің республикалық саяси партиясы, «Отан» республикалық саяси партиясы, Қазақстанның коммунисттік партиясы, «Азамат» демократиялық партиясы, Қазақстанның азаматтық партиясы, Қазақстанның аграрлық партиясы, «Алаш» ұлттық партиясы (4-диаграмма).

4-диаграмма.

ҚР Парламент Мәжілісі (құрамы) (1999 ж. сайланған)



Партиялық тізім бойынша сайлау 1999 жылғы 10 қазанда өткізілді, сайлау нәтижесінде Парламенттің төменгі палатасындағы (Мәжілістегі) 10 орынның (77 орынның ішіндегі) ішіндегі 4 депутаттық мандатты «Отан» партиясы (сайлаушылардың 30,89 % дауысы), ал Коммунисттік (17,75%), Аграрлық (12,63%), Азаматтық партиялар (11,23%) 2 мандаттан иеленді.

1998 жылғы конституциялық түзетулерге сәйкес Мәжіліс сайлауында дауыс берудің аралас жүйесін енгізу саяси жүйеде айтарлықтай трансформациялық өзгеріс болды. 1999 жылғы Парламент сайлауын көппартиялы негізде

өткізу сайлау құқығы жүйесінде және де жалпы алғанда қоғамның саяси өмірінде партия рөлін айтарлықтай арттырды (1-кесте).

1-кесте. Сайлау жүйесі

МАЖОРИТАРЛЫҚ

- НАҚТЫ КАНДИДАТТАРҒА ДАУЫС БЕРУ
- ДАУЫСТЫҢ КӨП БӨЛІГІН ИЕМДЕНГЕН КАНДИДАТТАР ҒАНА БИЛІК ОРГАНДАРЫНАН ОРЫН АЛАДЫ
- АБСОЛЮТТІ НЕМЕСЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ КӨПШІЛІК ҚАҒИДАСЫ

ПРОПОРЦИОНАЛДЫҚ

- САЯСИ ПАРТИЯЛАРҒА ДАУЫС БЕРУ
- БИЛІК ОРГАНДАРЫНДАҒЫ ОРЫНДАР ЖИНАЛҒАН ДАУЫСТАРҒА ОРАЙ ПРОПОРЦИОНАЛДЫ БӨЛІНЕДІ
- ПРОПОРЦИОНАЛДЫ ӨКІЛДІК ҚАҒИДАСЫ

Үшіншіден, 2002 жылғы 15 шілдеде Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» жаңа Заңы қабылданды, аталған құжат партиялық қызметті регламенттеудің жаңа шарттарын бекітті: партия қызметін қалыптастыру, уақытша тоқтату және тоқтату тәртіптерін құқықтық реттеу; партияны қаржыландыру; сайлау процесіне қатысу.

Заңның жаңа қағидасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауына екі рет қатарынан қатыспаған саяси партия сот шешімімен жойылуы мүмкін еді (14 бап, 5 тармақ, 6 тармақша). Бұл жайт

Қазақстан партияларына, әсіресе Парламент Мәжілісінің 2004 жылғы сайлауы қарсаңында жауапкершілік жүгін арттырды.

Мәжіліске, қазақстандық Парламенттің төменгі палатасының 2004 жылғы 19 қыркүйек пен 3 қазандағы сайлауы (67 бір мандатты аймақтардың 22-де сайлау қайта өткізілді) аралас жүйе бойынша өткізілді. Партиялық тізім бойынша бұрынғысынша 10 орын бөлінді. Депутаттық мандаттар үшін таласқа 12 партия араласты, оның 4 – екі сайлау блоктарының құрамында.

2004 жылғы парламенттік сайлауда алғаш рет саяси одақтар стратегиясы заңды түрде іске асырылды. Төрт партия екі блокқа бірігіп, сайлауға белсенді түрде қатысты: Аграрлық және Азаматтық партиялар «АИСТ» (Еңбекшілердің аграрлық-индустриалдық одағы) блогын құрды, ал Қазақстанның коммунистік партиясы және «Қазақстанның демократиялық таңдауы» Халықтық партиясы – «Коммунистер мен ҚДТ оппозициялық халықтық одағын» құрды.

Сонымен қатар Қазақстанның жаңа тарихында алғаш рет 2004 жылғы сайлауда саяси партиялар мен депутаттыққа үміткерлер саяси пікір-таластарға қатысуға мүмкіндік алды. Партиялар мен депутаттыққа үміткерлер Орталық сайлау комиссиясы ұйымдастырған қатаң регламенттелген пікір-таластармен қатар жекеменшік телеарналар ұйымдастырған пікір-таластарға қатысуға мүмкіндік алды.

2004 жылы өткізілген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауы нәтижесінде 77 депутат сайланды. Сайланған депутаттардың жалпы санынан 59 депутатты саяси партиялар ұсынған болатын: Отан» республикалық саяси партиясы – 42, «АИСТ» блогі – 11, «Асар» республикалық партиясы – 4, «Ақ жол» демократиялық партиясы, Қазақстанның демократиялық партиясы – 1, өзін өзі ұсынғандар – 18 депутат. Сонымен қатар 67 депутат бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланды, олар сайлаушылар саны жағынан шамамен бірдей республиканың әкімшілік-территориялық бөлінуін ескере отырып құрылды, ал 10 депутат

пропорционалдық өкілдік және бірыңғай ұлттық сайлау аймақтары территориялары бойынша сайланды.

Отан» республикалық саяси партиясы жеңіп, Мәжілістегі 67,5% орынды иемденді. Қалған орындар келесідей бөлінді: «АИСТ» блогі – 18,2%, «Асар» партиясы – 5,2%, «Ақ жол» – 2,6% партиясы, Демократиялық партия – 1,3%.

Сайлау нәтижелері партиялық тізім бойынша:

1) 7-пайыздық межені еңсергендер:

- Отан – сайлаушылардың 60,61% дауысы (10 орынның ішінде Парламенте 7 орынды иеленді);

- Ақжол - 12,04% (1 орын);

- Асар - 11,38% (1 орын);

- «АИСТ» блогі - 7,07% (1 место).

2) 7-пайыздық межені еңсере алмағандар:

- «Коммунистер мен ҚДТ оппозициялық халықтық одағын» блогі - 3,44%;

- Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы - 1,98%;

- «Ауыл» партиясы - 1,73%;

- Қазақстанның демократиялық партиясы - 0,76%;

- Қазақстанның патриоттық партиясы - 0,55%;

- Руханият - 0,44%.


2004 жылғы сайлаудың қорытындылары бойынша «Отан», «Асар», Қазақстанның азаматтық партиясы мен Қазақстанның аграрлық партиясы белгілі бір саяси салмаққа ие болды (5-диаграмма).

2005 жылғы 7 желтоқсанда Парламент Мәжілісі Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын 2005 жылғы 4 желтоқсанда өткізуді бекітті. 2005 жылғы 9 желтоқсанда «Отан» республикалық саяси партиясының кезектен тыс VIII съезді өтті. Оның жұмысына ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, бағдарламалық сөз сөйледі.

Съезде қоғамның саяси модернизациясы мәселелеріне айырықша назар аударылды. Осыған байланысты демократиялық қайта құрулардың бүкілхалықтық бағдарламасы ұсынылды, 2004 жылғы маусым айында «Отан» партиясының VII съезінде Президент жариялаған саяси реформалар бағдарламасы аталған қайта құрулардың бастауы болды. Барлық бастамалар партияның

5-диаграмма.

ҚР Парламенті Мәжілісінің партиялық тізімі бойынша
сайлау нәтижелері (2004 ж. сайланған)




«Қазақстандық жол-2009» атты бағдарламасына енді. Съезд делегаттары Нұрсұлтан Назарбаевты «Отан» партиясы атынан Қазақстан Республикасы Президенті кандидаттығына бір ауыздан ұсынды. Сондай-ақ партияның кандидатты қорғау жөніндегі Қазақстанның халық коалициясының құрамына кіру туралы шешім қабылданды.

ҚР Орталық сайлау комиссиясы ҚР Президенті лауазымына кандидаттарды тіркеді: ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, «Әділетті Қазақстан үшін» қозғалысының көшбасшысы Жармахан Тұяқбай, «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы, Мәжіліс депутаты Ерасыл Әбілқасымов және «Табиғат» экологиялық ұйымының көшбасшысы Мэлс Елеусізов.

2005 жылғы 4 желтоқсандағы сайлаудың қорытындылары бойынша, Орталық сайлау комиссиясының мәліметтеріне

сәйкес кандидаттарға берілген дауыстар төмендегідей бөлінді: Н. Ә. Назарбаев – 91,15 %; Ж. А. Тұяқбай – 6,61 %; Ә.М. Бәйменов – 1,61 %; Е. Әбілқасымов – 0,34 %; М. Х. Елеусізов – 0,28 % (6-диаграмма).

6 -диаграмма.
ҚР Президенті сайлауы (2005 ж.)



Осылайша, 2005 жылғы 4 желтоқсанда Н.Ә. Назарбаев сайлаушылар даусының 91,15 % жинап, балама негізде Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды. Осы сайлаудағы жеңіс Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа легитимділіктің жаңа ресурсын иемденуге және бүкілқазақстандық көлемдегі саяси қолдаудың базасын нығайтуға мүмкіндік берді.

2006 жылғы 4 шілдеде «Отан» партиясының кезектен тыс ІХ съезінде «Асар» партиясымен бірігуге жарияланды. Ел Президенті Н. Назарбаев: «екі жетекші қазақстандық партияның бірігуі партиялық жүйе дамуының жаңа кезеңін ашады. Партиялық кеңістікте елді дамыту жөнінде стратегиялық көзқарасы, қуатты ұйымдастырушылық және зияткерлік ресурстары бар бүкілұлттық партия пайда

болды».³⁶

2006 жылғы 22 желтоқсанда «Отан» партиясының кезектен тыс X съездінде жаңа партия «Нұр-Отан» Халықтық-Демократиялық партиясы деген атауға ие болды. Осыған орай Президент Н.Ә. Назарбаев: «Партиялардың бірігуі Қазақстанның алдында тұрған жаңа стратегиялық міндеттерге сәйкес келеді. Бүкіл қоғамның күш-жігерін жұмылдарып, көшбасшылық психологияны жаппай көрсеткенде ғана алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге болады. Біртұтас партия алдағы прогрессивті қайта құрулардың негізгі қозғаушы күшіне, республиканың халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру стратегиясын жүзеге асыруда негізгі тіректердің біріне айналуы тиіс».³⁷

4. 2007 жылғы мамыр айында Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, олар елдің саяси жүйесін одан әрі модернизациялау тұжырымдамасына сәйкес келді.

Осы конституциялық түзетулерге сәйкес Парламенттің төменгі палатасының құрамын саяси партиялар сайлаудың пропорционалды жүйесі арқылы (партиялық тізім бойынша) қалыптастырады, сонымен қатар, Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Осылайша, төменгі палата 107 депутаттан тұрады (бұған дейін 77 болған).


Мәжіліс сайлауында дауыс берудің пропорционалды жүйесін енгізу саяси партиялардың мәртебесін көтеруді көздеді. Партиялық тізім бойынша сайлаудың мәні – олардың толыққанды партиялық жүйе құруында, себебі, дауыс беру қорытындысы сайланған тұлғалардың партиялық тиесілілігі кәдімгідей құрылымдайды.

Қазіргі заманғы Қазақстанның партиялық жүйесін қалыптастыруды 2007 жылғы парламенттік сайлаудан бастауға болады, ол кезде дауыс берудің пропорционалдық жүйесі бойынша жеті саяси партия Мәжілістегі 98 депутаттық

³⁶ Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на внеочередном IX съезде РПП «Отан»// По материалам официального сайта Президента Республики Казахстан. Астана, 4 июля 2006 г.

³⁷ Во имя процветания страны// Казахстанская правда, 11 ноября 2006.

мандатқа таласты (7-диаграмма).



Алғаш рет пропорционалдық жүйе бойынша өткен кезектен тыс Мәжіліс сайлауы 2007 жылғы 18 тамызда өткізілді. Бұл сайлауда 7 саяси партия қатысып, өз тізімдерін ұсынды: «Нұр Отан» ХДП (126 адам), ЖСДП (80), «Ақ жол» КДП (98), ҚХКП (20), «Ауыл» партиясы (33), ҚПП (11) және «Руханият» партиясы(9 адам).

Сайлау «Нұр Отан» партиясының жеңісімен аяқталды – 88,41%. Қалған алты партия 7 %-дық межеден аса алмады, сондықтан да жоғары өкілетті органға өтпей қалды:


- Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (ЖСДП) – 4,54%;
- «Ақжол» - 3,09%;
- «Ауыл» - 1,51%;
- Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы (ҚХКП) – 1,29%;
- Қазақстанның патриоттар партиясы- 0,78%;
- «Руханият» - 0,37% (8-диаграмма).

Қазақстанның коммунистік партиясы бойкот жариялап, сайлауға қатыспады.

Осылайша, «Нұр Отан» партиясы дауыс берудің

8-диаграмма.

ҚР Парламенті Мәжілісіне партиялық тізім бойынша өткен сайлау қорытындысы



пропорционалды жүйесіне сәйкес партиялық тізім бойынша барлық 98 депутаттық мандатты жеңіп алды.

2010 жылғы 23 желтоқсанда Өскеменде Нұрсұлтан Назарбаевтың өкілеттігін 2020 жылға дейін созу жөнінде референдум өткізу бойынша жиналыс өтті. 2011 жылғы 31 қаңтарда Конституциялық кеңес ҚР Ата заңына Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттілігін референдумда созу жөнінде депутаттар енгізген түзетулерді елдің Конституциясына сәйкес келмейді деп таныды. Кезектен тыс президенттік сайлау 2011 жылғы 3 сәуірге бекітілді.


2011 жылғы 18 ақпанда «Нұр Отан» ХДП-сы ұсынып, ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тіркелді. 26 қаңтарда президенттікке кандидаттың куәлігін Коммунистік халықтық партияның ОК хатшысы Жамбыл Ахметбеков алды. 2011 жылғы 28 ақпанда Орталық сайлау комиссиясы президенттікке кандидаттар ретінде Қазақстанның патриоттар партиясының көшбасшысы – сенатор Ғани Қасымовты және «Табиғат» экологиялық одағының жетекшісі, өзін-өзін ұсынған Мэлс Елеусізовты тіркеді.

Ұйымдастырылған үгіт-насихат науқанында Н. Назарбаев, Ж. Ахметбеков, Ғ. Қасымов партиялық қолдауға сүйенді. Жалпы алғанда, кандидаттардың бағдарламалары қоғам өмірінің саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларын реформалау бойынша шаралардың ауқымды кешенін ұсынды.

2011 жылғы 5 сәуірде ҚР ОСК сайлау қорытындысын жариялады, оған сәйкес ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сайлаушылар даусының 95,55 % , Ғани Қасымов – 1,94 % дауыс, Жамбыл Ахметбеков – 1,36 % дауыс, Мэлс Елеусізов – 1,15 % дауыс жинады (9-диаграмма).

9-диаграмма.

ҚР Президенті сайлау қорытындысы (2011 ж.)



5. Қазақстандағы 2011-2012 жж. сайлау циклының ерекшелігі – 2011 жылғы Президент сайлауы да, 2012 жылғы парламенттік сайлауда мерзімінен бұрын өткізілгенінде болды. Міне осы жайт саяси процестерге төтенше серпін берді.

2011 жылғы 16 қарашада ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Төртінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Жарлыққа қол қойды, оған сәйкес Парламенттің төменгі палатасы таратылды, партиялық тізім бойынша болатын депутаттар сайлауы 2012 жылдың 15 қаңтарына бекітілді.


Қазақстанның коммунистік партиясы сайлау процесіне қатыса алмады, өйткені оның қызметі сот шешімімен тоқтатылған болатын. 2011 жылғы 28 желтоқсанда «Руханият» партиясының партиялық тізімі алынып тасталған соң сайлау тізімінде 7 қатысушы қалды: «Нұр Отан», «Ақ жол», ЖСДП, ҚКХП, «Ауыл» партиясы, «Әділет» партиясы, Қазақстанның патриоттары партиясы.

2012 жылғы 17 қаңтарда Қазақстанның Орталық сайлау комиссиясы Парламенттің төменгі палатасы депутаттары сайлауының қорытындыларын жариялады.

Сайлаушылар даусының 80,99 % жинаған «Нұр Отан» ХДП-сы сенімді түрде жеңіске жетті. Сонымен қатар Парламентке 7,47 % дауыс жинаған Қазақстанның демократиялық партиясы «Ақ жол» және 7,19 % дауыс жинаған Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы өтті. Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы 1,68% дауыс, «Ауыл» қазақстандық социал-демократиялық партиясы — 1,19 %, Қазақстанның патриоттары партиясы — 0,83 %; «Әділет» демократиялық партиясы — 0,66 % (10-диаграмма).

10-диаграмма.

ҚР Парламенті Мәжілісіне партиялық тізім бойынша
2012 жылы өткен сайлау қорытындысы



2012 жылғы ҚР Парламенті Мәжілісінің сайлауы қорытындылары бойынша елдің жоғары өкілетті органында келесі партиялар өкілдік алды: «Нұр Отан» – 83 депутаттық мандат, «Ақ жол» – 8, ҚКХП – 7.

2016 жылғы 20 наурызда өткізілген Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі депутаттары сайлауында заң органдарында тіркелген 7 партияның 6 қатысты.

ҚР Әділет министрлігінің мәліметтеріне сәйкес Қазақстанда 7 саяси партия әрекет етуде: «Нұр Отан» партиясы (1999), «Ақ жол» ҚДП (2002), «Ауыл» ХДПП (2015), ЖСДП (2007), «Бірлік» (2013), ҚКХП (2004), «Азат» ҚДП (2006).

«Азат» Қазақстанның демократиялық партиясы 2016 жылғы сайлауға қатысудан бас тартты, ол іс жүзінде өзінің қызметін тоқтатып, қазіргі таңда қағаз жүзінде ғана бар.

Аталған сайлаудың ерекшеліктері, біріншіден оның кезек тыс сипаты, екіншіден, онымен бір мезгілде облыстық, аудандық және қалалық мәслихаттардың сайлауын өткізу.

2016 жылғы 19 ақпанда ҚР Орталық сайлау комиссиясы алты саяси партияның тізімдерін тіркеді, жалпы 234 кандидат болды. Сонымен бірге олардың 47 (20,1%) ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының депутаттары болатын.

Саяси партиялардың тізімі бойынша сайлауға түскен кандидаттардан басқа ҚР Парламенті Мәжілісіне депутаттығына кандидат ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын 9 кандидатты Орталық сайлау комиссиясы тіркеді. Оларды 26 ақпанда ҚХА отырысында ұсынды, ал сол жылғы 2 наурызда олар тіркеуден өтті.

2016 жылғы 20 наурыздағы ҚР Парламенті Мәжілісі сайлауында сайлаушылар тізіміне енгізілген 9 миллион 810 азаматың 7 миллион 966 мыңы, 77,12% қатысты.

Қазақстанның Орталық сайлау комиссиясы 22 наурыздағы отырысында Мәжіліс сайлауының қорытындыларын жасады: Мәжіліс үш партиялы болып қалды.

- «Нұр Отан» партиясына 6 183 757 сайлаушы дауыс берген, ол 82,20% құрады;

- «Ақ жол» демократиялық партиясы – 540 406 дауыс, немесе 7,18%;

- «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттар партиясы – 151 285 дауыс, немесе 2,01%;

- Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы – 537 123 дауыс, немесе 7,14%;
- Жалпыұлттық социал-демократиялық партия – 88 813 дауы, немесе 1,18%;
- «Бірлік» саяси партиясы - 21 484 дауы, немесе 0,29%.

Осылайша, жекі пайыздық межені еңсерген үш партия Парламентке өтті, олар: «Нұр Отан», «Ақжол» және ҚХКП. Депутаттық мандаттар төмендегідей бөлінді: «Нұр Отан» – 84 мандат, «Ақ жол» – 7, ҚХКП – 7. Сонымен бірге Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан халқы Ассамблеясынан Мәжіліс депутаттарын сайлау қорытындысын да шығарды.³⁸

ҚР Парламенті Мәжілісінің VI шақырылымы өзінің көппартиялы және плюралистік форматын сақтап қалды, бұл жайт оның жұмысының нәтижелерінде оң көрініс табуы тиіс.

Дауыс беру нәтижелері қазақстандықтардың өз таңдауын кезекті мәрте мемлекет пен қоғамның тұрақты әрі бірізді дамуы пайдасына жасағандықтарын көрсетті.

Қазақстан-2050 стратегиясын кезек-кезеңімен жүзеге асыру, «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» құжатын қабылдау Қазақстанның саяси жүйесін жетілдірудегі маңызды кезеңдерге айналды (13-сурет).

Қазіргі жағдайда Қазақстанның саяси жүйесінің маңызды деген институттарын – мемлекет пен саяси инфрақұрылымның институттарын модернизациялау мен жетілдіру жалғасуда.

Бес институционалды реформада және оларды жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарында Қазақстанның саяси жүйесінің институттарын реформалау жолдары ұсынылған. Мемлекет басшысы атап өткендей, бұл түпкілікті өзгерістердің басты мақсаты – «жүйелік дерттердің сыртқы белгілерін жылы жабу емес, емдеу».

Бес институционалды реформаның ішіндегі біріншісі (ЗАМАНАУИ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ) және бесіншісі (ЕСЕП БЕРЕТІН ТРАНСПАРЕНТТІ МЕМЛЕКЕТ

³⁸ <https://parliament2016.vlast.kz/article/centrizbirkom-podvel-okonchatelnye-itogi-parlamentskih-vyborov.22.03.2016>.

13-сурет.

Қазақстан саяси жүйесінің институционалдық қосалқы жүйесі процестерінің сипаттамасы



ҚАЛЫПТАСТЫРУ) мемлекеттік құрылымдар қызметін жетілдіруге бағытталған.

Экономикалық бағдарламалардың және мемлекеттік қызметтердің сапалы орындалуын қамтамасыз ететін заманауи, кәсіби және автономды мемлекеттік аппаратты қалыптастыру жөніндегі **бірінші реформаның** аясында келесі шаралар қолға алынады:

- мемлекеттік аппаратты автономды ету;
- мемлекеттік қызметтің мансаптық моделіне көшу.

«Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа бейінді Заң, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа заң және басқа да бірқатар құқықтық актілер жасалып, қабылданды. Мемлекеттік қызметкердің жаңа Этикалық кодексі қабылданып, қолданысқа енді. Осылайша, тек кәсіби ғана емес, автономды мемлекеттік аппарат құру жоспарлануда.

Бесінші реформа есеп беретін мемлекетті қалыптастыруды көздейді. Бұдан былай мемлекеттік органдардың жетекшілері өз ведомстволарының жетістіктері туралы жыл сайын есеп беріп тұратын болады. Сондай-ақ бүкіл бюджеттік және шоғырландырылған қаржылық есеп-қисап, сыртқы қаржылық аудиттің нәтижелері, мемлекеттік саясаттың эффективтілігін бағалау қорытындылары, мемлекеттік қызмет сапаларына берілген қоғамдық бағаның нәтижелері, республикалық және жергілікті бюджеттердің орындалуы туралы есептер қоғамға жария болады.

97-ші қадам бойынша мемлекеттік функцияларды бәсекелі ортаға беру, өзін өзі реттеуді дамыту және жергілікті басқару жөнінде жұмыстар жүргізілуде. 2015 жылы жергілікті басқару мәселелері жөніндегі заңнамалық актілерге жергілікті басқару органдарының қаржылық және экономикалық дербестігін кеңейту бойынша түзетулер енгізілді.

ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ жөніндегі екінші реформа шеңберінде сот жүйесін реформалау көзделуде, оның негізгі міндеті сапалы сот корпусын қалыптастыру.

Екінші реформа сот төрелігі жүйесінің бес сатылы жүйеден үш деңгейлі жүйеге (бірінші, апелляциялық,

кассациялық) өтуін көздейді. Сот лауазымына үміткерлерге деген біліктілік талаптары мен оларды іріктеу тетіктері қатаңданады, соттардың есептілігін күшейту мен басқа да шаралар қарастырылған. Жалпы алғанда, аталған реформаны жүзеге асыру жекеменшік құқығына кепілдік береді, кәсіпкерлік іс-әрекет үшін, келісім шарт міндеттемелерін қорғауға жағдай жасайды.

Аталған міндеттерді орындау үшін ҚР Азаматтық процессуалдық кодексінің жаңа нұсқасы, «Жоғарғы Сот кеңес туралы» жаңа Заң, «Сот жүйесі және соттар мәртебесі туралы» Конституциялық заңға қажетті өзгерістер енгізілді.

Қазіргі кезеңде ҚР саяси инфрақұрылымы институттарының іс-әрекетінде келесі жайттарды қамтитын жүйелі қайта құрулар орын алуда:

- партиялық-саяси жүйенің қайта құрылымдануы;
- азаматтық қоғам институттарының дамуына жаңа серпін беру бойынша шараларды жүзеге асыру.

Осылайша, партиялық-саяси кеңістік құрылымының өзгеру контекстінде келесі жайттар жүзеге асты:

- барлық деңгейдегі биліктің өкілетті органдарында партиялар өкілдігін күшейту;
- Қазақстанның саяси жүйесіндегі партиялық өкілдік конфигурациясының өзгеруі, партия аралық бәсекелестікті дамыту, саяси партияларды ірілендіру (біріктіру) т.б.

Азаматтық қоғам институттарын дамытуға жаңа серпін беру Қазақстанның саяси жүйесі инфрақұрылымындағы өзгерістерді сипаттайтын екінші аспект болып табылады. Бесінші институционалды реформаны жүзеге асыру аясындағы 99-шы қадам мемлекеттік органдар мен әкімдер жанындағы қоғамдық кеңестер рөлін күшейтуді көздейді. 2015 жылы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заң қабылданды, аталмыш заң қоғамдық кеңестердің қалыптасу және ұйымдастырылу тәртібін айқындады.

99-шы қадамды орындау үшін қабылданған нормативтік-құқықтық актілер (НҚА) қоғамдық кеңестерді мемлекет істеріне қоғам ықпалын жүзеге асыратын мемлекеттік емес институттарға, қоғам мен биліктің өзара әрекеті формасына, мемлекеттік шешімдер қабылдануының

ашықтығын арттыратын консультативті-кеңесші, бақылаушы органға ауыстырады, сондай-ақ аталған актілер қоғамдық тыңдаулардың ұйымдастырылуы мен өткізілу тәртібін бекітеді.

Ең маңызды деген, қоғамдық мәні зор мәселелердің барлығы турасында азаматтық қоғамның мүмкіндігі күтілетін нәтиже болуы тиіс.

2015 жылы қабылданған «Өзін өзі реттеу туралы» Заң, бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам - Ұлт жоспарын жүзеге асыруға бағытталған. Ол кәсіби және кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің өзін өзі реттеуінің құқықтық негіздерін айқындайды, сондай-ақ өзін өзі реттейтін ұйымдарды құру мен қызмет ету тәртібі мен мәртебесін регламенттейді.

«Өзін өзі реттеу туралы» Заң коммерциялық емес ұйымдарға кәсіпкерлік немесе кәсіби салаларда дербес реттеуші мәртебесін келесі мақсаттарды көздей отырып берді:

1) отандық тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

2) отандық экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

3) нарық қатысушыларының тұтынушылар алдындағы жауапкершілігін артыру.

«Үкіметтік емес ұйымдардың қызметі мәселелері жөнінде ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң бірқатар нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізді. Олар: «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңдары, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексі және т.б.

Ол мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру барысында болатын қоғамдық қатынастарды, гранттар бөлуді және үкіметтік емес ұйымдарға сыйақылар тағайындауды реттеуге бағытталған.

Осылайша, аталмыш бастамалар шешім қабылдау мәселелерінде азаматтық қоғам институттары рөлінің күшеюіне, қоғамның өзекті проблемаларын шешу бойынша

қоғамдық бақылаудың артуына септігін тигізеді.

Жалпы алғанда, бес институционалдық реформаны жүзеге асыру Қазақстан Республикасының саяси жүйесін демократиялық процесті тереңдету бағытында жетілдіреді.

Қорытынды

XX ғасырдың аяғындағы Қазақстанның саяси дамуы тарихи және саяси сипаттағы алғышарттардың болуымен ерекшеленді, олар жалпы алғанда, бірте-бірте, қадам қадаммен, кеңестік саяси мұрадан айырылуға және демократияландыру жолымен жылжуға мүмкіндік берді.

Қазақстандағы әлеуметтік өзгерістер тетігінде саяси факторлардың (ерік, көшбасшы, мемлекет, партиялар) басым болуы дамушы қоғам сипаттамасының спецификасын айқындап берді. Қоғам өмірінің барлық салаларында (экономика, саясат, мәдениет, әлеуметтік сала, ұлттық қатынастар және т.б.) бұрынғы жүйенің құрылымдары мен байланыстарының күйреуі өтпелі жағдайдың аталған кезеңінің айқындаушы үрдісі болып табылды.

Елді модернизациялау, жаһандану жағдайында оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, реформалардың кезеңділігі мен бірізділігі - міне, осылардың барлығы, тәуелсіз даму жылдарында Қазақстан ұстанған негізгі қағидалар болып табылады. Сонымен бірге тұрақты дамудың саяси тұрақтылық пен ұлттық жұмылу сынды басты қағидалары сақталды.

2.2. Қазақстанның саяси жүйесіндегі саяси партиялардың орны

Саяси партиялар саяси жүйенің маңызды институттары болып табылады, олар қоғам өмірінің барлық салаларында халықтың ерік-жігерін қалыптастыруға септігін тигізуі тиіс (14-сурет).³⁹

Қоғамның саяси жүйесіндегі партиялар:

- қоғамдық пікірді қалыптастырады;
- азаматтардың саяси білімін ынталандырады және тереңдетеді;
- қоғам істеріне деген жауапкершілікті өздеріне алуға қабілетті азаматтарды тәрбиелейді;
- парламент пен үкіметтің саяси іс-әрекетіне ықпал етеді.

1990-шы жылдары Қазақстанда көппартиялықтың қалыптасуы қоғамның әлеуметтік құрылымының трансформациясымен де, сондай-ақ партиялық жүйе қызметінің саяси негіздерін қалыптастырушы саяси жүйенің жаңа мүмкіндіктерімен де байланысты болды.⁴⁰ Белгілі бір дәрежеде мұндай мүмкіндіктер саяси плюрализмнің болуымен айқындалады, ол Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылыстың ауысуы кезеңінде саяси жүйе дамуының атрибуты болды.




Партиялық жүйе – билікті алуға және оны жүзеге асыру үшін күресетін партиялардың жиынтығы.

³⁹ Дюверже М. Политические партии / Пер. с франц. – М.: Академический Проект, 2000. – С. 279; Sartori G. Parties and party systems. A framework for analyses. – Cambridge: University Press Cambridge, 1976. P. 370.

⁴⁰ Қараңыз: Е.Бабакумаров, Ю.Булуқтаев, К.Кушербаев. Казахстан сегодня: мир политических партий.- Алматы: ИРК, 1995. - С. 64; Берентаев К.Б., Булуқтаев Ю.О. Партийная политика государства на современном этапе. - Алматы: Центр Анализа Общественных Проблем, 2002. - С. 4-19.

14-сурет.

Саяси партия: белгілері, құрылымы, функциялары⁴¹



⁴¹ Е.В. Макаренко, В.И. Сушков. Политология: Альбом схем. – М.: Юристъ, 1998. – схема 104.

15-сурет.

Демократиялық саяси жүйедегі саяси партиялардың өзара қарым-қатынасының негізгі принциптері⁴²

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ СЯСИ ЖҮЙЕДЕГІ СЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

- БИЛІК ҮШІН ТОЛАСТАМАЙТЫН ЗАҢДЫ КҮРЕС
- БИЛІКТІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ – ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ САЙЛАУ
- БИЛІК ӨЗІНЕ ПАРЛАМЕНТТІК КӨПШІЛІКТІҢ ҚОЛДАУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТКЕН ПАРТИЯНЫҢ (ПАРТИЯЛАР ТОБЫНЫҢ) ҚОЛЫНДА
- ПАРТИЯЛАР АРАСЫНДА ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ САҚТАУҒА ҚАТЫСТЫ КЕЛІСІМ
- БИЛІК ҚҰРУШЫ ПАРТИЯҒА ҚАРСЫ ТҰРАҚТЫ ЗАҢДЫ ОППОЗИЦИЯНЫҢ БОЛУЫ

Қазақстандағы көппартиялықтың қалыптасуынан бұрын саясиленған өздері әрекет еткен белсенді қозғалыстардың даму кезеңі болды:

- клубтық құрылымдар кезеңі (1986 ж. күз – 1989 ж. ақпан) – жастардың саяси пікір-талас клубтарының, бейресми бірлестіктердің, «Жасыл майдан» экологиялық ассоциациясының және басқа экологиялық топтардың құрылуы;
- жалпыұлттық қозғалыс кезеңі (1989 ж. ақпанның аяғы – 1990 ж. басы) – «Невада-Семей» қозғалысының, «Мемориал», «Әділет», «Желтоқсан», «Қазақ тілі» қоғамдарының, «Бірлесу» тәуелсіз кәсіподағының құрылуы;
- саяси дифференциация кезеңі (1990 ж. басы – 1991 ж.

⁴² Е.В. Макаренко, В.И. Сушков. Политология: Альбом схем. – М.: Юристъ, 1998. – схема 104.

аяғы) – партиялық құрылымдардың қалыптасуы, әлеуметік-демократиялық партиялардың, «Алаш» партиясының, «Азат» азаматтық қозғалысының пайдаболуы.

1989 жылдың қарашасы мен 1990 жылғы қарашаның аралығында елде көбісі кеңес, топ, комитет, ассоциация түріндегі клуб бірлестіктер сипатындағы 100-ден аса тіркелген және тіркелмеген қоғамдық ұйымдар болды.⁴³

Ақырында ұйымдардың тек бір бөлігі ғана қалыптасқан саяси конъюнктураға сай өзгере алды, ал қалған бейресми бірлестіктер өздері тарап кетті.

Қазақстан Республикасындағы партиялық жүйе 1988 жылдың ортасынан бастап қалыптаса бастады, ол кезде КОКП-на алғашқы балама бейресми топтар мен қозғалыстар пайда болды. 1991 жылғы 1 қаңтарда КСРО-ның «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңы күшіне енген кезде балама саяси партиялар пайда болды.⁴⁴

«Қазақ КСР-дағы қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңның қабылдануы (1991 ж.), 1991 жылғы тамыз-қыркүйекте Қазақстанның коммунистік партиясының саяси сахнадан кетуі, сосын КСРО-ның күйреуі Қазақстанда көппартиялықтың қалыптасу процесін тездетті. Социал-демократтар, социалисттер, «Алаш» партиялары, Қазақстанның Халық конгресі партиясы, Республикалық партия.

1990 жыл және 1995 жылғы күз аралығындағы кезең қазақстандық партиялық-саяси кеңістікте бірінші саяси партиялардың құрылуымен сипатталды, олар, алайда, тұрақты саяси ұйым ретіндегі партияның барлық критерилеріне әрдайым жауап бере алмады.⁴⁵

Партияның қызмет етуін Қазақстанның саяси жүйесінің элементі ретінде Д. Истонның жүйелік талдауына сәйкес қарастырайық (16-сурет).

Саяси жүйеге кірісте: социум өкілдері өз талаптарын


⁴³ Булуктаев Ю., Дьяченко С., Кармазина Л. Политические партии Казахстана: Справочник. - Алматы: ИПК, 1998. – С. 77.

⁴⁴ Ведомости съезда Народных депутатов СССР и Верховного Совета СССР. М., 1990. № 42, ст. 839.

⁴⁵ Қараңыз: Телебаев Г., Коновалов С. Партийное строительство в Казахстане: от идеологического диктата одной партии к многопартийной системе // Саясат. 2001. № 9. - С. 68-74; Шауенов Е. Политические партии и устойчивость политического процесса в Казахстане // Analitic. 2002. – № 4. – С. 4-7.

16-сурет.

Қазақстанның саяси жүйесінің элементі ретіндегі партияның қызмет етуі



бірлігі партиясы, Қазақстанның халық конгресі, Халықтық-кооперативті партия, Қазақстанның қайта жаңғыруы партиясы және т.б. Қазақстанның халық бірлігі партиясының өкілдері басым болды, олар Мәжілісте 24 орын, Сенатта 18 орын иеленді.

1996 жылы «Саяси партиялар туралы» ҚР Заңы қабылдағаннан кейін партиялық құрылыс процесі жаңа серпін алды, осыдан кейін посткеңестік Қазақстандағы көппартиялық тарихының жаңа парағы ашылды. Бұл Заңның қабылдануы партиялардың құқықтық институттануы ісінде ілгері атылған қадам болды.

Аумақтық қағида бойынша ұйымдастырушылық партиялық құрылыс заң жүзінде бекітілді, сондай-ақ саяси партияларды мемлекеттік органдарда құруға, әскери бағыттағы, мақсаты мен әрекеттері конституциялық құрылысты күшпен өзгертуге, Республиканың тұтастығын бұзуға, әлеуметтік, нәсілдік, ұлтаралық, діни, тектік-топтық және рулық кикілжің тұтатуға бағытталған саяси партияларды құру мен қызмет етуіне тыйым салынды.


1999 жылғы қаңтарда «Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидат Н.Ә. Назарбаевты қолдаудың қоғамдық штабы» негізінде құрылған «Отан» республикалық саяси партиясы ықпалды саяси күшке айналды.

1999 жылғы 5 мамырда 16 аймақтық партиялық ұйым (14 облыста және Астана мен Алматы қалаларында), 204 аумақтық партиялық ұйым (яғни, барлық 204 қала мен ауданда), партияның 150 000 мүшесін біріктірген бастауыш партия ұйымдары құрылды. «Отан» партиясымен: Қазақстанның халық бірлігі партиясы, Қазақстанның демократиялық партиясы, Қазақстанның либералды қозғалысы, «Қазақстан-2030 үшін» қозғалысы, Қазақстан Республикасының Әділет партиясы бірікті.

Бағдарламалық құжаттарда «Отан» партиясының мақсаты қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асыруға белсенді араласу, азаматтардың өмір

11-диаграмма.

Жоғарғы Кеңестің XIII шақырылымының саяси құрамы



12-диаграмма.

ҚР Парламенті Мәжілісінің саяси құрамы
(1995 жылғы 9 желтоқсанда сайланған).



деңгейін көтеру, экономиканың барлық салаларында нарықтық қайта құруларды іске асыру, азаматтар бойында патриоттықты және Қазақстан Республикасының жан-жақты әрі үндестікте дамуына жауапкершілікті тәрбиелеу деп мәлімделген.

1999 жылы Қазақстан Республикасы Парламентінің сайлауы Қазақстан тарихында алғаш рет қосымша он орынға саяси партиялардың пропорционалды өкілдігі жүйесі бойынша және бірмандаттық территориялық сайлау аймақтарында өкілдіктің мажоритарлы жүйесі бойынша өткізілді. Сайлау заңнамасының аралас жүйесінің енгізілуі саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың мүдделерін толымдырақ білдіруге септігін тигізді.

1999 жылғы 10 қазандағы Парламент Мәжілісіне сайлаудың басты қорытындысы қазақстандық парламентаризмнің күшеюінде ғана емес, сондай-ақ саяси партиялар алғаш рет қоғамның саяси жүйесінің толыққанды буыны, заң шығарушы қызметтің толыққанды субъектісі болғанында. Ел билігінің өкілетті органдарына өткізілген сайлау мемлекетті дамытудың демократиялық векторына адалдықтың дәлелі болды.

XXI ғасырдың басында партия жүйесін қайта құрылымдау, елдің саяси өміріндегі оның орнын көтеру процесі жалғасты. Елдің саяси картасында жаңа партиялар пайда болды – «Ауыл» (көшбасшысы Ғани Қалиев), Қазақстан патриоттары партиясы (көшбасшысы Ғани Қасымов), «Ақ жол» (Болат Абилов, Әлихан Бәйменов, Ораз Жандосов, сондай-ақ кейін Людмила Жуланова мен Алтынбек Сәрсенбайұлы тең төрағалар қатарына қосылды).


Партиялық-саяси жүйенің қалыптасуы мен дамуының жаңа кезеңі, біріншіден, Саяси партиялар туралы Заңның қабылдануымен (2002 ж.), екіншіден, партиялардың парламент сайлауына қатысуымен байланысты (2004 ж.).

2004 жылы депутаттық мандаттарға ие болуы үшін өткен сайлауға 12 партия қатысты. Олар партиялық жүйенің форматын құрады, аталған формат конфигурациясын

«Саяси партиялар туралы» жаңа Заң айқындап берді. Партия қатарында 50 мыңнан астам болуы тиіс деген Заң нормасын іске қосу партиялардың бәрі қайта тіркеліп үлгермеуіне әкеп соқтырды. Осылайша, тіркеуден өтпеген партиялар (немесе одан бас тартқандары): оппозициялық

14-диаграмма.

Партиялық тізім бойынша дауыс беру қорытындылары – ҚР Парламенті Мәжілісіндегі партия өкілдігі (1999 ж. сайланған)



Қазақстанның республикалық халықтық партиясы, «Азамат» демократиялық партиясы, «Алаш» ұлттық партиясы, сондай-ақ Қазақстанның қайта жаңғыруы партиясы, «Ел Дана» партиясы (Әйелдер партиясы ретінде танымал), «Отандас» партиясы және т.б.

Сайлауға дейін бір жыл бұрын, 2003 жылғы қыркүйекте, 7 партия тіркелді: Аграрлық (ҚАП), Азаматтық (ҚАП), «Ақ жол», Компартия (ҚКП), «Ауыл», Патриоттар партиясы (ҚПП), «Отан». Олардың ішіндегі үш партия, Аграрлық партия, Азаматтық партия және ҚКП кейін, 2004 жылғы маусымда, блоктар құрамында тіркелді.


Сайлауға дейін 8 ай қалғанда, 2004 жылғы қаңтарда, жеті партияға тағы екі партия – «Руханият» пен «Асар» қосылды (2003 жылғы қазанда және желтоқсанда тіркелген). Сайлауға үш ай қалғанда, яғни 2004 жылғы шілдеде үш партия – Қазақстанның демократиялық таңдауы (ҚДТ),

Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы (ҚКХП) мен Қазақстанның демократиялық партиясы тіркеуден өтті.

2003 жылғы 5 сәуірде Алматы қаласында «Руханият» партиясының құрылтай съезі өтті, аталған партия қайта тіркеуден өте алмаған Қазақстанның қайта жаңғыруы партиясының ізбасары болды. А. Жағанова партия төрайымы болып сайланды. 2003 жылғы 25 қазанда Алматы қаласында «Асар» республикалық партиясының құрылтай

13-диаграмма.

ҚР Парламенті Мәжілісіне партиялық тізім бойынша дауыс беру қорытындысы (1999 ж. сайланған)



съезі өтті, бұл партия осы аттас қоғамдық қозғалыстың негізінде құрылған болатын. Д. Назарбаева партия төрайымы болып сайланды.⁴⁶

2004 жылғы 21 ақпанда Алматы қаласында «Қазақстанның демократиялықтаңдауы» халықтық партиясының құрылтай съезі өтті, бұл партия осы аттас республикалық қоғамдық бірлестіктің негізінде құрылған. А. Қожахметов «ҚДТ» ХП саяси кеңесі президиумы төрағасы болып сайланды.

⁴⁶ Булуктаев Ю.О., Чеботарев А.Е. Политические партии Казахстана. 2004 год. Справочник. – Алматы: «Комплекс», 2004. – С. 84-88.

2004 жылғы 29 сәуірде Астана қаласында Қазақстанның демократиялық партиясының құрылтай съезі өтті, бұл партия «Құқықтық Қазақстан үшін» республикалық азаматтық қозғалысының негізінде құрылған болатын. М. Нәрікбаев партия төрағасы болып сайланды.

2004 жылғы 6 маусымда Астана қаласында Қазақстанның коммунистік халықтық партиясының құрылтай съезі өтті, партия Коммунистік партияның екіге бөлінуі нәтижесінде құрылған болатын. В. Косарев ҚКХП ОК Бірінші хатшысы болып сайланды.

Партиялық-саяси жүйенің қайта құрылымдануы 2004 жылы Мәжіліс сайлауы кезінде бәсекелестік тартыстың күшеюіне септігін тигізді.

Депутаттардың мандаттары төмендегідей бөлінді:

- «Отан» партиясында – 53 мандат (7 партиялық тізім бойынша, 35 бірмандатты аймақтар бойынша партия ресми түрде ұсынғандар, 11 өзін-өзі ұсынған партия мүшелері);
- «АИСТ» блогында – 14 мандат (1 партиялық тізім бойынша, 10 ресми «бірмандаттықтар», 3 өзін-өзі ұсынғандар);
- «Асар» партиясы 4 мандат (1 партиялық тізім бойынша, 3 ресми «бірмандаттықтар»);
- «Ақ жол» партиясы – 2 мандат (1 партиялық тізім бойынша, 1 өзін-өзі ұсынған);
- Демократиялық партия – 1 мандат (ресми «бірмандаттық»).

«Ақ жол» партиясының партиялық тізімі бойынша өткен депутат Ә.Бәйменов Парламенттегі орнынан бас тартты.

Парламенттік сайлаудан кейін партиялық-саяси алаңды реформалау процесі жалғасты.

2004 жылғы 11 желтоқсанда «Қазақстанның демократиялық таңдауы» халықтық партиясы» қоғамдық бірлестігінің 2-ші съезінде саяси мәлімдеме қабылдады, ол мәлімдемеде ағымдағы билікті халыққа қарсы деп санайтынын, сондықтан өз қызметінде әкімдер мен соттардың шешімдеріне бағынбайтындығын айтты. Бақылаушы органдар ҚДТ мәлімдемесін Қазақстан


Республикасының Конституциясы мен заңдарын бұзу деп таныды. Осының негізінде 2004 жылғы 27 желтоқсанда Алматы қаласының прокуратурасы «Саяси партиялар туралы» Заңның 14 бабына сәйкес Алматы қаласының мамандандырылған аудандық экономикалық сотына «Қазақстанның демократиялық таңдауы» халықтық партиясы» қоғамдық бірлестігін жою туралы мәлімдеме жасады. Сот шешімімен ҚДТ партиясының қызметі тоқтатылды.

2006 жылғы 17 наурызда «Нағыз Ақ жол» демократиялық партиясы тіркелді, партияның құрылтай съезі 2005 жылғы 29 сәуірде өткізілді. Б. Әбілов, О. Жандосов, Т. Жүкеев тең төрағалар болып сайланды. 2006 жылғы 14 сәуірде Қазақстанның демократиялық партиясының IV съезінде партия атауы «Әділет» демократиялық партиясы болып өзгертілді. М. Нәрікбаев, З. Алшыбаев, Б. Ахметжан, Е. Оңғарбаев, Т. Сыдықов тең төрағалар болып сайланды.

2006 жылғы 4 шілдеде «Отан» партиясының IX съезінде сөйлеген сөзінде Н. Назарбаев «елді жеделдетіп даму бағдары жағдайында партиялар халықты жұмылдыруға, жүргізіліп жатқан қайта құруларды қоғам тарапынан қолдауды қалыптастыруға қабілетті болуы тиіс. Осыған орай «Отан» және «Асар» партияларының бірігуін елдің партиялық жүйесінің дамуында аса маңызды қадам болып табылады. Біз іс жүзінде қуатты әрі бәсекеге қабілетті

15-диаграмма.

Партиялық тізім бойынша сайлаудың қорытындылары – ҚР Парламенті Мәжілісінде партиялардың өкілдігі (2004 ж. сайланған)



партиялардан тұратын заманауи партиялық жүйе құруға кірісіп кеттік. Біріккен «Отан» партиясына үлкен коалиция партияларымен әрі қарай да бірігу мәселесі жөнінде келіссөз жүргізуді жалғастыра беру керек. Сондай-ақ, жалпы алғанда, саяси жүйеде партия рөлін нығайту демократиялық реформалардың басты басымдықтарының бірі болады», – деді.⁴⁷

2006 жылғы 7 тамызда «Әділетті Қазақстан үшін» (ӘҚҰ) қозғалысының негізінде Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясын (ЖСДП) құру жөніндегі азаматтардың бастамашыл тобының жиналысы өтті. Партия құндылықтары оның ұранындағы: «Еркіндік! Әділеттілік! Ынтымақ» деген үш ауыз сөзде жарияланды. 2006 жылғы 10 қыркүйекте Алматыда партияның құрылтай съезі өтті. Съезге елдің барлық аймақтарынан 2500-ден астам делегат қатысты. ӘҚҰ қозғалысының төрағасы Ж. Тұяқбай партия төрағасы болып сайланды. 2007 жылғы 25 қаңтарда партия мемлекеттік тіркеуден өтті.

Осылайша, 2006 жылы партиялардың бірігу процесіне байланысты партиялық-саяси кеңістіктің конфигурациясы құрылымдық жағынан айтарлықтай өзгерістерге ұшырады.

2007 жылғы Парламент сайлауы алдында мынандай оқиғалар орын алды:

- «Отан», «Асар», Азаматтық және Аграрлық партиялардың бір партияға – «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясына бірігуі;
- конституциялық реформа, оған сәйкес Мәжіліс сайлауында дауыс берудің пропорционалды жүйесі енгізілді (98 депутаттық орынға);
- Конституцияға түзету, оған сәйкес ел Президентіне саяси партияны басқаруға тыйым салған бап алынып тасталды;
- Парламенттің төменгі палатасының өзін-өзі таратуы

⁴⁷ Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на внеочередном IX съезде РПП «Отан» // По материалам официального сайта Президента Республики Казахстан. Астана, 4 июля 2006 г.

және кезектен тыс парламент сайлауын жариялау.

Құрылымдық жағынан алғанда 2007 жылы өткен сайлаудың қорытындылары айқын үстем бірпартиялық жүйенің кескіндерін белгілеп берді, ол үстем партия – «Нұр Отан» ХДП (партиялық тізім бойынша барлық депутаттық орындарды алды). 2007 жылғы шілдеде қабылданған конституциялық түзетулерге сәйкес партия ҚР Үкіметін және оның жұмыс жасау бағдарламасын құру, жергілікті атқарушы органдар басшыларын тағайындауға ықпал ету құқығына ие болды.

Сонымен қатар Парламентте басқа, соның ішінде оппозициялық партиялардың болмауы түрлі әлеуметтік топтар мүдделерінің өкілеттілігі деңгейін төмендетіп қана қоймай, қабылданған саяси шешімдердің эффективтілігін де кемітті.

2007 жылғы сайлаудан кейінгі партиялық жүйенің даму кезеңінде 2009 жылғы ақпанда қабылданған «Саяси партиялар туралы» және «Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарындағы заңнамалық жаңа түзетулер айтарлықтай мәнге ие болды.

Жаңа құқықтық тетік ұсынылды, ол тетік кем дегенде екі партияның қатысуымен Парламент жасақтауға мүмкіндік берді. «Сайлау туралы» Заңға келесі норма енгізілді: Егер дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының жеті процентін тек қана бір саяси партия алса, онда депутаттық мандаттарды бөлуге көрсетілген саяси партияның тізімі, сондай-ақ дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының келесі көп санын жинаған партиялардың партиялық тізімі жіберіледі.

«Саяси партиялар туралы» Заңға енгізілген өзгерістер саяси партиялар туралы заңнаманы ырықтандыруға және оның қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелерін жетілдіруге, одан әрі демократияландыруға және елдің саяси жүйесін ашық қылуға бағытталған.

Жекелей алғанда, партияларды тіркеу процедурасы жеңілдетілді; партияны мемлекеттік тіркеу үшін қажетті

құжаттарды тапсыру мерзімі 2 айдан 4 айға дейін ұзартылды; жаңа құрылған саяси партия атауында тіркелген қоғамдық бірлестіктердің атауын пайдалануға заңдық тұрғыдан тыйым салынды; партиялар құру жөніндегі ұйымдастырушылық комитеттердің қызметін ашық ету және нақтырақ реттеу қамтамасыз етілді.

2007 жылғы парламенттік сайлаудан кейін үстем партиялы партиялық конфигурацияның түпкілікті орныққаны тәрізді болғанына қарамастан, Қазақстанда партиялық құрылыс процесі жалғасты.

2009 жылғы 20 наурызда тіркелмеген «Алға» ХП мен Қазақстанның коммунистік компартиясы «Халық билігі» блогын құрды. 2009 жылғы сәуірде ҚКП, ЖСДП, «Азат» ҚДП және тіркелмеген «Алға» ХП (ҚДТ) шақырылған форумда өздерінің бірігу негіздерін жасау бойынша ұйымдастыру комитетін құрды. 2012 жылғы маусымда ҚКП, «Алға» ХП және ЖСДП «Әділетті Қазақстан үшін» (ӘҚҰ) демократиялық күштер блогының аясында бірігетіндері туралы мәлімдеді. «Азат» ҚДП бұл бастамаға қосылмады.

Блокта қайта құрудың тиімділігі аз болатын, себебі заңнамалық нормаға сәйкес сайлауға партия дербес түрде өз атынан қатысуы тиіс. Сондықтан да 2009 жылғы қазанда ЖСДП мен «Азат» ҚДП бірігіп, «Азат» ЖСДП партиясын құрды. Ал коммунистер мен «Алға!» ХП «Халық билігі» блогы форматында қалды.

2010 жылғы 16 наурызда Алматыда «Руханият» партиясының VII съезі өтті. Партия көшбасшысы А. Жағанова бұл жиынды тарихи деп атады. Партия – жасылдар партиясы «Руханият» деген жаңа атауға ие болды. Партияны жаңа көшбасшы – С. Мәмбеталин басқаратын болды.

2011 жылғы 3 қазанда Алматы қалалық прокуратурасы Қазақстанның коммунистік партиясының төрағасы Ғ. Алдамжаровқа қатысты әкімшілік іс қозғады. Келесі күні әкімшілік сот ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 374 бабы 2 тармағында (қоғамдық бірлестіктер туралы заңнаманы бұзу) қарастырылған әкімшілік құқық

бұзушылық жасағаны жөнінде кінәлі деп табуы туралы шешім шығарды. Алматы қаласының әкімшілік істер жөнінде мамандандырылған ауданаралық сотының шешімі бойынша Қазақстанның коммунистік партиясының қызметі жарты жылға тоқтатылды.

2012 жылғы сайлаудың қорытындылары бойынша елде үш партиялы Парламенті қалыптасты.

16-диаграмма.

ҚР Парламенті Мәжілісіндегі партиялық өкілеттілік (2012 ж. сайланған).



2012 жылғы сайлаудың қорытындылары Парламенттің төменгі палатасындағы саяси күштердің жаңаша бөлінуін ғана емес, партиялық-саяси спектрды құрылымдаудың жаңа тәртібін, ішкі реформалардың жүргізілуін және партиялардың өзіндегі кадрлық ауысуларды да айқындап берді.

Кейбір партиялар («Руханият», «Әділет», ҚКП, Патриоттар партиясы, «Ауыл» ҚСДП) өз жұмыстарын тоқтатты. Жаңа «Бірлік» партиясы пайда болды («Әділет» және «Руханият» партияларының бірігуі нәтижесінде құрылды). Қазақстанның патриоттары партиясы мен «Ауыл» қазақстандық социал-демократиялық партияларының 2015 жылғы қыркүйекте болған кезектен тыс өткен съездерінде «Ауыл» халықтық патриоттық партиясы» қоғамдық бірлестігі құрылды (17-сурет).

17-сурет.
Қазақстанның саяси партиялары

Партия атауы	Саяси бағдар	Саяси бағдар	Саяси бағдар	Саяси бағдар	Саяси бағдар	Саяси бағдар
НҰР ОТАН		«Елбасымен жаңа жеңістерге»	80,99% - Қазақстан Республикасы Парламентінде 83 орын	2012 жылы	82,2% - Қазақстан Республикасы Парламентінде 84 орын	2016 жылы
АҚ ЖОЛ		«Ақ жол – жұмыс жасау уақыты»	7,47% - Қазақстан Республикасы Парламентінде 8 орын	2012 жылы	7,18% - Қазақстан Республикасы Парламентінде 7 орын	2016 жылы
КНПК		«Біздің ортақ ісіміз үшін»	7,19% - Қазақстан Республикасы Парламентінде 7 орын	2012 жылы	7,14% - Қазақстан Республикасы Парламентінде 7 орын	2016 жылы
ОСДП		«Өзіңе даусыңды қайтар, өзіңе еліңді қайтар»			1,18%	2016 жылы
АУЫЛ		«Ауылға дәстүрді қайтарайық»			2,01%	2016 жылы
БІРЛІК		«Таза ниет, таза істер, таза орта»			0,29%	2016 жылы

Сайлау 2016

Қазіргі таңда Қазақстанның саяси партиялары қоғамның саяси жүйесінің маңызды элементі, саяси және сайлау процесінің негізгі субъектісі болып табылады. 2016 жылғы электоральды кампанияда тіркелген партияның ішінен алты партия өздерінің өкілдерін ұсынды. Өткен сайлаудың нәтижесін бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне үш партия өтті: «Нұр Отан», «Ақ жол» және Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы.

«Нұр Отан» партиясы Парламент Мәжілісінің 84 мандатын, Қазақстанның демократиялық партиясы «Ақ жол» – 7 мандат және Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы – 7 мандат алды (18–сурет).

Қорытынды

Монопартиялық жүйеден саяси плюрализмге өту – қазақстандық қоғамның 1985 жылдан кейінгі эволюциясының ең маңызды деген қорытындыларының бірі.

Қазақстанда саяси партиялардың пайда болуы мен дамуы айтарлықтай деңгейде қоғамның саяси жүйесі тиімділігінің дәлелі, мемлекеттік демократиялық табиғатын нығайту мен саяси құқықтарды қамтамасыз етудің маңызды факторлары болып табылады. Сонымен бірге көппартиялық институтының пайда болуы – елде азаматтық қоғамның қалыптасуының маңызды белгілерінің бірі.

18-сурет.

Қазақстанның қазіргі таңдағы партиялық-саяси жүйесі

«СЯСИ ПАРТИЯЛАР ТУРАЛЫ»

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС СЯСИ
ПАРТИЯНЫҢ КЕМ ДЕГЕНДЕ 40 000 МҮШЕСІ БОЛУЫ ТИІС.
ҚАЗАҚСТАНДА 7 СЯСИ ПАРТИЯ ЖҰМЫС ЖАСАУДА**

(«Нұр Отан» партиясы (1999), «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы (2002), «Ауыл» халықтық демократиялық патриоттық партиясы (2015 жылы Қазақстанның патриоттары партиясы мен «Ауыл» қазақстандық социал-демократиялық партиялары бірікті), ЖСДП (2007), «Бірлік» партиясы (2012) («Әділет» ДП (2004) және «Руханият» (2003) партияларының бірігуі нәтижесінде), Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы (2004), «Азат» ҚДП (2006)

**2012 Ж. ЖӘНЕ 2016 Ж. САЙЛАУЛАРДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕГІ
ПАРТИЯЛЫҚ КҮШТЕРДІҢ ОРНАЛУСЫ**

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
КОММУНИСТІК
ХАЛЫҚТЫҚ
ПАРТИЯСЫ –
ҚЫЗМЕТІНІҢ
НЕГІЗІНДЕ
ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУДЫҢ ЖАҢА
ЖАҒДАЙЛАРЫНА
БЕЙІМДЕЛГЕН
МАРКСИСТІК-
ЛЕНИНДІК
ИДЕОЛОГИЯ
ЖАТЫР

**2012 Ж.
7,19 % - 7 ОРЫН;
2016 Ж.
7,14% - 7 ОРЫН**

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ –
ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН
БІРЛІККЕ, ӘЛЕУМЕТТІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ПРАГМАТИЗМГЕ, ТҰРАҚТЫ
ДАМУ МЕН ЕЛДІҢ ҚАЛЫҢ
ТОПТАРЫНЫҢ НЕҒҰРЛЫМ
КӨБІРЕК САНЫНЫҢ
МҮДДЕЛЕРІНІҢ
БАЛАНСЫНА
НЕГІЗДЕЛГЕН ЦЕНТРИЗМ
СЯСАТЫН ЖҮРГІЗЕДІ.

**2012 Ж.
80,99 % - 83 ОРЫН;
2016 Ж.
82,2% - 84 ОРЫН**

«АҚ ЖОЛ» ҚДП –
ҚАЗАҚСТАНДА
ӨЗІН
«КОНСТРУКТИВТІ
ОППОЗИЦИЯ»
РЕТІНДЕ
КӨРСЕТЕТІН СЯСИ
ПАРТИЯ. ІРГЕЛІ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:
ДЕМОКРАТИЯ,
ТӘУЕЛСІЗДІК,
ЕРКІНДІК,
ӘДІЛЕТТІЛІК

**2012 Ж.
7,47% - 8 ОРЫН;
2016 Ж.
7,18% - 7 ОРЫН**

2.3. Қазақстан Республикасының саяси жүйесін демократияландыруда «Нұр Отан» партиясының рөлі мен қызметі

Саяси жүйені реформалаудың мазмұны қоғамдық және саяси қатынастарды демократиялық тұрғыда қайта құру.

1991-1996 жж. республиканың ішкі саяси дамуының айтарлықтай ерекшелігі жетекші саяси күштердің қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтауға мүдделі болғандығында. Ел басшылығының саяси жүйені одан әрі дамытуға деген талпынысы 1996-2005 жж. кезеңде аталған жүйені дамытуға үлкен серпін берді.

1997 жылдан бастап елдің маңызды саяси оқиғасы Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдаулары болып келеді.


Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2005 жылғы 18 ақпанда «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына Жолдауы ерекше назар аударуға лайық, аталған Жолдауда: «Біздің ортақ жетістіктеріміз саяси жүйені одан әрі жаңарту және демократияны дамыту жөніндегі жүйелі және көп бағытты жұмысқа көшуімізге мүмкіндік беріліп отыр», – деп атап өтіп, өтпелі кезеңнің қорытындылары жасалып, алдағы экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғыру бағыты айқындалды.⁴⁸

Парламенттің күзі сессиясында (2005 жылғы қыркүйек) сөйлеген сөздерінде «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс съезінде (2005 жылғы қыркүйек) ел Президенті 2006-2011 жж. кезеңіне арналған саяси жаңғырту бағдарламасын ұсынды.

Азаматтық қоғамды демократияландыру мен дамыту мәселелері бойынша ҚР Президенті жанындағы Ұлттық комиссияны құру және оның қызметі саяси жаңғырту идеяларының практикалық тұрғыға ауыстыруға салмақты

⁴⁸ Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации. Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана // Казахстанская правда, 19 февраля 2005.

19-сурет.
Саяси жүйені демократияландыру жолдары.



серпін берді. Бір жыл ішінде комиссияның жұмыс топтары «БАҚ туралы», «Жергілікті басқару туралы» заң жобаларын, Азаматтық қоғамдық дамыту тұжырымдамасы дайындады, сот жүйесін реформалау бойынша ұсыныстар жасалды және т.б. 2005 жылы Ұлттық комиссия Демократиялық реформалардың 2006-2011 жж. арналған қоғамдық бағдарламасының жобасын дайындады.

2005 жылы өткізілген президент сайлауынан кейін саяси жүйені демократияландыру және партиялық жүйені қайта құрылымдау процесі жалғасты.

2005-2006 жж. елдің саяси басшылығы саяси жаңғырудың негізгі міндеттері белгіленді:

біріншіден, мемлекеттік билік жүйесін қайта құрылымдау, бұл оның қазіргі замандағы сын-қатерлері алдындағы, соның ішінде посткеңестік кеңістікте болған «түрлі түсті революциялар» толқыны алдында эффективтілігі мен тұрақтылығын арттыруы тиіс;

екіншіден, саяси жүйені ырықтандыру, ол элитаішілік топтардың теке-тіресін шешуге септігі тиюі керек.

Сот билігінің тәуелсіздігі мен объективтілігін күшейту жөнінде нақты қадамдар жасалынды. Сот реформасы шеңберінде халық сайлайтын алқабилер соты мен бейбітшілік соттары (медиация) институттары енгізілді; сот процесінде адвокаттардың рөлі күшейтілді. 2005 жылы ҚР Парламенті адам құқықтары бойынша халықаралық пактілерді ратификациялағаннан кейін азаматтардың құқықтары мен еркіндіктері саласындағы отандық заңнама жаңа сапалық деңгейге шықты.

Мәслихаттар негізінде жергілікті басқару жүйесін құру туралы шешім аса маңызды болды. Іс жүзінде әңгіме, өз бойында қатаң атқарушы тікелей, мемлекеттік басқару процесіне халықтың кеңінен қатысу құқығын қамтамасыз етуді де ұштастырған мемлекеттік билік жүйесі негіздерін қалыптастыру процесінің аяқталуы туралы болған еді. Облыстық және қалалық әкімдерді тиісті деңгейдегі мәслихаттар келісімімен тағайында принципі, сондай-ақ мәслихаттардың әкімге сенімсіздік білдіру процедурасының жеңілдетілуі осыған дәлел бола алады.

2006 жылғы наурызда ҚР Президенті Н. Назарбаевтың

бастамасымен Демократиялық реформаларды жасау мен нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды, оның негізгі міндеті – алдағы конституциялық реформа бойынша ұсыныстар жасау болатын. Мемлекеттік комиссия құрамына Парламенттің, Үкіметтің, «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңының жобасы – саяси партиялардың өкілдері, қоғам қайраткерлері кірді. Мемлекеттік комиссия жұмысының қорытындысы болды, аталған құжатты 2007 жылғы 16 мамырда Президент Н. Назарбаев Парламенттің біріккен отырысында таныстырды.

2007 жылы Қазақстанда бірқатар оқиғалар орын алды, ол оқиғалар елдің саяси жүйесінің одан әрі жаңғыруының тұжырымдамасына табиғи түрде еніп кетті.

Біріншіден, 2007 жылғы 28 ақпанда Президент Н. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында жан-жақты жеделдетілген жаңғыру жолы елдің одан әрі дамуының бірден бір дұрыс векторы деп атап өтті.

Екіншіден, 2007 жылғы мамырда Қазақстан Республикасының Конституциясына саяси алаң конфигурациясын және саяси ойын ережелерін айтарлықтай өзгерткен өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Үшіншіден, 2007 жылғы 18 тамызда өткен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі сайлауы елдің саяси жүйесінің дамуында жаңа кезеңді бастап берді. Парламенттің төменгі палатасының құрамын сайлаудың пропорционалды жүйесі арқылы (партиялық тізім бойынша) «Нұр Отан» ХДП-сы қалыптастырды (98 депутат), сонымен бірге, Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлады.

2007 жылғы мамырда ҚР Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар демократиялық жаңғыру процестерін интенсивтендіруге бағытталған болатын. Енгізілген жаңалықтар саяси өмірдің түрлі жақтарын қамтыды. Бір жағынан, қолда бар саяси жүйе моделін іс жүзінде түпкілікті реформалау болып табылды, оның

мәні – биліктің заң шығарушы тармағының өкілеттілігін айтарлықтай кеңейту, партиялық кеңістікті жаңаша құрылымдау, шынайы азаматтық қоғамды және үкіметтік емес секторды дамыту. Аталған жайттар біріге отырып, халықтың кең топтарының саяси процестерге тікелей қатысуына септігін тигізуі керек болатын.

Парламент палаталарында Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланатын депутаттардың квоталанған өкілдігі туралы норма енгізілгеннен кейін этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік саясаттың эффективтілігі артты, тиісінше аталған органның конституциялық мәртебесі көтерілді. Аталған шара Қазақстандағы этностар мүдделерін нақтырақ әрі неғұрлым тең деңгейде есепке алуға және ақырғы есепте, саяси тұрақтылық пен елдің қадам-қадаммен қарышты дамуының маңызды факторлары болып табылатын этносаралық бейбітшілік пен келісімді нығайтуға септігін тигізді.

Конституциялық реформалар мемлекеттік басқару жүйесінің үйлесімдірек жұмыс жасауы үшін іргетас қалады. Сонымен бірге билік қарым-қатынастарында «тежемелік мен тепе-теңдік» тетігінің күшеюі – жаңа саяси құрылыстың аса көрнекі сипаты болды.

2008 жылғы 20 қазанда Президент «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңға қол қойды. Қазақстан халқы Ассамблеясы елдің саяси жүйесінің толық құқылы субъектісіне айналды, оның қызметінің нормативтік құқықтық негіздері айқындалды. Өзінің әрекет етуі кезеңінде ҚР Президенті жанындағы консультативтік-кеңестік органынан орнықты құқықтық негізі мен қоғамдық-саяси мәртебесі бар конституциялық органға айналды.

XXI ғасырдың екінші онжылдығында Қазақстан Республикасы іс жүзінде тұрақты даму кезеңіне өтті, саяси жүйені демократиялық жаңғырту аталған кезеңнің маңызды элементтерінің бірі болып табылады, ондай жаңғыру демократия институттарын нығайтусыз мүмкін емес.

Саяси билік пен азаматтық қоғам арасындағы байланыс пен қарым-қатынас деңгейі мен сапасы демократиялық жаңғырту процесінің маңызды индикаторлары болып

табылады. Президенттікті, парламентаризмді және сот жүйесін мемлекеттік биліктің институттары ретінде нығайта отырып, елдің саяси басшылығы азаматтық қоғамның саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар, тәуелсіз БАҚ сынды институттарын дамытуға құқықтық және саяси жағдайлар жасауға да көп көңіл бөлді.

Қазақстанның саяси транзитінің ерекшеліктері мемлекеттің демократиялық жаңғыруының белгілі бір деңгейін сипаттайды.

Біріншіден, Қазақстанда саяси жүйені реформалау мен азаматтық қоғамды дамыту процестері жаһандық демократияландырудың ортақ алгоритмдері бойынша дамыды. Сонымен бірге демократияландырудың жалпы әлемдік процестері аясында жүріп жатқан Қазақстанның саяси трансформациясының ортақ заңдылықтарымен қатар, өзіне тән ерекшеліктері де бар. Бүгінгі таңда Қазақстан «дамыған» немесе «байырғы демократия» елдері кезінде жүріп өткен жолында айтарлықтай жылжыды.

Екіншіден, Қазақстанның саяси жүйесін демократиялық жаңғыртудың одан әрі тереңдеуі 2007 жылғы конституциялық реформаларда бастау алған шараларды қамтамасыз етуге бағытталған:

- 1) Мәжіліс депутаттарының басым бөлігін пропорционалдық сайлау жүйесі бойынша сайлауға өту;
- 2) Парламентте басымдыққа ие партияның ҚР Үкіметінің барлық мүшелерін тағайындау (Президент тағайындайтын сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер, әділет министрлерін санамағанда) және оның жұмыс жасау бағдарламасын қалыптастыру құқығы;
- 3) мәслихаттарды жергілікті өзін-өзі басқару органдарының негізі ретінде мойындау.

Үшіншіден, демократиялық жаңғырудың жаңа кезеңіне қажетті алғышарттар жасалды.

2007 жылы жасалған конституциялық реформаның негізгі міндеттерінің бірі атқарушы және заң шығарушы билік жұмыстарының эффективтілігін арттыру болып табылады. Конституциялық реформаға дейін мемлекеттік басқару жүйесінде атқарушы билік тармағының басым болуы басқарудың бюрократтық әдістеріне қарай екпін

жасалған еді, енді бұл жағдай өкілетті органдар рөлін айтарлықтай көтеру арқылы тепе-теңдікке келуде.

Бірінші кезекте бұл тиісті деңгейлердегі бюджеттерді қалыптастыруға және оларды орындауға қатысты Парламент пен мәслихаттардың айрықша құзыреттерін кеңейтуді қамтиды. Аталған конституциялық түзетудің мақсаты – халықтың мүдделері мен саяси еркі білдіретін өкілетті органның мәртебесін көтеру, және соның салдары ретінде, биліктің атқарушы органдарының қызметіне қоғамдық ықпалды күшейту.

Осы жаңа енгізілім арқылы бюджетті қалыптастыру, орындау және бюджетті орындауға бақылау жасау функцияларын биліктің өкілетті және атқарушы тармақтары арасында бөлу қамтамасыз етіледі, бұл жайт республикалық қаржы ағымдарының транспаренттілігін күшейтеді және де атқарушы органдардың бюджеттік қатынастарды уақытында орындау жөніндегі жауапкершілігін арттырады.

2012 жылғы желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында республиканың ұзақ мерзімді даму бағдарламасы – «Қазақстан - 2050» Стратегиясы ұсынылған болатын. Жаңа Жолдауда Президент Н. Назарбаев қазақстандық қоғамды жаңғыртудың жаңа кезеңінің стратегиялық басымдықтарын, мемлекетті, оның қауіпсіздігін одан әрі нығайту және оның азаматтарының әлауқатын арттыру жөніндегі шаралар кешенін айқындады.

«Қазақстан-2050» стратегиясы әлемдік өркениеттің қазіргі күйі мен дамуының объективті жағдайларды ескере отырып, Қазақстанның мүмкіндіктері мен ұзақмерзімді басымдықтарын нақты әрі прагматикалық бағамдай отырып жасалған. Аталған құжат болашаққа бағдарланған егжей-тегжейлі, анық іс-қимыл жоспары. «Қазақстан-2050» стратегиясы: «Біздің елдің болашағы қандай болады?», – деген сұраққа жауап береді. Оны табысты жүзеге асыру үшін әр азаматқа үнемі өзін-өзі жетілдіріп, биігірек мақсаттар қойып, елмен бірге сол мақсаттарға жету керек.

«Нұр Отан» партиясының Қазақстан Республикасының саяси жүйесін демократияландырудағы рөлі келесі істерге бағытталған функцияларымен айқындалады:

- ел Президентінің реформаторлық саясатын қолдау;
- елді жеделдетіп дамыту мақсатында қоғамды жұмылдыру;
- саяси серіктестіктің – қоғамдық пікірлер мен позициялардың тұтас спектрі бойынша өзара іс-қимылдың жалпыұлттық инфрақұрылымын жасау.

Партиялық-саяси кеңістіктегі құрылымдық өзгерістер векторын үстемдік етуші партия жүйесіне бет алуын Мемлекет басшысы 2004 жылы айқындап берді: «Отан» партиясынан жаңғыртудың қуатты саяси күшін байқап тұрмын, ол қоғам дамуының жаңа кезеңінде реформалардың алдағы уақытты табысты болуын қамтамасыз етеді. «Жаңғырудың үшінші эталонына» кіретін елдердің, бұл Азияның жас демократияларының көбі, тәжірибелері көрсеткендей, олардың әлемдік дамудың қиыр шетінен алға серпіліс жасауы белгілі бір саяси партияның үстемдік етуімен қамтамасыз етілген».

2006 жылы партиялық-саяси кеңістіктің конфигурациясы партиялардың бірігу процесіне байланысты елеулі өзгерістерге ұшырады. «Асар», Аграрлық және Азаматтық партиялары «Отан» партиясымен бірікті. Жаңа партия республиканың халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру стратегиясын жүзеге асыру барысындағы алдағы прогрессивті қайта құрулардың негізгі қозғаушы күші болуы тиіс.⁴⁹

«Нұр Отан» ХДП – міне осындай партия бола білді. «Бәрі де халық үшін, бәрі де халық игілігі үшін!» деген сөздер «Нұр Отан» ХДП басты ұранына айналды, бұл сөздер қазіргі уақытта да өзектілігін жойған жоқ.

2006 жылы «Нұр Отан» ХДП құрылуы – доминантты түрдегі жалпыұлттық партияға бірігуі, бірігудің бастамашыларының пікірінше, келесі екі міндетті шешуге мүмкіндік берді:

- қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтауға;
- стратегиялық перспективада – жүргізілудегі саяси бағыттың бірізділігін қамтамасыз ету.

Қазақстан қоғамының өмірінде «Нұр Отан» партиясының

⁴⁹ Назарбаев Н.А. Выступление на VII внеочередном съезде Республиканской политической партии «Отан» 15 июня 2004 года. – Избранные речи. Том IV. Книга 2. 2003-2005 гг. – Астана: ИД «Сарыарка», 2010. – С. 293.

беделі мен ықпалының өсуін қамтамасыз еткен негізгі фактор – «Назарбаев факторы» болды. Партия көшбасшылары оның қалыптасу кезеңінде бірнеше қағидатты міндеттерді түйіндеді, өткен онжылдықтарды оларды шешу барысында елдің қоғамдық-саяси дамуында партияның негіз қалаушы рөлі айқындалды: «Партия Қазақстандағы жүйелік қайта құрулардың негізгі орындаушысына, елдегі бұқаралық саяси жұмыстың ең тиімді тетігіне айналуы тиіс. «Нұр Отан» даму бағытының ұзақ мерзімді сабақтастығын қамтамасыз етіп қана қоймай, елді дамытудың жаңа стратегиялық идеяларын да тудыруы да керек».⁵⁰

Қазіргі заманғы қазақстандық партиялық-саяси жүйесінде «Нұр Отан» партиясы доминанты партия және жүйе қалыптастырушы «орталық» рөліне орнықты. Алайда бәсекелестік жағдайында осы биіктікті сақтап қалу үшін үнемі өзгеріп отыруы керек, демек, өзінің қарсыластарынан бұрын және жылдамырақ қоғамды толғандыратын мәселелерді анықтап, оңтайлы шешімдер ұсынуы керек.

«Нұр Отан» партиясы заң шығарушы және атқарушы билік органдарында адамдардың пікірлері мен барлық әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіруі және қорғауы тиіс, мемлекет пен азаматтар арасында диалогтың дәнекері болуы тиіс.

Саяси жүйедегі саяси партиялардың негізгі функцияларына билікті жүзеге асыруға қатысу және азаматтар мүдделерін білдіру бар.


Елдің ағымдағы заңнамасы азаматтардың түрлі топтарының мүдделерін білдіру функциясын толық дәрежеде орындауға мүмкіндік береді, демек, өзінің партиядағы өкілдерің арқылы мемлекеттік басқару процесіне қатысуға болады.

2007 жылы өткізілген ҚР Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары сайлауынан кейін Қазақстанда өзгеше партиялық-саяси жағдай қалыптасты, ол жағдай биліктің өкілетті органдарында «Нұр Отан»

⁵⁰ Назарбаев Н.А. Выступление на расширенном заседании политсовета Народно-демократической партии «Нур Отан» 17 января 2008 года. - Избранные речи. Том V. Книга 2. 2008-2009 гг. – Астана: ИД «Сарыарка», 2010. – С. 26.

20-сурет.
Қазақстанның саяси жүйесінде саяси партиялардың рөлі

«САЯСИ ПАРТИЯЛАР ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫНА СӘЙКЕС (5 Б. 3 Т.) САЯСИ ПАРТИЯЛАР ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЯСИ ПАРТИЯҒА МҮШЕ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН АЗАМАТТАРЫНА САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ БАСШЫ ОРГАНДАРЫНДА, ДЕПУТАТТЫҚҚА ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ОРГАНДАРЫ МЕН ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНДАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ САЙЛАНБАЛЫ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ КАНДИДАТТАРДЫҢ ТІЗІМІНДЕ ӨКІЛДІК ЕТУІ ҮШІН БІРДЕЙ МҮМКІНДІКТЕР ЖАСАУҒА ТИІС.



партиясының үстемдігімен сипатталады. 2007 жылы қабылданған конституциялық түзетулерге сәйкес Үкіметті қалыптастыру құқығына ие бола отырып, партия Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы тарихында алғаш рет іс жүзінде билік құрушы партияға айналды. Дәл осы үстемдігін «Нұр Отан» партиясы 2012 жылғы парламенттік сайлауда тағы да дәлелдеді.

Депуттардың ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын айқындауға қатысуы арқылы, Үкіметті қалыптастыру процесіне депутаттардың ықпал етуі арқылы Парламенттің рөлін күшейту саяси жүйені одан әрі демократияландыру процестеріне ғана емес, республикадағы партиялық құрылыстың шапшаңдығы мен

2-кесте.

ҚР Парламенті Мәжілісіне партиялық тізім бойынша
2012 ж. Сайлау қорытындысы

САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ: СЕНІМ ДӘРЕЖЕСІ

«НҰР ОТАН»



80,99%

5 621 436
ДАУЫС

■ **83 ОРЫН**

«АҚ ЖОЛ»



7,47%

518 405
ДАУЫС

■ **8 ОРЫН**

ҚХП



7,19%

498 788
ДАУЫС

■ **7 ОРЫН**

сапасына да оң әсерін тигізетін факторға айналды.

Мәселе, тек заң шығарудың тиімді әрі жауапты іс-әрекеті турасында ғана емес, барлық деңгейдегі мәслихаттардағы партия өкілдері және атқарушы органдарға қатысы жағынан қоғамдық кеңестер тарапынан бақылаушы өкілеттіктердің жоғары деңгейі турасында да болуда.

Партия басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес науқаны, барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың іс-әрекетінің барынша транспаренттілігін қамтамасыз етуге күрес аясындағы бастамаларын осы көзқарас тұрғысынан қарастырған абзал.

Қазіргі таңда Қазақстанның партиялық-саяси жүйесінде «Нұр Отан» партиясын «орталық» ұстанымға жатқызуға болады, оның идеологиясында консерватизм, либерализм және социал-демократия элементтері ұштасқан. Міне осы партия ғана институционалдық, қаржылық, әкімшілік, ақпараттық және электоралдық ресурстарға ие, бұл жайт оған Қазақстанның саяси кеңістігінде тиімді қызмет етуге

3-кесте.

ҚР Парламенті Мәжілісіне партиялық тізім бойынша 2012 ж. Сайлаудың қорытындысы

САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ: СЕНІМ ДӘРЕЖЕСІ



мүмкіндік беруде.

Қоғамның саяси жүйесінде «Нұр Отан» партиясының айырықша рөлдік басымдықтары мен бағдарларын бөліп көрсетейік:

- халықтық партия;
- президенттік партия;
- билік партиясы;
- парламенттік басымдық партиясы;
- демократиялық партия;
- мемлекеттік аппаратпен тығыз байланыс;
- партия бағдарламасы мемлекеттік саясатпен терең кірістірілген;
- дәстүрлі сол-оң континуум шеңберінде «орталық» орынды бекем иемденген.

Партияның үстемдігі центризм, әлеуметтік жауапты саясат және нақты істер идеологиясына негізделген.

Ақырғы есепте, жоғарыда көрсетілген рөлдік басымдықтар мен бағдарлар:

- елде толыққанды азаматтық қоғам құруға;
- дамудың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу мәселелерінде қазақстандықтарды біріктіру;
- заманауи және серпінді дамудағы ел ретіндегі Қазақстанның әлемдегі жаңа рөліне сәйкес келетін биік мақсаттарды орындауға қоғамды жұмылдыру.


Осы жағдайларда «Нұр Отан» партиясының алдында одан әрі ішкі жаңғыру міндеті тұр. Оны жүзеге асыру үшін іргетас қаланып қойған. Ең алдымен, билік партиясының кадрлық әлеуеті. Бұл ретте партия қатарларының тазалығы үшін күресті белсенді жүргізу керек. Өзінің жеке пайдасы үшін кірген мүшелерден партия арылуы тиіс. Қатарлардың тазалығы, әдептілік, партияшілік және жеке тәртіп – мұның бәрі партияның болашағына әсер ететін маңызды аспектілер.

2016 жылы тең бәсекелестік пен электораттың жоғары белсенділігі жағдайында өткен кезектен тыс парламенттік сайлаудағы жеңістен кейін саяси жүйені одан әрі демократияландырудағы «Нұр Отан» партиясының рөлі артты.

Сайлаудың нәтижесі қазақстандықтар бірлігінің жоғары деңгейін көрсетті. 2016 жылғы 25 наурызда Қазақстан Президенті Н.Назарбаев Парламенттің VI шақырылымдағы бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде: «Өткен

сайлаудың еліміз үшін тарихи маңызы бар. Оның нәтижесі қазақстандықтардың бүгін мен болашақтың біртұтас ұлты ретіндегі жоғары деңгейде топтасқандығының деңгейін дәл аңдатты. Біздің сайлау қазақстандық біртектілікті нығайтқан тарихи актіге айналды. Сайлауда дауыс беру Ұлт Жоспарын қолдауда бүкілхалықтық плебисцит болды. Біздің халқымыз «Нұр Отан» партиясына саяси көшбасшылықты

21-сурет.
Электораттың қолдауы



тағы да сеніп тапсырды», - деген пікір білдірді.⁵¹

Партиялық-саяси өкілдік жүйесінің эффективті жүйесін жасау тұрғысында «Нұр Отан» партиясының басым рөлі мемлекеттік биліктің барлық деңгейіндегі атқарушы органдарында партия мүшелерінің басым болуымен айқындалады.

«Нұр Отан» партиясы 2007 жылғы сайлауда парламенттік басымдық партиясы болды, осы басымдықты 2012 жылы және 2016 жылы өткізілген сайлауларда да қуаттады. Парламенттік партиялар қарым-қатынасының жаңа форматын құрады, төменгі палата жұмысының айырықша тетігін қалыптастырады, онда «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы»

⁵¹ Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Парламенттің алтыншы шақырылымдағы бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі // <http://www.akorda.kz/kz>

Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 35 бабына және ҚР Парламенті регламентінің VII тарауына сәйкес құрылған үш фракция арасында мүдделер балансын сақтау қажет.

Партиялық фракциялар өкілетті органның жұмысына: пленарлық отырыстардың күн тәртібін жасауға, таластардың, дауыс берудің бағытын қалыптастыруға, атқарушы билікті бақылаудың түрлі формаларын қолдануға ықпал етеді. Фракциялар деңгейінде Үкіметті жасақтау бойынша келіссөздер жүргізеді. Осы саяси конструкцияның тұрақтылығы «Нұр Отан» партиясының абсолютті парламенттік басымдығымен қамтамасыз етіледі.


Партияның Парламенттегі басымдығын ескерсек, «Нұр Отан» партиясынан сайланған депутаттар дамудың қазіргі кезеңінде Қазақстанға қажетті алдағы демократиялық реформаларға оңтайлы эффективті заңнамалық базаның қабылдануын қамтамасыз етеді деп айтуға болады.

«Нұр Отан» партиясының мақсаты – өзінің парламенттік фракциясының барынша тиімділігін қамтамасыз ету, Мемлекет басшысының саяси бағытын жүзеге асырудың пәрменді тірегі болып табылатын Мәжілісті нақты жұмыс жасайтын тетік ретінде бекіту.

Мәжілістегі «Нұр Отан» партиялық фракциясы:

- Парламентте белсенді позиция ұстануы;
- өз қызметінің ашықтығы мен транспаренттілігін қамтамасыз ету;
- фракция басшылығының партия атынан өзекті деген қоғамдық-саяси проблемалар бойынша, ел өміріндегі маңызды оқиғаларға баға беру үшін Парламенттің отырыстарында мәлімдемелер, үндеулер жасауды кеңінен қолға алу;
- сайлаушылармен байланысты күшейту, оларды партияның депутат-мүшелерінің және жалпы фракцияның қызметі туралы ақпаратпен кеңінен хабардар ету;
- сайлау аймақтарындағы халықпен байланыс орнатып, адамдардың сұраныстары мен мұқтаждықтарын зерделеу үшін партияның облыстық және қалалық филиалдарында, аудандық өкілдіктерінде фракция мүшелерінің болуын

22-сурет.
Мәжілістегі партияның қызметі



қамтамасыз ету.

Мәслихат депутаттары да саяси партиялардың фракциялары түрінде депутаттық бірлестіктер және басқа да қоғамдық бірлестіктер, депутаттық топтар құра алады. Ревизиялық комиссияның төрағасы мен мәслихат хатшысы депутаттық бірлестіктерге кірмейді.

Фракция – заңда белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партияның немесе өзге де қоғамдық бірлестіктің атынан өкілдік ететін депутаттардың ұйымдасқан тобы. Фракция мәслихатта тиісті саяси партияның немесе өзге де қоғамдық бірлестіктің мүдделерін білдіру мақсатында құрылады.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес фракция мәслихаттың кемінде бес депутатын біріктіруге тиіс. Депутаттың тек бір ғана депутаттық фракцияда болуға құқығы бар.

Өз өкілеттіктерін, сайлау округтеріндегі бірлескен жұмысын жүзеге асыруға мәслихат депутаттары депутаттық топтарға біріге алады. Депутаттық топтың құрамында мәслихаттың кемінде бес депутаты болуға тиіс.

Депутаттық фракциялар мен топтарды тіркеу мәслихат сессиясында жүзеге асырылады, келіп тіркелу тәртібімен жүргізіледі және тек ақпараттық сипатта болады.

Егер де саяси жанама функциясы туралы айтатын болсақ, «сарапшылардың партиялардың позитивті рөлі, ең алдымен, олардың азаматтық қоғам мен мемлекеттік сала арасындағы байланыстырушы буын ретінде қызмет етуімен байланысты» деген пікірі кеңінен тараған.⁵²

XX ғасырдың 60-шы жылдары пайда болған кибернетикалық модельде бірінші кезекте партия функционалды жағынан көрініс береді. Бір мезгілде оның азаматтық қоғамдағы және мемлекеттік құрылымдарға кірісіндегі жағдайы оның басты сипаттамасы қызметін атқарады. Осы жағдайды пайдалана отырып, партия азаматтық қоғамның белгілі бір құрылымдарынан өзінің «кірісіне» сигналдар алып, өңдеп, өзгертіп


⁵² Шабров О.Ф. Партогенез и партийные системы: параметры, классификация, российская реальность // Социология власти. – 2006. – №1.

23-сурет.

Мәслихаттардағы партияның қызметі

ДЕПУТАТТЫҚ БІРЛЕСТІК-ФРАКЦИЯЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ:

- ДЕПУТАТТЫҢ ДЕПУТАТТЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖҰМЫСЫНА ҚАТЫСУЫ;
- ТИІСТІ МӘСЛИХАТТЫҢ ОТЫРЫСЫНА ДЕЙІН ӘКІМ ЛАУАЗЫМЫНА КАНДИДАТУРА БОЙЫНША ТАЛҚЫЛАУ ТӘРТІБІ;
- СЕНІМСІЗДІК БІЛДІРУДІ МӘСЕЛЕСІН КӨТЕРУ ТӘРТІБІ;
- ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ, ОНЫ БОЛДЫРМАУ, ПАРТИЯ ҚҰРЫЛЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТЕТІКТЕРІ.



(сайлаушылардың талаптарын саяси бағдарламаларға өңдеу) шешім қабылдайтын мемлекеттік, билік құрылымдарының «кірісіне» береді.


Бұл шешімдер заң, қаулы, жарлық және т.б. түрінде азаматтық қоғамға қайтарылады, оның тарапынан бағаланады да, керісінше түрінде, саяси партиялар мен мемлекеттік құрылымдардың «кірісіне» түседі.

24-сурет.

Партияның жанама рөлі

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНА ХАЛЫҚТЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫНА ЖАУАП ҚАТУДЫҢ ЭФФЕКТИВТІ ЖҮЙЕСІН ҚҰРҒАНЫ АБЗАЛ (XII СЪЕЗД)

МЕМЛЕКЕТ



ПАРТИЯЛАР

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ

Қоғамдағы өз орнын пайдалана отырып, партиялар мемлекеттен кейін кері байланыс мүмкіндігін, немесе екінші кері байланысты қалыптастырады. Әр азамат немесе әлеуметтік топ өздерінің мұқтаждықтарымен партияға немесе мемлекеттік құрылымдарға жүгіне алады. Бұл кері байланыстар бұл жағдайда бәсекелес болып табылады: біреуінен қаншалықты сигнал өтсе, екіншісі соншалықты сигналдан құр қалады. Бірақ, жалпы алғанда, екі кері байланыс та «азаматтық қоғам – партиялар – мемлекет» жүйесін тұрақтандырады. Кибернетикалық моделге сәйкес, партияның қоғамдағы басты функцияларының бірі осы.

Қазақстанның дамудың жаңа кезеңіне аяқ басқанынан кейін мемлекеттің қоғаммен кері байланыс арналарын, саяси процеске деген қоғамдық бақылауды нығайту міндеті


өзектелігін арттырады.

«Нұр Отан» партиясы Қазақстандағы жүйелік қайта құруларды жүзеге асырушыға, елдегі бұқаралық саяси жұмыстың тиімді тетігіне айналуы тиіс. Партия қоғамдағы әлеуметтік көңіл-күйді бағамдауды жүзеге асыруға, ықтимал қауіп аймақтарын айқындауға, диалогтық тетіктерді бірзділікпен қалыптастыру арқылы қоғам мен мемлекет арасындағы қатынастарды оңтайландыруға бағытталған ұсыныстар кешенін құруға мүмкіндік алады.

Осы тұрғыда «Нұр Отан» партиясы алдында биліктің Қазақстан халқы арасындағы кері байланыстың маңызды құралына айналу, және сонымен бір мезгілде партия басшылығы жүргізіп отырған саяси және экономикалық бағыттың жақтаушыларын жұмылдырушы тетік болу міндеті тұр. «Нұр Отан» партиясы, азаматтық қоғамды мемлекетпен байланыстыра отырып, олардың арасындағы қақтығыстардың алдын алуға, еңсеруге немесе жұмсартуға септігі тиюі керек (25-сурет).

25-сурет.

Вектор: саяси жанама функциясының күшеюі



«Нұр Отан» партиясы сайлаушылары білдірген сенімнің жоғары дәрежесін, ең алдымен, партияның сайлауалды платформасын жүзеге асыра отырып ақтау керек.



Ұлт жоспары біздің алдағы бесжылдық кезеңге арналған жаңа сайлауалды бағдарламамыздың өзегі болып табылады. Біздің ортақ мүддеміз - тұрақты, біртұтас және өсіп-өркендеген Қазақстан.

(Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясының XVII съезінде сөйлеген сөзі. 2016 жылғы 29 қаңтар).

Басқарушылық функциялар сайлаудағы жеңістен кейін, партиялар үкіметті жасақтауға қатысқанда немесе мемлекетті басқару жауапкершілігін өздеріне алғанда жүзеге асады. Бұл өз кезегінде партия ұсынған тұлғалардың жауапкершілігінен көрінеді. Сондықтан да «Нұр Отан» партиясы мемлекеттік билік органдарындағы өз өкілдерінің қызметін қадағалауы тиіс.

26-сурет.

«Нұр Отан» партиясының көшбасшылық мұраты

НҮРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ «НҮР ОТАН»
ПАРТИЯСЫНЫҢ XVII СЪЕЗІНДЕ

БІРЛІК, ТҰРАҚТЫЛЫҚ, ЖАСАМПАЗДЫҚ! –
ДЕГЕН МАҢЫЗДЫ ҮШ ҰҒЫММЕН ТҮЙІНДЕЛЕДІ

**БҰЛ БІЗДІҢ XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР
МЕН ТҰРАҚСЫЗДЫҚТАРҒА ЖАУАП!**

Алдағы бес жылға қойылған көшбасшылық мұратына сәйкес, сайлау аралық кезеңде партия алдында жаңа міндеттер қойылады.

Нұрсұлтан Назарбаев 2016 жылғы 29 қаңтарда «Нұр Отан» партиясының XVII съезінде сөйлеген сөзінде «Нұр Отан» партиясы көшбасшылығының жаңа моделін түйінде берді.

«Нұр Отан» партиясы қоғамның саяси жүйесінің тұрақты жұмыс жасауымен, Қазақстан халқын біріктірумен,

әлеуметтік, этностық, діни және басқа топтардың мүдделері мен қажеттіліктерін байланысты проблемаларды шешу ісінде маңызды рөл атқаруы тиіс.

«Нұр Отан» партиясы:

- саяси кеңістікті позитивті түрде құрылымдайды, ол онда қалыптасып келе жатқан орта тап сайлаушыларын және оған қатысты центристік сектордың саяси күштерін біріктіру функциясын атқарады;
- тұтастай алғанда партиялық жүйені тұрақтандырады, тұтастай, «себебі «Нұр Отан» ХДП биліктің айқындаушы тармақтарында да, сондай-ақ оның барлық деңгейлеріндегі абсолютті доминант ретінде партияның бағытын жүзеге асыруда оның бірлігін қамтамасыз етеді».⁵³



Сайлауалды бағдарламада көрсетілген мақсаттарды орындау жауапкершілігі партияның әрбір мүшесіне жүктелген. «Нұр Отан» партиясы - нақты істердің партиясы екендігін бұған дейін дәлелдегендей, алдағы уақытта да қуаттай түсетінімізге сенімдімін.

(Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясынан сайланған Парламен Мәжілісінің VI шақырылымы депутаттарымен кездесуде сөйлеген сөзі. 2016 жылғы 24 мамыр).

«Нұр Отан» партиясының Қазақстан халқы Ассамблеясымен тығыз байланысы, басқа саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдар арасынан одақтастар іздеу, сайлау кезінде сайлаушылар қолдауы үшін күрес ірі әлеуметтік-экономикалық және саяси проблемаларды шешкенде жалпыұлттық келісімді қалыптастыруға, септігін тигізеді, ұлтаралық келісім мен азаматтық бейбітшілікті нығайтады.

Мұның бәрі «Нұр Отан» партиясының ішкі саяси тұрақтылықты нығайту және саяси жүйені одан әрі демократияландыру жөніндегі негізгі бағыттарын айқындайды (27-сурет).

⁵³ Сейлеханов Е.Т. Политическая система Республики Казахстан: опыт развития и перспективы: монография. – КИСИ при Президенте РК, 2009. - С. 189.

27-сурет.

Партияның сайлау аралық кезеңдегі міндеттері

ПАРТИЯНЫҢ САЙЛАУ АРАЛЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ МІНДЕТТЕРІ

КОММУНИКАТИВТІ БАЙЛАНЫСТАР КӨМЕГІ
АРҚЫЛЫ БҰҚАРАЛЫҚ САНАДА ҮСТЕМ
ПАРТИЯНЫҢ ПОЗИТИВТІ БЕЙНЕСІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘЖІРИБЕСІН
ЖАЛҒАСТЫРУ

ПАРТИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІН
ДАМУ

Қорытынды

2007 жылғы реформа саяси кеңістіктің жаңа келбетін қалыптастырды, оған сәйкес биліктің өкілетті органы ретіндегі Парламенттің және мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы дәнекерлер ретіндегі саяси партиялардың рөлі күшейтіледі.

Қазіргі таңда «Нұр Отан» партиясы, мемлекеттік-құқықтық жүйенің шеңберінде нақты мүмкіндіктер алып, оның институттарын қолдана отырып, қоғамның саяси жүйесінің субъектілерінің және республиканың қоғамдық өмірінің қозғаушы күштерінің біріне айналды. Партия қызметіне жасалған талдаулар нәтижесі қазіргі таңдағы Қазақстанды демократияландыру жолымен дамытуға, демократиялық саяси режимді қалыптастыруға, нығайтуға және біріктіруге мүмкіндік болғанын растайды.

ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Қазақстан Республикасының саяси жүйесін реформалау кезеңдерін бөліп көрсетіңіз (тарихи-бағдарлы тәсілдеме негізінде).

2. 1990-шы жылдардың басындағы модернизациялық қайта құрулардың тарихи алғышарттары мен саяси жағдайларын атаңыз?

3. Қазақстан Президенті лауазымының бекітілу мерзімін атаңыз?

4. «Қазақ КСР-ның егемендігі туралы» Декларация қашан жарияланды?

5. Қазақстан Президентінің алғашқы бүкілхалықтық сайлауы қашан өткізілді?

6. 1991 жылғы 16 желтоқсанда қандай оқиға орын алды?

7. Қоғамдық өмірдің түрлі салаларын реформалауда 1993 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының рөлі қандай?

8. Қоғамның саяси жүйесінің модернизациялық өзгерістерін жеделдетуде 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының рөлі қандай?

9. Қазақстан Республикасында президенттік басқару жүйесінің рөлі қандай?

10. ҚР Заң шығарушы билігі жүйесін реформалау қалай жүзеге асты?

11. ҚР алғашқы екі палаталы Парламентінің сайлауы қашан болды?

12. 1990-шы жж. партиялық жүйенің қалыптасу ерекшеліктерін бөліп көрсетіңіз?

13. Парламенттің төменгі палатасына дауыс берудің аралас жүйесі бойынша сайлау алғаш рет қашан өтті?

14. 2002 жылғы «Саяси партиялар туралы» Заң партиялық-саяси қатынастар саласына қандай жаңалықтар әкелді?

15. «Нұр Отан» ХДП-сы қашан және қалай құрылды?

16. 2007 жылғы конституциялық реформаның ерекшеліктерін атаңыз?

17. ҚР Парламенті Мәжілісіне дауыс берудің пропорционалдық жүйесі бойынша сайлау алғаш рет

қашан өтті?

18. Қашан үшпартиялы ҚР Парламенті Мәжілісі қалыптасты?

19. Қазақстанның саяси жүйесін реформалаудың «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарында көрсетілген жолдарын айтып беріңіз?

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанда тәуелсіздіктің жиырма бес жылдық дамуындағы демократиялық жаңғыру барысында либералдық қоғамдық құрылыстың және демократиялық саяси жүйенің базалық негіздерін бекітіп берген маңызды институционалдық реформалар мен құрылымдық қайта құрулар жүргізілді. Саяси реформаларды кезең-кезеңмен жүзеге асыру стратегиясы қазақстандық қоғамға «өтпелі кезеңнің» қауіпті өткелдерінен сүрінбей өтуге мүмкіндік берді.

Қазақстандық жаңғырудың ерекшеліктері мен сипатты белгілері президенттік басқару формасының қалыптасуы мен сақталуынан, реформалардың кезең-кезеңмен жүзеге асырылуынан, қабылданған шешімдердің мұқият бағамдануынан, жалпыұлттық сұхбаттан және негізгі саяси күштерді біріктіруден көрініс тапты. Аталған жайттар топтаса келе саяси жүйенің тұрақтылығы үшін және қоғамның тұрақты дамуы үшін негіз қалады.

Қазақстандағы демократиялық жаңғыру динамикасының ерекшелігі – демократияға көшу күрделі саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайларда басталғанында, міне осы факторлардың әсерінен саяси қайта құрулар процесі кезең-кезеңмен жүзеге асырылу сипатына ие болды. Елдегі саяси тұрақтылықты сақтай отырып, дамудың демократиялық бағытының орнығуы 1990-шы жылдары бұл процестің басты қорытындысы болды. Қысқа мерзім ішінде бірпартиялық диктатурадан көппартиялық плюрализмге өту жүзеге асырылды. Азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, тәуелсіз БАҚ дамыту, азаматтық қоғам құрылымдарын қалыптастыру шынайы демократияландырудың көрсеткіштері болды.

Демократиялық жаңғыру процестерінің динамикасы Қазақстан таңдаған саяси жүйені ырықтандыру бағыты өзгермегенін көрсетеді. Жаңа идеялар мен тәсілдемелер енгізілуде, көбіне көрнекті рөл атқарып келген институттардың қызметі шынайы әрі нақты мазмұнмен толығуда.

Қазақстандағы демократиялық жаңғыру динамикалық үрдіс ретінде жалғасуда. Тәуелсіздіктің жиырма бес жылы бойына жүргізілген саяси реформалар ел Президенті Н. Назарбаев бастаған биліктің демократиялық даму бағытын ұстануға бекем бел бұғанын қуаттайды. Демократиялық реформалардың стратегиялық бағытын бекіту алдағы басым мақсаттар болып табылады.

ДЕРЕККӨЗДЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Ресми құжаттар, мақалалар және ҚР көрнекті қайраткерлерінің сөйлеген сөздері

1. Қазақ КСР Президентін тағайындау және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заң) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Заңы. 24 сәуір 1990 г. П.П.2. Ст.114.1; Б. IV.

2. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация 25 қазан 1990 ж. Б.7; Қазақ КСР мемлекеттік билік құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заң) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. ҚазКСР Заңы 20 қараша, 1990 ж. Б. I.1

3. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі қабылдаған «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық Заң.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 28 қаңтар 1993 ж. Ресми басылым. Алматы, 1993.

5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 ж. Ресми басылым. Алматы, 1993.

6. «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 15 шілде 2002 жыл. № 344-ІІ.

7. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства // Пять лет независимости. Из докладов, выступлений и статей Президента Республики Казахстан. Алматы: Казахстан, 1996.

8. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века – Алматы: Онер, 1996.

9. Казахстан-2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана. 10 октября 1997 года // Назарбаев Н.А. Стратегия независимости. – Алматы: Атамұра, 2003.

10. Назарбаев Н.А. О положении в стране и основных направлениях внутренней и внешней политики: Демократизация общества, экономическая и политическая реформа в новом столетии. Послание Президента

Республики Казахстан народу Казахстана // Казахстанская правда. – 1 октября 1998.

11. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999.

12. Назарбаев Н.А. Выступление на VI внеочередном съезде Республиканской политической партии «Отан» 12 марта 2004 года. - Избранные речи. Том IV. Книга 2. 2003-2005гг. – Астана: ИД «Сарыарка», 2010. – С. 200-201.

13. Назарбаев Н.А. Выступление на VIII внеочередном съезде Республиканской политической партии «Отан» 9 сентября 2005 года. - Избранные речи. Том IV. Книга 2. 2003-2005гг. – Астана: ИД «Сарыарка», 2010. – С. 526.

14. Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации. Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана // Казахстанская правда, 19 февраля 2005.

15. Послание Президента страны Н.Назарбаева народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире – стратегия очередного этапа развития страны». Астана, 28 февраля 2007 года // www.akorda.kz.

16. Назарбаев Н.А. Выступление на расширенном заседании политсовета Народно-демократической партии «Нур Отан» 17 января 2008 года. - Избранные речи. Том V. Книга 2. 2008-2009гг. – Астана: ИД «Сарыарка», 2010.

17. План нации – 100 шагов по реализации пяти институциональных реформ Н. Назарбаева // www.inform.kz/rus/article/2777943.

18. Материалы 16-го съезда партии «Нұр Отан» // Электронный портал партии: www.nurotan.kz.

19. Материалы 17-го съезда партии «Нұр Отан» // Электронный портал партии: www.nurotan.kz.

20. Сборник материалов семинара-совещания по вопросам партийного мониторинга реализации программных документов и работы с населением. – Астана, Школа политического менеджмента Партии «Нұр Отан», 2015.

Кітаптар, монографиялар, мақалалар

1. Almond A.G., Verba S. The Civic Culture: Political Attitudes and Democracy in Five Nations. Boston, 1963.
2. Sartori G. Parties and party systems. A framework for analyses. – Cambridge: University Press Cambridge, 1976.
3. Douverger M. Party politica and pressure groups. – N.V.: Crowell, 1986.
4. Арон Р. Демократия и тоталитаризм. Пер. с франц. – М.: Текст, 1993.
5. Джунусова Ж.Х. Республика Казахстан: Президент. Институты демократии: Монография. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996.
6. Зиманов С.З. Конституция и Парламент Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы. 1996.
7. Бижанов А.Х. Республика Казахстан: демократическая модернизация общества переходного периода. – Алматы: Онер, 1997.
8. Бурханов К.Н. Эволюция социально-политической системы Казахстана в XX веке: Автореф. дисс... доктора полит. наук. – Алматы, 1997.
9. Истон Д. Категории системного анализа политики // Антология мировой политической мысли / Отв. ред. Т.А. Алексеева. – М.: Мысль, 1997. Т.3.
10. Лейпхарт А. Демократия в многосоставных обществах: сравнительное исследование / Пер. с англ. Под ред. А.М. Салмина, Г.В. Каменской. – М.: Аспект Пресс, 1997.
11. Назарбаева Д.Н. Демократизация политических систем Содружества Независимых государств. – Алматы: Білім, 1997.
12. Сейдуманов С.Т. Феномен многопартийности в Казахстане. – Алматы, 1997.
13. Шабров О.Ф. Политическое управление: проблема стабильности и развития. – М.: ИНТЕЛЛЕКТ, 1997.
14. Булуктаев Ю.О., Чеботарев А.Е. Политические партии Казахстана. 1998 год. Справочник. – Алматы: Типография “Комплекс”, 1998.
15. Парсонс Т. Система современных обществ / Пер, с англ. Л.А. Седова и А.Д. Ковалева. Под ред. М.С. Ковалевой.

— М.: Аспект Пресс, 1998.

16. Политология. Учебник для студентов высших учебных заведений. Под общей редакцией А.Н.Нысанбаева. – Алматы: Акыл кітабы, 1998.

17. Автономов А.С. Правовая онтология политики: к построению системы категорий. – М.: ООО «Инфограф», 1999.

18. Кадыржанов Р. // Консолидация политической системы Казахстана: проблемы и перспективы. – Алматы: Институт философии и политологии МН ВО РК, 1999.

19. Даль Р. О демократии/ Пер. с англ. А.С.Богдановского; под ред. О.А.Алякринского. – М.: Аспект Пресс, 2000.

20. Котов А.К. Конституционализм в Казахстане: опыт становления и эффективность механизма власти. – Алматы: Издательство КазГЮА, 2000.

21. Машан М.С. Политическая система Казахстана: трансформация, адаптация, целедостижение. – Алматы: Центр политических исследований Казакстан даму институты, 2000.

22. Политические партии Казахстана. Год 2000. С.Дьяченко, Л.Кармазина, С.Сейдуманов. Справочник – Алматы: «Комплекс», 2000.

23. Чарльз Ф. Эндрейн. Сравнительный анализ политических систем. Пер. с англ. – М.: Издательство «Весь Мир», 2000.

24. Дьяченко С.А. Политический транзит в современном Казахстане. – Астана: Елорда, 2001.

25. Ертысбаев Е.К. Казахстан и Назарбаев: логика перемен. – Астана: Елорда, 2001.

26. Майлыбаев Б.А. Становление и эволюция института Президента Республики Казахстан: проблемы, тенденции, перспективы (опыт политико-правового исследования): Монография. – Алматы: Издательство «Арыс», 2001.

27. А. Нысанбаев, М. Машан, Ж. Мурзалин, А. Тулегулов. «Эволюция политической системы Казахстана» в 2-х томах. – Алматы: Главная редакция «Казак энциклопедиясы», 2001.

28. Алмонд Г., Пауэлл Дж., Стром К., Далтон Р. Сравнительная политология сегодня. Мировой обзор:

Учебное пособие / Под ред. М. В. Ильина, А. Ю. Мельвиля. – М., 2002.

29. Ашимбаев М.С. Политический транзит: от глобального к национальному измерению. – Астана: Елорда, 2002.

30. Касымбеков М.Б. Институт президентства как инструмент политической модернизации. – Астана: Елорда, 2002.

31. Категории политической науки. Учебник. – М.: Московский государственный институт международных отношений (Университет); «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2002.

32. Ашимбаев Д. Партия власти и партийная реформа // ЦентрАзия, 9 декабря 2002 г.

33. Хантингтон С. Третья волна. Демократизация в конце XX века / Пер. с англ. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2003.

34. Булуктаев Ю.О., Чеботарев А.Е. Политические партии Казахстана. 2004 год. Справочник. – Алматы: Типография «Комплекс», 2004.

35. Алияров Е.К. Информационная политика Республики Казахстан в условиях глобализации. – Алматы: Казак университеті, 2006.

36. История и теория политических институтов в определениях, логических схемах и таблицах: учебно-методическое пособие / Г.Я. Козлов; Ряз. гос. ун-т им. С.А. Есенина. – Рязань, 2006.

37. Рахимжанов А.М., Нурмагамбетов А.А. К вопросу о периодизации и содержании реформирования политической системы Казахстана // Казахстанский путь политического реформирования: Сб. мат-лов «круглого стола» (12 декабря 2007г.). – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2008. – С. 44-52.

38. Булуктаев Ю.О. Политический режим и посткоммунистическая трансформация: Теория. Методология. Практика: Монография. – ИМЭП при Фонде первого Президента РК, 2008.

39. Сейлеханов Е.Т. Политическая система Республики Казахстан: опыт развития и перспективы: монография. – КИСИ при Президенте РК, 2009.

40. Малиновский В.А. ЛИДЕР: президентская власть в Казахстане на рубеже эпох: Монография. – Астана: ТОО «Изд-во «Норма-К», 2012.

41. Партия «Нұр Отан» в потоке политической истории Казахстана. Учебное пособие. – Астана, 2016.155

ГЛОССАРИЙ

Билік – жеке тұлғалар немесе топ мүшелерінің белгілі бір мақсатқа жете отырып, әлеуметтік қатынастар ауқымында өзінің қызығушылықтарын ешқандай қарсылықтарға қарамастан жүзеге асыру. Биліктің ықпал ету ерекшеліктері (оның басқа да ықпал ету формаларынан өзгешелігі) оның мәжбүрлеуінде болып табылады.

Мемлекет – билік аппаратының көмегімен белгілі бір территорияда қоғамды басқару үшін құрылатын, қоғамның барлық тобына міндеттілік сипаттағы шешім қабылдайтын негізгі саяси институт. Мемлекет заң шығарушы органдар, атқарушы билік (үкімет), сот, полиция және қарулы күштер сияқты саяси құрылымдардың жиынтығын сипаттайды.

Азаматтық қоғам – қоғам өмірінің экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани саласында бастапқы сипатта ерікті түрде құрылған мемлекеттік емес құрылымдардың жиынтығы болатын әлеуметтік қауымдастық; бұл түрлі ассоциациялар мен жеке тұлғалардың жанжақты ерікті белсенділігі сипат беретін сала.

Демократия – азаматтарға саяси шешімдер қабылдауға және орталық және жергілікті билік өкілдерін таңдауға қатысуға құқық беретін қоғамдық-саяси жүйе.

Институт (лат. institutum – орнату, мекеме) – заң жүзінде немесе адамзат қауымдастығының дәстүрімен белгіленген қоғамдық ұйымдар құрылымы немесе іргелі формалардың жиынтығы.

Легитимділік (лат. legitimus – заңды) – әрекет етуші мемлекеттік биліктің заңдылығын, оның қызметі мен орнығуының (мұрагерлік, сайлау немесе басып алу) әдістері мен механизмін қоғамның және де негізгі саяси күштердің мойындауы.

Республика – қайнар көзі халық болып табылатын, билік органдарының мүшелері халықтық сайлау немесе жалпы ұлттық өкілетті құрылымдар (мысалы, парламент) арқылы құрылатын мемлекеттік құрылым түрі.

Әлеуметтік институт – адамдардың бірігіп қызмет ететін тарихи сипаттағы құрылған тұрақты ұйымның түрі.

Қоғам – экономикалық, саяси, құқықтық, моральдық және басқа да қатынастар жиынтығының кешені болып табылатын әлеуметтік институттар жүйесі.

Негізгі әлеуметтік институттар: жекеменшік, отбасы, мемлекет, ғылым, бұқаралық ақпарат құралдары, білім және т.б.

Институционализация – 1) кез келген жаңа қоғамдық институттардың құрылуы; 2) әртүрлі сипаттағы әлеуметтік қатынастардың құқықтық және ұйымдық тұрғыда бекіту.

Жүйе (гр. *systema* – тұтас, бөліктерден құрылған; *birigiu*) – тұтас бір құрылымға бірігетін, бір-бірімен заңды сипатта байланысқан көптеген элементтер (заттар, құбылыстар, үрдістер және т.б..).

Құрылым (структура) (лат. *structura* – орналастыру, реттеу) – 1) кез келген заттың негізгі бөліктерінің өзара орналасуы мен байланысы; 2) жүйелік теорияда – жүйенің элементтері арасындағы бірыңғай және тұрақты қарым-қатынастар желісі, элементтердің әр түрлігімен әсіресе оның жүйені тұрақты сақтап тұрудағы рөлімен сипатталады.

Функция (лат. *functio* – атқару) – 1) жүйенің кез келген элементінің тұтастық құрудағы рөлі; 2) бір жүйе ішіндегі қандай да болсын элементтердің (және олардың ахуалының) арасында байланыс орнататын заңдылық; 3) жүйе элементінің оның құрылымдағы орнына сәйкес орындайтын әрекеттер («міндеткерліктер») кешені; 4) сыртқы және ішкі ортаның түрлі ықпалына қарсы жүйенің тұрақтылығын сақтауға бағытталған (дисфункциядан айырмашылығы) элементтердің жағымды реакциясы

Эволюция (лат. *evolutio* – өрістету) – (1) сапалық-сандық өзгерістер (революциядан айырмашылығы) әрекетінде сапалық анықтамаларды сақтай отыра, секірістер мен үзілістерді болдырмау арқылы бірінен соң біріне өтетін үздіксіз біркелкі өзгерістер нәтижесінде орын алатын құбылыстың немесе үрдістің дамуы.

**Саяси жүйе: теориялық аспектілері және
Қазақстан тәжірибесі**

Оқу құралы

Қазақ тіліне ауд. – Тулебаева М.К.
Дизайнер және беттеуші – Матюк А.В
Корректор – Тулебаева М.К.

